



ЕНБЕК

СЫР ЖЫЛНАМАСЫ

ӘЛ ФАРАБИ - 1150

Н.БЕКЖАНОВ – 130

3 “ТАҢ”
атты ауылда...

4 Ғұмыр мен
тұғыр

6 Мәңгілік кемеңгер
мәртебесі

12 Жыр алыбы
сыйлаған домбыра

● ПРЕЗИДЕНТ

КЕҢЕЙТІЛГЕН АЛҚА ОТЫРЫСЫ

Президент Қасым-Жомарт Тоқаев Ұлттық қауіпсіздік комитеті алқасының кеңейтілген отырысын өткізді. Мемлекет басшысы өткізген жиынға Ұлттық қауіпсіздік комитеті орталық аппаратының және аймақтық бөлімшелерінің басқарушы құрамы қатысты.

Жиын алдында Қасым-Жомарт Тоқаев қызметтік міндеттерін атқару кезінде қаза болған ҰҚК органдары қызметкерлерін еске алуға арналған стеллага гүл шоқтарын қойды. Сондай-ақ ҰҚК орталық аппаратының 2017 жылы қайта жөндеуден өткен музейіндегі Тәуелсіздік алған сәттен бергі Комитеттің даму тарихын камтитын экспозицияны көрді.

Отырыс барысында Қазақстан Президенті ҰҚК Төрағасы Кәрім Мәсімовтің баяндамасын, Комитеттің құрылымдық және аймақтық органдары басшыларының есебін тыңдады. Жиын соңында Мемлекет басшысы Ұлттық қауіпсіздік жүйесін одан әрі жетілдіру мақсатында бірқатар нақты тапсырма берді.

● ПАРЛАМЕНТ

АҚШ ЕЛШІСІМЕН КЕЗДЕСТІ

Парламент Сенатының Төрағасы Мәулен Әшімбаев АҚШ-тың Қазақстандағы Төтенше және Өкілетті елшісі Уильям Мозермен кездесті. Кездесу барысында тараптар екі ел арасындағы экономикалық, әлеуметтік-мәдени және саяси қарым-қатынас мәселелері бойынша пікір алмасты.

Сенат Төрағасы ел Президенті Қ.Тоқаевтың саяси реформаларын заңнамалық қамтамасыз етуге бағытталған палатаның жұмысына тоқталып, Мемлекет басшысының жаңғыртылған жалпы күн тәртібін сөз етті.

Сондай-ақ, Мәулен Әшімбаев Қазақстанның демократиялық үдерістерді дамытуды жалғастыруға ниетті екеніне баса мән беріп, екі елдің парламент өкілдері арасындағы ынтымақтастықты одан әрі нығайту қажеттігін атап өтті.

● ҒАСЫРЛЫҚ ФИБРАТ

ЖҮЗ ЖАСТАҒЫ ЖАРҚЫН БЕЙНЕ

Соғыс және еңбек ардагері, «Қызыл Жұлдыз», «Отан соғысы», «Еңбек Қызыл Ту», «Күрмет Белгісі», «Күрмет» ордендерінің иегері, Сыр елінің елеулі есімі Бөрібай Құрманов бүгін 100 жасқа толып отыр.



Бөрібай ағамыз 1920 жылы Сыр мен қырдың арасында көшіп-қонып жүрген малшының отбасында дүниеге келген.

7-бет.

● ЕЛБАСЫ

«ҚОР ТӘЖІРИБЕСІН БАСҚА ҚҰРЫЛЫМДАР ДА ҚОЛДАНУЫ КЕРЕК»

Қазақстанның Тұңғыш Президенті-Елбасы Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаевтың төрағалығымен «Самұрық-Қазына» Ұлттық әл-ауқат қорын басқару жөніндегі кеңестің отырысы өтті.

Отырысты ашқан Нұрсұлтан Назарбаев «Самұрық-Қазына» қоры ел дамуында маңызды рөл атқаратынын атап өтті.

Жиын барысында ҚР Премьер-Министрі А.Амининің, «Самұрық-Қазына» ұлт-

тық әл-ауқат қоры» акционерлік қоғамының басқарма төрағасы А.Есімовтің, «Қаз-мұнайгаз» ұлттық компаниясы» акционерлік қоғамының басқарма төрағасы А.Айдарбаевтың, «Қазақстан

темір жолы» ұлттық компаниясы» акционерлік қоғамының басқарма төрағасы С.Мынбаевтың баяндамалары тыңдалды. Кеңес қорытындысы бойынша Елбасы «Самұрық-Қазына» басшылығының дағдарысқа қарсы қабылдаған шараларының нәтижесін атап өтіп, бұл тәжірибені басқа да құрылымдарда қолданудың маңыздылығына тоқталды.

– Қор басшылығы дер кезінде қабылдаған шараларды қолдаймын. Олар өз тиімділігін көрсетті. Дағдарыс кезінде мемлекет экономиканы қолдау үшін Ұлттық қордан қыруар қаржы бөлді. Алайда осы жағдайда «Самұрық-Қазына», керісінше, Ұлттық қорға 100 млрд тенге бағыттады, – деді Қазақстанның Тұңғыш Президенті.

МЕРЕКЕЛІ КҮННІҢ МЕРЕЙЛІ ШАПАҒЫ



Суреттерді түсірген Н.НУРЖАУБАЙ.

Қазақстан Республикасының Мемлекеттік рәміздер күні облыс орталығында мерейлі шарамен сабақтастық құрды. Осы күні облыс әкімі Гүлшара Әбдіқалықова кезекте тұрған 180 отбасыға пәтер кілтін табыстады. Дарияның сол жағалауынан тұрғызылған жаңа қаладан «Нұрлы жер» бағдарламасы аясында тағы да төрт үй пайдалануға беріліп, баспаналы болған тұрғындар қуанышқа кенелді.

Сб Ержан ҚОЖАСОВ,
«Сыр бойы».

Пәтер кілтін алған тұрғындар арасында әлеуметтік осал топтағы және көпбалалы отбасылар бар.

– Тәуелсіз еліміздің елдігін, мемлекетіміздің мәртебесін айқындайтын басты құндылықтарымыз – Мемлекеттік рәміздер күні мерекесінде сіздермен қуаныштарыңызды бөліскелі тұрмыз. Кейінгі үш жылда «Нұрлы жер» тұрғын үй құрылысы мемлекеттік бағдарламасы аясында облыс бойынша тұрғын үйлердің құрылысына 45,4 млрд теңге бөлінді. Нәтижесінде 398 мың шаршы метрді құрайтын 141 көпқабатты тұрғын үй пайдалануға берілді. Демек, соңғы 3 жылда 5 мыңға жуық отбасы жаңа пәтерге ие болды. 20 мыңнан астам тұрғын баспанамен қамтамасыз етілді. Биылдың өзінде өңірімізде 1186 пәтерді құрайтын 81 тұрғын

үйдің құрылысы жүргізілуде. Бүгін, міне, сол жағалауда жаңа тұрғын үйді пайдалануға береміз! Қоныстарыңыз құтты болсын! – деді облыс әкімі.

Облыс басшысы жаңа баспанаға ие болған Өтеповтер отбасының шаңырағында болды. «Алтын алқа» иегері, көпбалалы ана Алмагүл Өтепова өңір басшысына қоныстанушы тұрғындар атынан алғыс білдірді. Сондай-ақ алты баланы өмірге әкелген Гүлзат Мереева тілшілермен өз қуанышын бөлісті.

Бүгін жаңа пәтердің кілтін алып қуанышқа бөленудеміз. Он жылдан аса кезек күтіп, жалдамалы пәтерде тұрып келдік. Мемлекет тарапынан көпбалалы отбасыларға көрсетіліп жатқан барлық қолдауға алғыс айтым келеді. Елбасымыз бен Мемлекет басшысына және облыстағы басшыларымызға

ризашылығымды жеткіземін. Қуанышты күндер көп болсыншы, – деді ол.

Аталған үйлер жеке кәсіпкерлердің қаражатына салынған. Облыстық құрылыс, сәулет және қала құрылысы басқармасы басшысының міндетін атқарушы Арнұр Нұрмағанбетовтың айтуынша, жауапты мердігерлерден республикалық бюджет арқылы сатып алынған бұл үйлер тұрғындарға кезек бойынша беріліп отыр. Ал мердігер компания өкілдерінің айтуынша, құрылысқа қажетті заттардың 80 проценті жергілікті жерден шыққан.

– Жоба бойынша үйлерді сапалы әрі уақытылы бітіріп отырмыз. Мұнда екі және үш бөлмелі пәтерлер бар. Жалпы 7 үйді тұрғызып, төртеуін тапсырдық. Алда тағы үш үйді жылдың аяғына дейін бітіретін боламыз, – дейді «Дәнекер» құрылыс компаниясының директоры Әбдімәжит Жансакалов.

Айта кету керек, тапсырылған төрт үйді облыстағы «Абу-Сер», «Дәнекер», «Техоснастка Ремсервис» және «Интергострой» сияқты белді құрылыс компаниялары салған. Пайдалануға берілген үйлердің жалпы ауданы 11 749 шаршы метр.

Шара соңында облыс әкімі БАҚ өкілдеріне шағын сұхбат берді.

– Бүгін мерекеге сәйкес аймақта түрлі шаралар өтуде. Соның бірі – көпбалалы отбасылардың баспаналы болуы. Облыс бойынша 26 мың көпбалалы отбасы болса, оның ішінде үш жарым мың отбасы үй кезегінде тұр. Соңғы үш жылда түрлі бағдарлама аясында 5 мыңдай отбасы тұрғын үймен қамтылды. Жалпы биыл мыңнан астам отбасы баспаналы болады деп жоспарлап отырмыз, – деді облыс басшысы.

Кейінгі үш жылда пайдалануға берілген 141 көпқабатты тұрғын үйдің сол жағалауда орын тепкен жаңа қаладағы үлесі 620 пәтерлік 13 көпқабатты арендалық баспана. Сондай-ақ неси бағдарламасы бойынша 240 пәтері бар 4 көпқабатты тұрғын үй тапсырылған. Ал, жеке құрылыс компаниялары есебінен 604 пәтерлі 14 көпқабатты тұрғын үй ел игілігіне пайдалануға берілді.

Жыл соңына дейін 680 пәтерді құрайтын арендалық 14 көпқабатты үйдің және неси бағдарламасы бойынша 590 пәтері бар 13 тұрғын үйдің құрылысы аяқталады деп жоспарланып отыр. Бұған қоса, жеке инвесторлардың қаражатына 86 пәтерлік 2 көпқабатты тұрғын үйдің құрылысы жүргізілуде.

● ИНДУСТРИЯЛЫҚ-ИННОВАЦИЯЛЫҚ ДАМУ

ИНДУСТРИЯЛЫҚ ЖОБАЛАР ИГІЛІГІ

«Бизнестің жол картасы-2020» бағдарламасы аясында индустриялық аймақ құру үшін Арал қаласының солтүстік-шығыс бөлігінен 10 гектар жер телімі бөлінген еді. Осылайша, мемлекет кәсіп иелерін қолдауды осыдан бірнеше жыл бұрын бастады. Нақты кезеңде аталған өндірістік аймақта жалпы құны 1 773,3 млн теңгені құрайтын 3 жоба жүзеге асырылуда.

Сб Дәуіржан ЕЛІУБАЕВ,
«Сыр бойы».

Алматылық «Qazaq Camel» ЖШС түйе сүтінен жылына 130 тоннаға дейін құрғақ ұнтақ өндіретін, құны 1,53 млрд

теңгені құрайтын жобаны іске асыруды бастады. Жоба өңірлік индустриялық картаға енгізілген. Аймақтық үйлестіру

кеңесінен оң қорытынды алғаннан кейін серіктестікке Аралдағы индустриялық аймақтан 1 гектар жер телімі тегін берілді. Алматылық іскер жігіт әуелде кәсіпорында 25 адамды тұрақты жұмыспен қамтып, жылына 300 тонна құрғақ сүт өндіремін деп жоспарланған екен. Аудан аумағындағы түйе санын есепке алған ол енді кәсіпорын қуаттылығын 5 есеге ұлғайтуды көздеп отыр. Яғни, кәсіпорын жыл көлемінде 130 мың тонна құрғақ сүт ұнтағын өндіретін болады. Алдағы уақытта 150 адам жұмыспен

қамтылады деп жоспарлануда.

Қазіргі таңда 660 шаршы метрді құрайтын кәсіпорын ғимаратының іргетасын құю жұмыстары жалғасуда. Бұл жұмыс 25 мамыр күні басталған. Ғимарат қабырғасы сендвич панельден тұрғызылатын болады. Қажетті құрал-жабдықтар көршілес мемлекеттен жеткізіледі. Серіктестік директоры Нұғырбек Абулғазиннің айтуынша, тоназытқышпен жабдықталған бірнеше арнайы көлік түйе сүтін зауытқа жеткізеді.

2-бет.



БІР ТӘУЛІКТЕ 15 ДЕРЕК ТІРКЕЛДІ

Кеше аймақта коронавирус инфекциясын жұқтырғандар саны 480-ге жетті. Ал сауығып шыққандар саны – 280. Бұл туралы өңірлік коммуникациялар қызметінде өткен брифингте облыстық денсаулық сақтау басқармасының басшысы Жақсылық Әбдусаметов хабарлады.

– Соңғы тәулікте 15 дерек тіркелді. Оның 11-і індет жұқтырғандармен байланыста болса, төртеуі скринингтен анықталды, – деді ол. Сондай-ақ, осы кезге дейін вирус жұқтырған-

дармен байланыста болған 5121 азамат анықталды. Оның 2923-і жасын қарым-қатынаста, 2198-і жанама байланыста болған.

«СБ» ақпарат.



www.facebook.com/syrboyi.kz/



https://twitter.com/syrboyi



www.instagram.com/syrboyikz



ҚАБЫЛДАУ

Байтақ Тұрсынбаевпен кездесті

Кеше облыс әкімі Гүлшара Әбдіқалықова облыстық мәнерлеп сырғанау және спорт-трек федерациясының төрағасы Байтақ Тұрсынбаевпен кездесті деп хабарлайды облыс әкімінің баспасөз қызметі.

Басқосуда мәнерлеп сырғанаудан Қазақстан Республикасының еңбек сіңірген спорт шебері, ересектер арасында 3 дүркін Қазақстан чемпионы Элизабет Тұрсынбаеваның атынан өңірде мәнерлеп сырғанаудан халықаралық жарыс өткізу мәселесі талқыланды.

«Элизабет – біздің мақтанышымыз. Мәнерлеп сырғанау спорт түрінен Қызылорда облысын ғана емес, Қазақстанды әлемге танытып жүрген дарынды спортшымыз. Ұсынысыңызды қарастырамыз. Өздеріңіз білетіндей, әлемді жаулаған індетке байланысты қазіргі уақытта көпшілік шаралар, жарыстар өткізуге рұқсат жоқ. Алдағы уақытта бұл мәселе назарда болады» делі облыс әкімі.

Кездесуде Байтақ Тұрсынбаев облыс әкіміне көтерген мәселеге қолдау білдіргені үшін алғыс айтты.

Еске салайық, Элизабет Тұрсынбаева 2000 жылы 14 ақпанда дүниеге келген. 2005-2011 жылы Москва қаласының «Москвич» эксперименттік жоғары спорт шеберлігі мектебінде тәлім алып, 2019 жылы Нұр-Сұлтан қаласындағы Қ.Мұңайтпасов атындағы олимпиада резервінің республикалық мамандандырылған мектеп-интернат колледжін бітірген. Ол халықаралық турнирлердің бірнеше дүркін жеңімпазы және жүлдегері. 2019 жылы Жапонияның Сайтама қаласында өткен Әлем чемпионатының күміс жүлдегері.

Жастар құндылығы сөз болды

Кеше облыс әкімі Гүлшара Әбдіқалықова Темірбек Жүргенов атындағы қоғамдық қордың төрағасы Сөпен Аңсатовты қабылдады деп хабарлайды облыс әкімінің баспасөз қызметі.

Кездесу барысында С.Аңсатов жастарға отбасы құндылығын насихаттайтын кешенді жоспар дайындауды және Алаш ардақтысы Темірбек Жүргеновке арналған көркем фильм түсіру мәселесін көтерді.

Облыс әкімі ішкі саясат басқармасы басшысына жастарға отбасы құндылығы, бала мен ата-анаға деген құрметті дәріптейтін кешенді бағдарлама әзірлеуді жүктелді. Сонымен қатар, Темірбек Жүргеновке арналған көркем фильм мәселесін сала мамандарымен ақылдасатынын айтты.

Сөпен Аңсатов 1974 жылы Қызылорда қаласындағы «Комсомо́л» совхоз техникумын техник-механик, 1984 жылы Жамбыл су шаруашылығы құрылысы институтын инженер-механик мамандықтары бойынша тәмамдаған.

Еңбек жолын 1958-1976 жылдары Жосалы механикалық зауытында токарь болып бастап, слесарь, мастер, механикалық цех бастығы, комсомол, кәсіподақ ұйымдарының жетекшісі, 1977-2000 жылдары Қызылорда ағаш өңдеу, силикат қабырғалық материалдар зауытында, мұнай базасында директор, «Қызылордамұнайөнімдері» акционерлік қоғамының вице-президенті, «Сырдариямұнайөнімдері» акционерлік қоғамының президенті қызметтерін атқарған. 2013 жылдан бері «Темірбек Жүргенов атындағы қоғамдық қор» директоры.

ОБЛЫС ӘКІМДІГІНДЕ

Президент тапсырмасы тиімді жүзеге асуы тиіс

Кеше облыс әкімі Гүлшара Әбдіқалықованың төрағалығымен Ұлттық бірыңғай тестілеуді ұйымдастыру мен өткізу бойынша мәжіліс өтті. Эпидемиологиялық жағдайға байланысты білім саласы 4-ші оқу тоқсанын қашықтан оқыту форматында аяқтады.

3-4 маусым күндері барлық мектепте оқушыларға аттестат тапсыру шарасы өтті. Өңір басшысы білім саласына қатысты бірқатар тапсырма берді деп хабарлайды облыс әкімінің баспасөз қызметі.

«Біздің алдымызда Ұлттық бірыңғай тестілеуді жоғары деңгейде ұйымдастыру және әжет-ханаларды ғимарат ішіне көшіру міндеті тұр. Күн тәртібіндегі бұл маңызды мәселелерді мерзімінде жүзеге асыру барлық жауапты тұлғалардың басты назарында болуы тиіс. Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Кемелұлы Тоқаев білім сапасын жақсарту және бала қауіпсіздігін қамтамасыз ету мәселесіне ерекше мән беріп отыр. Президент тапсырмасынан туындайтын негізгі міндеттердің аймақта жүзеге асырылуын қамтамасыз етуіміз керек», – деді облыс әкімі.

ҰБТ 20 маусым - 5 шілде аралығында 9 тестілеу пунктінде өткізіледі. Атап айтқанда, Арал, Қазалы, Жосалы, Ақай, Жалағаш, Шиелі, Жаңақорған ауданы орталықтары мен Қызылорда қаласында Қорқыт ата университетінің ғимараты мен «Мұрагер» мектебінде ұйымдас-тырылады. Осы оқу жылында білім ұясын 6059 түлек бітіреді. Тестілеуге 5230

бітіруші, яғни 86% қатысуға тіркелген. Оның ішінде 547 оқушы «Алтын белгі», 354 оқушы «Үздік аттестат» иегері болады деп күтілуде. Жиында облыс әкімінің орынбасары Наурызбай Байқадамов ҰБТ-ға дайындық барысы мен балалар қауіпсіздігіне қатысты мектеп әжетханаларын ғимарат ішіне көшіру мәселесі туралы баяндады.

Облыстағы тестілеу пункттері талапқа сәйкес жабдықталған. ҰБТ өткізу барысында санитарлық шектеу шаралары қатаң сақталады. Түлектерді кіргізу және аудиторияларға жайғастыру барысында 2 метр әлеуметтік қашықтық сақталады. Тестілеу маскалық режимде өтеді. Қатысатын 1449 талапкер тасымалданады. 532 түлек жатын орынмен қамтамасыз етілсе, 1581 бала тамақтандырылады.

Быыл Ұлттық бірыңғай тестілеуге байланысты бірқатар өзгерістер енгізілді. Атап айтқанда, педагогика мамандығы бойынша шекті балл 70 баллға көтерілді, мемлекеттік гранттар оқыту тіліне қарамастан

тағайындалады, тестілеу уақыты 4 сағатқа ұзартылды және калькулятор пайдалануға рұқсат берілді. Сонымен қатар, тестілеуде бақылау күшейтіледі. Смартфондар, телефондар, гаджеттер, қағаз жазбаларына тыйым салынған. Аталған заттар табылған жағдайда бітірушілер тестілеуге жіберілмейді. ҰБТ-ны өткізу барысына сыбайлас жемқорлыққа қарсы агенттігінің арнайы мониторингтік тобы бақылау жүргізеді және онлайн түрде «Digital Agen» қосымшасы арқылы таратылады. Ал, сертификаттар мен грант иелену куәлігі электронды форматта беріледі.

Сонымен қатар, облыс бойынша 293 мектептің 65-інде әжетхана ішінде, 137 білім ұясының ғимараты ішінде және ауаларында орналасқан. Ал, қалған 91 мектепте әжетхана тек ауласында ғана бар. Мәселені толық шешу үшін жобасметалық құжаттар дайындалуда. Алдағы уақытта балалар қауіпсіздігін қамтамасыз ету мақсатында барлық мектептерде әжетханалар ғимарат ішіне көшіріледі.

Айта кету керек, облыста «Ауыл – ел бесігі» бағдарламасы бойынша 4 мектеп, «Жұмыспен қамтудың Жол картасы» бойынша 15 мектеп күрделі жөндеуден, 11 мектеп Жол картасымен ағымдағы жөндеуден өтеді. Осы мақсатта 3,6 млрд теңге қаражат бөлінген.

«СБ» ақпарат.

Мемлекеттік рәміздер – тәуелсіз еліміздің бірлігін, дербестігін айшықтайтын құндылық. 1992 жылғы 4 маусымда Қазақстанның мемлекеттік рәміздері алғаш рет бекітілді. Сол уақыттан бері ел тарихында рәміздер күні жоғары деңгейде тойланып келеді.

Айбынымызды айшықтаған күн

Мерекеге орай Қорқыт ата атындағы Қызылорда мемлекеттік университетінде «Мемлекеттік рәміздер – мақтанышымыз!» атты шара өтті. Онда университет ректоры Бейбітқұл Каримова қатысушыларды айтулы мерекемен құттықтап, еліміздің көк туын әлемдік аренада желбіретіп, көкке көтеріп жүрген бірқатар спортшыларды марапаттады.

Шараның басты қонағы – университет түлегі, ауыр атлетикадан Қазақстанның еңбек сіңірген спорт шебері, зілтемірден әлемнің төрт дүркін чемпионы Илья Ильинге Қорқыт ата атындағы «Алтын медальді» табыстады.

Ал шахматтан 3 дүркін Әлем чемпионы, 7 дүркін Азия чемпионы Әсел Серікбай, қаратәдо киокушинкай-каннан Әлем және Азия чемпионы Айбек Шаукилов, парадзюодан Әлем чемпионы Олжас Оразалыұлы, таэквондодан Қазақстан Республикасының бірнеше дүркін чемпионы, X жазғы Универсиаданың жеңімпазы Жандос Орынбек, дзюодан Азия чемпионы, X жазғы Универсиаданың қола жүлдегері Нұрлыхан Шархан Қорқыт ата атындағы Қызылорда мемлекеттік университеті ректорының алғыс хатымен марапатталды.

Шара барысында марапат иелері университет ректорымен бірге еліміздің Әнұранын орындады. Кеш соңында зілтемірші Илья Ильин мен «Nur Otan» партиясы «Тұран» филиалы төрағасының бірінші орынбасары Есенжол Назаров шараға қатысушыларды мерекемен құттықтап, алғыстарын жеткізді.

Сондай-ақ, 1 қыркүйектен бастап университеттің барлық академиялық оқу топтарында сабақтар мемлекеттік Әнұраннан басталатын болды. Соған орай оқу ғимараттарына соңғы үлгідегі дыбысқұшейткіш құралдар орнатылды.

Дәл осы күні Назарбаев зияткерлік мектебінің ұжымы да өңірде бастау алған патриоттық акцияға үн қосып, бір мезетте Әнұран орындаса, Сыр жастары тәуелсіз еліміздің нышаны – рәміздерімізге деген сүйіспеншілік сезімді ояту мақсатында автошеру ұйымдастырып, қала орталығындағы көшелерде көк Туымызды алып жүрді.

«СБ» ақпарат.

Индустриялық жобалар игілігі

Ол қондырғыда сүт ұнтағына айналдырылып, экспортқа шығарылады. Жалпы, жоба осы жылдың қыркүйек айында пайдалануға беріледі деп күтілуде.

Өндірістік аймақта мұнан басқа 2 кәсіпорын қалыпты жұмыс істеп тұр. Жергілікті «Берекет» ШҚ «Ет және ет өнімдерін өндіру» жобасын жүзеге асыруды 2016 жылдың соңында бастады. Белгілі кәсіпкер Күнтуар Жайназаров қолға алған жобаның құны – 38,3 млн теңгені құрайды. Оған да индустриялық аймақтан 1 гектар жер телімі тегін табысталған. Қазіргі таңда 11 адамды жұмыспен қамтыған кәсіпкер жылына 550 тонна ет өнімдерін шығарып отыр.

Аталған индустриялық аймақта жүзеге асырылған келесі жобаның атауы – «Қаптама кірпіш

өндіру» жобасы. Оның құны – 131,5 млн теңге. Мұны «Жаңа Арал» ЖШС қолға алған. Жоба бастамашысы Мейрамбек Жұмашевқа өндірістік аймақтан 4 гектар жер телімі бөлінген еді. Кәсіпорын 2017 жылдың тамыз айында іске қосылды. Жергілікті тұрғындардан 20 адам жұмыспен қамтылған. Нақты кезеңде кәсіпорын қаптама кірпіш шығарып, еліміздің өзге аймақтарына жөнелтуде. Бұдан бөлек, кәсіпкер ас тұзынан техникалық тұз өңдеп шығаруда. Сондай-ақ, «Жүн және теріні алғашқы өңдеу» жобасын жүзеге асыруды жоспарлап отыр. Бастысы, бұл жобалар жаңа жұмыс орнын ашуға сеп болмақ.

Айта кетейік, өндірістік аймаққа инфрақұрылым жүйелерін жеткізу үшін 2013 жылдың соңында Арал аудандық бюджетінен 4,2 млн теңге қаражат бөлінген-ді. Келесі жылдың сәуір айында инфрақұрылым

жүйелерін жеткізу үшін республикалық бюджеттен 191,9 млн теңге, жергілікті бюджеттен 16,6 млн теңге, барлығы – 208,5 млн теңге қаржы қаралды. «Қазалықұрылыс» ЖШС сол жылдың қазан айында инфрақұрылым жүйелерін жеткізу жұмыстарын аяқтады. Ал 2016 жылдың шілде айында индустриялық аймақ облыстық құрылыс, сәулет және қала құрылысы басқармасынан Арал қаласы әкімдігінің теңгеріміне өткізілді.

Еске сала кетсек, биылғы жылдың басында Үкімет қаулысымен Индустриялық-инновациялық дамытудың 2020-2025 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы бекітілді. Индустрияландырудың үшінші бесжылдығы аясында облыста 2025 жылға дейін жалпы құны 551, 2 млрд теңге болатын 23 жобаны іске асыру көзделіп отыр. Осы арқылы 6400 жаңа жұмыс орны ашылады деп күтілуде.

БРИФИНГ

Қалашықтар зерттеледі

Бүгінде облыс көлемінде 545 тарих және мәдениет ескерткіші есепке алынған. Оның 134-і археологиялық ескерткіш саналады. Өңірлік коммуникациялар қызметінде өткен брифингте облыстық мәдениет, архивтер және құжаттама басқармасының басшысы Мира Әбуова осы бағытта атқарылып жатқан жұмыстарды айтып берді.

Соңғы жылдары ғылыми зерттеудің жаңа жүйесі қалыптасып, археологиялық жәдігерлер табылып, зерттелуде. Аймақта алғаш рет 2014 жылы облыс бюджетінен Шірік-Рабат, Сығанақ, Жанкент кейіннен Сортөбе, Қышқала, Бөбіш мола қала-

шықтарына археологиялық зерттеу жұмыстары жүргізілді. Табылған 6486 экспонат музей қорында сақтаулы. Облыс әкімдігі тарапынан зерттеу жұмыстарымен қатар, ескерткіштердің инфрақұрылымын жетілдіруге назар аударылды. Респуб-

ликалық манызы бар Сығанақ, Жанкент қалашықтары қорғау аймақтары бойынша қоршалып, стеллалар бой көтерді. Алтын Орданың 750 жылдығы аясында хандықтың Сыр өңіріндегі экономикасы мен мәдениеті дамыған ескі қалаларында қазба жұмыстары жүргізіледі.

Биыл 6 ескерткіш, қалашыққа археологиялық қазба жұмыстары басталады. Өткен жылы қабылданған «Тарихи-мәдени мұра объектілерін қорғау және пайдалану туралы» Заңға сәйкес, Мәдениет және спорт министрінің бұйрығымен зерттеу жұмыстарына бақылау шаралары мен талаптар күшейтілді.

Жыл соңына дейін 22 нысан

Өңірлік коммуникациялар қызметінде өткен брифингте облыстық құрылыс, сәулет және қала құрылысы басқармасы басшысының міндетін атқарушы Арнұр Нұрмағанбетов «Жұмыспен қамту жол картасы – 2020» бағдарламасы аясында атқарылатын жұмыстар туралы айтып берді.

Биыл бағдарлама аясында 5 нысанның құрылыс-монтаж жұмыстарын жүргізу жоспарланған. Оған бюджеттен 1383,9 млн теңге қаржы бөлінді. Мемлекеттік сатып алу конкурстары аяқталды. Құрылысты бастауға рұқсат берілді. Жұмыспен қамту орталығына 1 нысанға жұмысшы алуға өтінім беріліп, нәтижесінде 5 жұмысшы қабылданды. Енді 4 нысан құрылысына қажет маманды табу үшін орталықпен бірлесіп жұмыс атқаруда. 2020 жылы 30 нысанның құрылысын жүргізуге бюджет есебінен тиісті қаражат бөлінген. Пайдалануға дейін 22 нысанның құрылысы аяқталып, пайдалануға берілмек.



Аралдағы блок-бекеттерде

Арал ауданындағы эпидемиологиялық ахуал күрделі жағдайда. Осыған орай өткен айдың соңында, дәлірек айтсақ, 31 мамыр күні ауданның бас мемлекеттік санитарлық дәрігерінің №9 қаулысы шықты. Индеттің таралуын тежеу, алдын алу мақсатында қабылданған құжатта көп шектеулермен қатар блок-бекеттердің де жұмысы қайта күшейтілді.

СБ Ержан ҚОЖАСОВ, «Сыр бойы».

Қаулыда айтылғандай, аудан көлемінде COVID-19 сырқаттанушылық деңгейінің 7 күн ішінде 0%-тен 36,6%-ке өсім алуына байланысты эпидемиологиялық ахуал тұрақтанғанша, 5 тосқауыл бекетінің жұмысы әзірге тоқтамайды. Олар – Арал қаласы бойынша 3 блок-бекет, яғни Арал-Қызылорда, Арал-Ақтөбе, Арал-Мергенсай бағыттарында және Сексеуіл кентіне кіреберіс пен Қамыстыбас ауылдық округінің шекарасындағы тосқауыл бекеті.

– Тәртіп сақшылары мен медициналық қызметкерлерден бөлек, аудан әкімдігіндегі жауапты мамандарды ұйымдастырып, кезекшілік те қойылды. Мысалы, мен Қамбаш ауылына кіреберіс бекетке жауаптымын. Қазір құн ысып, шомылу науқаны басталысымен Қамыстыбас көліне, яғни жағажайға келушілердің қарасы көбейеді. Тіпті, көрші облыстардан да келетіндер жетерлік. Қаулыға сәйкес, адам көп шоғырланатын жағажайдың жұмысы әзірге тоқтап тұр. Ауру жұқтырғандар көбейгендіктен, қадағалауды қатаң

ұстаймыз. Әсіресе, көрші аудандар – Қазалы мен Қармақшы, Байқонырдан келушілер осыны түсінсе екен, – дейді аудандық денешынықтыру және спорт бөлімінің басшысы Толыбай Әлжанов.

Иә, аталған блок бекеттерде аудандық полиция бөлімінің, Арал ауданаралық ауруханасы мен аудан әкімдігінің қызметкерлері тәулік бойы екі ауысымда жұмыс істеуде. Басты мақсат – бекеттерден өтушілердің денсаулығын бақылап, дене қызуын өлшеу, жабық аумақтарға жүріп-тұруды шектеу, Қамбаш көлінің жағажайына келушілерді тоқтату.

– Блок-бекеттерде бір күнде жалпы 36 қызметкер екі ауысыммен жұмыс жасауда. Барлық бекеттен күніне жүзден астам көлік өтеді. Қылмысты болдырмау, бақылау, әкімшілік құқық бұзушылықтың алдын алу үшін жұмыс көшірілген. Көшірілген. Қызметкерлерді ыстық тамақпен қамтамасыз ету аудан еріктілері тарапынан жүзеге асырылып келеді, – дейді жергілікті полиция қызметі бөлімшесінің бастығы, полиция майоры Нұртай Тасқынбаев.



● ДІҢГЕК ДИДАРЫ

«ТАҢ» АТТЫ АУЫЛДА...

Ауыл тегіс жиналды. Тайлы-тұяғы қалмастан атақты Сегізбай бидікіне тартқан әкелі-балалы да, ағалы-інілі де бар мұнда. Тіпті әр жерден жаулығын басып тартқан әйелдердің де қарасы көрінді. Бұлар – ауылдың атын қоймаққа бекінген жұрт.

– Екінші, – деді өне бір жерде отырған қою қара мұртты жігіт ағасы.

Төрте отырған қария иығын қиқаң еткізді де, басын шайқады. Онысы келіспегені шығар.

Sp Дәулет ҚЫРДАН,
«Сыр бойы».

Жиналғандар осылайша ауылдың атын тауып қоя алмай жатқан. Алды ұйқыға кеткелі қашан. Сегізбайдың баласы Досбол сыртқы есікті ашқанда шығыс жатқан жарық көрініп, таң атып келеді екен. Дереву іштегілерге қарады да:

– Ағайын, таң бозарып атып келеді екен, – деді.

Үлкендердің бірі бұл сөзге қуана кетті.

– Ағайын, біз таңға дейін ауылға ат қоя алмадық. Бұл жерді Таң деп атайық. Ауылдың атқан әрбір таңы арайлы болсын! – деді әлгі кісі.

Осылайша атақты Сегізбай бидің үйіне кірген жұрт таң қылаң бере тысқа шыға бастады. Жалағаштың іргесіндегі Таң ауылының іргетасы осылай қаланған еді... Өткен жылы бұл елді мекен облыс бойынша «Үлгілі ауыл» байқауына жеңіске жетіп, 10 млн теңге олжалаған.

«Қоғам үшін пайдалы екенінді сезіну – бақыт»

Қособалы асарының үстінде ауыл алақандағыдай көрінеді екен. Құлды бір Көктөбеде тұрып, Алматының тіршілігін бағамдағандай боласын. Туған жердің төсінде алысқа көз тастаған Имамзада Қуанышбайұлы қалың ойдың құшағында. Ойдағы мақсат, кеудеге біткен арман. Оның бәрі осы алақандай ауылдың бел ортасында жүріп орындалып келеді. Әлі де мұрат бар. Жету үшін һакім Абай айтқан талап, еңбек, терен ой керек. Беторамалымен маңдайын суртіп, ауылға қарай асықпай аяндап келеді.

Таң тұрғындарының арасында Имамзада Шағыртаевтың аты жиі айтылады. Елде жасалып жатқан игі істердің әрбірінің басы-қасында болып, халыққа қолайлы жағдай жасаумен айналысып келе жатқалы қашшан.

– Ауылдағы негізгі жұмыс көзі – шаруашылық. Сондықтан оның мойнындағы жүк ауыр. Салық түсімінде анау айтқандай мол сома жоқ. Бірақ, ауылдың жайқалып тұрғанын көріп тұрсыз. Бұл – ел азаматтарының арқасы. Қазір ауыл құрылыс алаңына айналды. Алла қаласа, бірер айда айналып соқсаныз, «Танды танымай қалдым» деп айта жүресіз. Негізгі, халықтың әл-ауқаты да жақсы. Мемлекеттік бағдарламалармен оқу курсыннан өтіп, қаржы алып, кәсіп ашып жатқандардың дені – жастар. Олар – мемлекеттің қозғаушы күші. Егер ауылға азаматының жаны ашыса, ел көркеймей қайда барады? Шаруашылықтың демеуімен талай шаруаны жүргізіп отырмыз. Осыған баса назар аударған жөн, – дейді ауыл әкімі Әліби Байнахатов.

Тоғыз жолдың торабында орналасқан елді мекенге халықаралық

трассадан түскен бетте данғылдың қос беті ашылуда. Бұйырса, абаттанған аймақ болады. Бұған облыстық бюджеттен тіректі ауыл ретінде 100 млн теңге қаржы қаралған. Мандай терін алқапқа төгетін еңбеккерлер ауылында «Күрішшілер» монументі салынбақ. Оның айналасы демалатын орын болады. Демалыс алаңының айналасына орындықтар қойылып, жарықшам жағылады. Елді мекен кіреберістен бастап, осындай көрік сыйлайтын нысанға толы болмақ.

– Ауылдағы біршама көшелердің жөндеуі аудан, облыс қаржысынан бөлек, кәсіпкердің де арқасы. Имамзада Шағыртаевтың қолдауымен бірнеше көше жөндеу көріп, гүлзарлар қойылды. Демалыс орындықтары жарықшамдар орнатылды. Бұл өз кезегінде ауылдың абаттануына, көріктенуіне әкелді. Кеңестік кезеңде салынып, кейін қараусыз қалған балабақша бар еді. Біраздан бері осы ғимараттың жай-күйі жанымызға батып жүрген. Бүгінгі бүлдіршіндердің тәлімді тәрбиесмен қатар, сапалы білімге даярлануы үшін, қарым-қабілетінің жетіліп, өз деңгейінде дамуы үшін балабақшаның маңызы зор екенін білесіз. «Таң LTD» ЖШС 200 млн теңге қаражат жұмсап, осы нысанды қалпына келтірді. Мемлекеттік-жекеменшік әріптестігі аясында ашылған «Таң бөбегі» балғынжайы 90 орынға арналған. Одан бөлек, спорт кешені де осы үлгіде бой көтерді. Дзюдо және тазквон-доға балаларды баулу да. Елде егін шаруашылығымен қатар мал шаруашылығы да дамып келеді. Ал ветеринарлық пункттің жағдайы сын көтермейтін. Осы серіктестік демеушілігімен бұл ғимаратты да жаңадан салып жатырмыз, – дейді Әліби Қодарұлы.

Быттыр серіктестік бастамасымен ауылда 3 жарым гектар жерге алма егілді. Сегіз мың түп көшеттің 80 проценті шығып тұр. Келер жылы Таңдағы балақайлар осы бактан алма теріп жүреді. Егін саласында едәуір жетістікке қол жеткізген шаруашылық быттыр 2034 гектар жерге егілген Сыр салысының әр гектарынан 60 центнерден жоғары өнім алды. Жастарды еңбекке баулуда осы жазда «Жасыл өлке» жасағын ұйымдастырды. Оған он алты студентті тартты. Жастар айына елу мың теңгеден жалақы алып отыр.

– Шаруашылықтың мойнындағы жүк ауыр. Жауапкершілікті сезініп, жұмыс істей білсең, тірлігің алға жүреді. Ауылды дамытуға әрбір азамат құлықты болу керек. Осы ұстаныммен жұмыс істеп жатырмыз. Ел дамуына титімдей болса да үлесім қосылса, мен бақыттымын. Өйткені, туған жер – ана, біз – оның перзентіміз. Әрбір қазақ баласы ауылына осылай жаны ашу керек. Анаң қалай өмірге әкелсе, атамекенің



үшін де сондай баласың. Туған жерге туын тігіп, өмірін елімен ұштастырған адам кіндік қаны тамған қасиетті мекенге маңдай терін төге алады. Осы қоғам үшін пайдалы екенінді сезініп, бір мысқал да болса көмегің тиіп жатса, соны бақыт сана. Өйткені, ол сенің бұл өмірде жай әншейін жүрмегенінді көрсетеді. Өмірің де мағыналы болады, – дейді Имамзада Шағыртаев бізбен әңгімесінде.

Шаруашылық қызметкерлеріне еңбекақысы ай сайын уақыттылы беріліп тұр. Заманауи құрылғылармен жаракталған нысандарда оларға барлық жағдай жасалған. Көктемде егіннің егілуінен жиналуына дейін, одан әрі күріш актауға дейінгі жұмыстардың әрбірінде техниканың ролі орасан. Сол себепті, кеңестік кезеңнен қалған техниканың барлығының орнын заманауи техникалар басқан. Ауыл шаруашылық машиналарының жай-күйі қуантады. Өйткені, әр жұмыстың уақыттылы орындалуында ең маңызды нәрсе – техника.

– Шаруашылық құрылымда барлығы 80 ауыл шаруашылығы техникасы, оның ішінде 13 күріш оратын, 6 күріш бастыратын комбайн, 10 лазерлік жер тегістегіш, 35 трактор, 13 автомашина, 2 астық тиегіш, 1 экскаватор бар. Жыл сайын техникамызды жанартып отырамыз. Жұмыстың жүйелі жүруі үшін техниканың жағдайы маңызды. Қазір егінді де, экономиканы да әртараптандыру бағытында біраз жоспарымыз бар. Сол жоспарға сай тың жобалармен жұмыс істеп жатырмыз. Қоғам дамуы. Бір орында тұрып қалуға болмайды. Нарықтың заңы солай, не өз, озбасаң, өзгеге жол бер. Ал оздың екен, тоқтама. Міне, біздің салада жаңашылдыққа көп мән берілетіні сол. Өйткені, асыраушы сала, – дейді И.Шағыртаев.

«Шикізаттан кенде емеспіз»

Қазір – өндірістің дәурені. Кәсіпкерліктің тек саудагерлік емес екенін түсінген қоғамда кәсіптің түрі көп. Әсіресе, өнім өндіру, қызмет көрсету саласының қарқыны дамып жатқанын көзбен көріп жүрміз. Бұрын қолда бар шикізатты сол күйі сататынбыз. Қазір одан өнім өндірсек, әлдеқайда табысты болатынымызға көз жеткіздік. Таңдағы тындырымды тірлікті көріп, осындай ой түйдік.

Осыдан бес-алты жыл бұрын «Таң-LTD» ЖШС облыста бірінші болып, «Бораншы» учаскесінде он гектар жерге картоп екті. Оған тамшылатып суару әдісін қолданды. Елдің өзін-өзі өніммен қамту бастамасы сәтті болып, өткен жылы тұқым шаруашылығы статусын алған. Гектарына он бес центнерден өнім алып, ауылшаруашылық өнімдерінің түр-түрін шығаруға мүмкіндік бар екенін айқындады. Бұл өз кезегінде серіктестіктің жаңа бастамалардың зауытына айналғанын байқатады.

– Ауылда шаруашылық құрамынан ашылған күріш актау цехы жұмыс істейді. Тәулігіне 100 тонна күрішті актауға қауқарлы. Құны 150 млн теңге тұратын бұл нысанда 20 адам жұмыспен қамтылған. Одан бөлек облыста алдыңғы қатарлы мал сою және ет бумалау цехы бар. Аймақта алғашқылардың бірі болып іске қосылды. Тәулігіне 16 ірі қара сойылып, 1000 дана консерві дайындалады. Мұндай бастамалар біздің ауылда жеткілікті. Бастысы, азаматына қарап, ауылын таныған елдің Таңның табысты ауыл екеніне сенімі көміл. Сондықтан, біз алар асу әлі алда. Шығар шындарымыз да жетерлік, – дейді ауыл әкімі.

Ауылдарды түлетуге болатынын, тіпті қалаға пара-пар етіп дамытуға мүмкіндік мол екенін Сырдария ауданындағы Н.Ілиясов ауылы дәлелдеген. Десе де, қазір елді мекендердің барлығы осы бағытты алдына меже қылған. Өйткені, ауыл – қазақтың қара шаңырағы. Ауыл дамыса, ел дамиды. Әліби Қодарұлы «қазан айында келсеңіз, таңдай қағарсыз. Әлі талай жұмыс ойда бар» деді күліп. Алақандай ауылдың асқақ Алатаудай бағы бар екеніне тәнті болдық. Өйткені, таңы арайлап атқан ауылдың болашағы да жарқын емес пе?!

Мақсат – айқын, жоспар – нық

Ауылдың кіреберіс жолын сүріп тастапты. Тозығы жеткен асфальтті ауыстырар кезең де келген екен. Бірер айда жана жолда сырғыған көлік Жанақонысты қапталдап ауылдың орталығына абаттанған мекеннің үстімен өтпек. Елде мәселе болған жолдан жалғыз Елтай молда көшесі қалады екен. Ол да көп ұзамай жөндеу көрмек. Ал емхана мәселесін шешуге бюджет қаражаты қаралған. Тек мердігер мәселесі бар.

– Біраз уақыттан бері Жанақоныстағы ауызсу түйткілі тарқамай жүрген. Былтырдан жұмыс басталды. Қазір қолымыз қалт етсе, сондамыз. Қалай болып жатыр, не болып жатыр, соның бәрін бақылап отырымыз. Елді мекенде салынған көп нысанның тапсырыс берушілері аудандық бөлімдер болады. Әрбір жұмыстың басында болуға олардың мүмкіндігі жоқ. Сондықтан, қабылдаушылардың қатарында болмасам да, ауылым болған соң, істің басында жүремін, – деген Әліби Байнахатов Жанақонысқа қарай жол тартты.

Ауылдың даму сызбасын қайта қарап жатқан көрінеді. Өйткені, заман өзгерді, қоғам дамыды. Ауыл орталығынан халыққа тұрғын үй үшін беретін жер жоқ. Ендігі даму сызбасында Жанақонысқа басымдық бермек. Жанақоныс деп отырғанымыз – Таң ауылына кіреберістегі елді мекен. Арал теңізі тартылғанда кепкен табаннан көшкен жұрт осында келіп қоныстанған екен.

Жанашырдың жаны асыл

Ауылдық мәдениет үйінің шатыры ауыстырылып жатыр. Ауыл әкімі алыстан көз тастап тұрып:

– Ана жылы құрделі жөндеуден өткенде шатырын ауыстыру енгізілмей қалды. Сосын ауданға ұсыныс беріп, биыл қаражаттың бөлігі жұмыс істеліп жатыр. Ауылға елдің азаматы жаны ашиды деген осы. Сметада шатырдың астына қыш өріп, қабырғасын биіктету болған жоқ. Бірақ, бұл жұмысты «Таң-LTD» серіктестігі ұтып алып, қабырғасын биіктетіп, шатырын ауыстырып жатыр. Басқа біреу болса, әсемдігіне мән бермей, сметада қалай, солай салар еді, – деді.

Расында, ойланып қалдым. Қалтасын ойлаған кәсіпкер болса, бөлінген қаражаттан бірде-бір тиын артық салмас еді. Елдегі игі істердің басы-қасында жүрген Имамзада Қуанышбайұлының жетістігі қашанда халықпен бірге екеніне көзіміз тағы бір мәрте жетті.

Асылында, «жақсының жақсылығын айт, нұры тасысын» демей ме?! Туған жердің төл перзенті атқарған елдегі жұмыстың бір бөлігі ғана бұл.

Әдепкіде телефон арқылы сөйлесіп, ауылдағы атқарылып жатқан ауқымды істерді жазатынымызды айтқанда бір сөт үнсіз қалды. Содан соң «мен істеген ісімді мақтанышпен айтуға жоқ едім. Соны жазбай-ақ қойсан қайтеді» деген еді Имамзада Шағыртаев.

Расында, ел үшін жұмыс істеп жүрген жан еңбегінің бағасын тек халқының бергенін қалайды. Ал өзі жақсымын деп айғайламайды. Облыстық мәслихат депутаты болған соң, елге жеке кәсіпкер ретінде ғана емес, ауыл мұқтаждығын шешуге халық қалаулысы ретінде де атсалысып жүрген істері жетерлік.

Жалағаш ауданы.

Ғани ауылын газдандыру басталды

Қазалы ауданындағы Ғани Мұратбаев ауылын газдандыру жұмыстары басталды. Осынау игілікті істің алдында Қазалы ауданы әкімі Мұрат Ерғешбаев ауыл тұрғындары және «Сапақ» өндірістік кооперативінің жұмысшыларымен кездесті.

– Бүгінгі күн ауыл тұрғындары үшін мереке іспетті. Қанша уақыт күткен газдандырудың жүзеге асуына санаулы мерзім қалды. «Жұмыспен қамтудың 2020-2021 жылдарға арналған жол картасы» мемлекеттік бағдарламасы аясында

осы ауылда тағы да 7 көшеге асфальт төселіп, балабақшаға жөндеу жұмыстары жүргізіледі. Ауылды аяқсумен қамтамасыз ететін «Ақарық» каналының арнасы тазаланатын, – деді Мұрат Нәлхожаұлы. Ауылдық ардагерлер кеңесінің

төрағасы Бурабай Рахметов ел ағаларына деген жұртшылық ризашылығын жеткізді.

Қазір Қазалы ауданында «Жұмыспен қамтудың 2020-2021 жылдарға арналған жол картасы» мемлекеттік бағдарламасы аясында 3 млрд теңгеден астам қаржыға 42 жоба жүзеге асырылуда. Оның ішінде Ғ.Мұратбаев ауылындағы 4 жобаға 500 миллион теңгеден астам қаражат бөлінген.

«СБ» ақпарат.





СЫР ЖЫЛНАМАСЫ

Өсіп-өркендеген Сыр елінің шежіресі көнеден керуен тартады. Біздің бүгінгі күніміз де осы тарихтың тамырынан көктеп шыққан.

«Сыр бойы» газетінің жаңадан ашып отырған «Сыр жылнамасы» айдары киелі өлкенің өткен дәуірінен ой толғайды. Облысымыздың тәуелсіздік жылдарындағы бет-бейнесінің қалыптасу кезеңіне көз жібереді. Бұл мінберден сөз алатын – ғалымдар, тарихшылар, әдебиетшілер, басқа да әртүрлі мамандық иелері туған жеріміздің қадір-қасиетін ұрпақ жадында жаңғыртатын есті естеліктер айтып бермек.

Жылнаманың тұсаукесерін қоғам қайраткері, ҚР ҰҒА корреспондент-мүшесі, экономика ғылымдарының докторы, «Күрмет», «Парасат» ордендерінің иегері Бақберген Сәрсенұлы Досманбетовпен әңгімеден бастамақпыз.



ҚОРҚЫТ АТАНЫҢ ЕСІМІ ҚУАТ БЕРДІ

Қазіргі Қорқыт ата атындағы Қызылорда мемлекеттік университетінің тарихы 1937 жылы Қиыр Шығыстағы корей институтының Қызылордаға көшіріліп келуінен басталады.

Кейінгілер үшін мұның мәнісі аса түсінікті болмауы да мүмкін. Жалпы, өз елі, өз жері бар корей халқы Қиыр Шығыста қайдан жүр? Тарихқа көз жіберсек, Қиыр Шығыстағы Приморье өлкесі ерте замандарда Пархэ, Чхон секілді мемлекеттер өмір сүрген аймақ еді. 1860 жылы Ресей мен Қытай арасындағы Пекин трактатынан кейін бұл жерлер Ресей империясының құрамына қаратылған. Өлгі сұрағымызға аз-маз түсінік қалыптастырған болсақ, біз енді бұл сұрлеуден шығып кетейік.

1937 жылдың 21 тамыз күні КСРО Халық Комиссарлар кеңесі және ВКП(б) Орталық Комитеті «Қиыр Шығыстағы корей халқын шекарадағы аудандардан қоныс аудару туралы» қаулы қабылдады. Олар мұның себебін кеңестік үкіметке Жапония тарапынан төніп тұрған соғыс қаупінен деп түсіндірген. Бұған қоса корей халқы өкілдеріне түгелдей «жапон шпионы» деген айып таққан. Сөйтіп, қиыр-шығыстықтар қазақ жеріне қоныс аударылды.

Корейлер көшімен бірге Сыр еліне педагогикалық институт, мұғалімдер институты, жұмысшы факультеті, педагогикалық училище және 39 мектеп келген. Қызылордаға орныққан педагогикалық институттың алғаш директоры Н.Цой деген кісі болыпты. Содан бері бұл жоғары мектепке қанша адамның басшылық жасағанын дөп басып айта алмаймыз.

Токсаныншы жылдардағы қайта құру, жариялылық секілді қоғамдық өзгерістер жоғары оқу орындарына да инновациялық идеялар ала келді. Соның бірі институт ректорын ұжымның сайлауы арқылы бекіту болатын. Дәл осы тәсілмен 1991 жылы институт

проректоры қызметіндегі Бақберген Досманбетов ректор болып сайланды. Мәскеудің инженерлік-экономикалық институтын бітірген ғылым кандидаты, тыным таппайтын іскер адамды ұжымы да ерекше сыйлайтын.

Алғашқы күннен бастап ректор институттағы мамандық санын көбейтуді, оқу орнының білім кеңістігіндегі беделін көтеруді ойлаумен болды. Сол кезде институт Н.В.Гоголь атында болатын.

Ректор алдымен нарықтық қатынастар жағдайында қоғамға керекті мамандықтарды саралады. Сыр елі түркі дүниесінің бесігі болған киеді топырақ, бұл жерде ерте дәуірде гүлденген, қазаққа астана болған қаншама қалалардың мүрдесі жатыр. Оның бәрін аршу керек, ұрпақтың рухын көтеру үшін де жарқыратып көрсету қажет. Ендеше, шәкірттер археология, этнография мамандықтарын оқуы тиіс. Ректор Бақберген жаңа факультеттер ашумен қатар көптеген істі тыннан бастады. Соның бастысы институтқа Қорқыт ата атының берілуі болды. Дәл осы тұста ұжым екіге жарылды, біріншілері оқу орнына ақын Асқар Тоқмағанбетовтің, ғалым Әуелбек Қоныратбаевтың атын лайық деп білді. Басқа да тұлғалардың есімі аталды. Ректор Бақберген оларға өзіне сай байсалдылықпен жауап берді. «Қорқыт абыздың аты бізге тәрбиелеп жатқан шәкірттеріміздің сапалы білім алуы үшін керек», – деді. Біраз кісі баланың білім алуы мен институттың кімнің атына берілуі арасындағы тінді таба алмай-ақ қойды.

«Ел бүгіншіл, менікі ертеңгі үшін» деп Ахмет Байтұрсынов айтпақшы, ұстаз Бақберген сонда тым тереңнен ойлап тұр еді.

1992 жылдың күз айында Қазақстан вице-премьері Мырзатай Жолдасбеков Сыр еліне келіп, Қазалыда өткен жәрмеңкеге қатысты. Сол сәтте ашық-жарқын пікір алысудың сәті түсіп, ректор Қызылорда пединститутына Қорқыт ата есімін бергісі келетінін

ҒҰМЫР мен ТҰҒЫР

айтқан. Мырзекең осы ұсынysқа бұрыннан дайын тұрған адамдай көңілденіп, «тез арада хат жазып жібер» деп жауап берді. Бір аптадан соң Қызылорда педагогикалық институтын Қорқыт ата атымен атау туралы Үкімет қаулысы келді.

Көп ұзамай оқу орны басшысы институттың шығыстану факультетін ашты. Осыған орай ыссапармен Стамбулдағы Түркі әлемін зерттеу институтына келді. Оның басшысы Туран Язғанмен кездесті. Күрштен салдырып Қорқыт ата портретін ала барды. Досманбетовтің жоспарларын тыңдаған Туран Язған компьютер және мамандар мәселесі жөнінен көмек беруге келісті. Сол жерде екеуін жақын тіл табыстырған, Язғанның туыстық сезімін қозғаған Қорқыт есімі болды. «Өз институтына неге Қорқыт есімін бердің?» деді. «Себебі, Қорқыттың мәңгілік мекені біздің жерде». «Жоқ, ол біздің жерде жатыр». «Қорқыт түбі түркі бәрімізге ортақ». Язған сол уәжде тоқтады.

Артынша Қызылордаға Стамбулдан Метан, Сонгюл, Расим, Исмайл дейтін төрт түрік маманы келді. Институт ішінен қазақ-түрік лицейі, оған қоса корей, араб тілдеріндегі бөлімдер ашылды. Кейін осы лицейді, бөлімдерді бітірген түлектер шет елдерге барып оқып, білікті маман болып оралды. «Қорқыт атаның аты біздің шәкірттеріміздің сапалы білім алуы үшін керек» деген ректор сөзінің өміршеңдігі осылай көрініс тапты.

Мұнан кейін оқу орнынан Мәскеу бизнес және ақпараттық технологиялар институтының филиалы ашылды.

Ректор Досманбетов тоқмейісуді білмейтін, ақырында Үкімет үйінің есігін жағалап жүріп институтты университетке айналдыруға күш салды. Соны орындады. Өзі ректор болып келген кезде институттағы он алты мамандықтың түрін отыз төртке жеткізді.

ТАБАЛДЫРЫҚТАН БИІК ТАУ ЖОҚ

1996 жылы арнайы экономикалық аймақ құрылды. Ол кезде облыс басшысы Бердібек Сапарбаев болатын.

Ректор Досманбетов бір күні институт жатақханасының сыртқы қабырғасын жөндеп жатқан жұмысшыларға қарап, ойға бөлініп тұрған. Кенет иығынан біреу қакқандай болды. Қараса, облыс әкімі екен.

– Осы жұмысты күндіз істеуге болмай ма? – деді Бердібек Машбекұлы амансаулық сұраққан соң.

– Мынадай көтергіш қалада бір-ақ дана, күндіз босамайды, сондықтан қараңғы түскенше бізге көмектесуін сұрап едім, – деп ректор шынын айтқан.

Бұл облыс басшысының ректордың өз жұмысына деген жауапкершілігін бағалағаны екен. Ертеніне облыс әкімі шақырып жатыр деген хабар келді. Сол күні дереу Бақберген Досманбетовтің жеке мәліметтерін сұратып алдырыпты. Оның институт бітіргені жайлы құжатында

Қызылорда қаласының әкімі-арнайы экономикалық аймақ төрағасы болып бекіген Бақберген Досманбетов өзінің жанына Нәжмадин Мұсабаев, Жеткерген Оразбаев секілді тәжірибелі, Бауыржан Омаров секілді білімді жас кадрларды топтастырды. Ең бастысы, енді қалаға күндегіден басқаша көзқараспен қарай бастады. Шын мәнінде қала келбеті жұпыны болатын, оны қалыпқа келтіруге ақша тапшылығы қолбайлау болған. Мәселені зерттеп қараса, өзі басшы болғанға дейін қаланы абаттандыруға жылына 26 млн теңге бөлініпті. Ал, өзінің тұсында осы ақша көлемі 426 млн теңге болды. Қала көшелері қисық, тар.

көсеміне деген қарапайым адамның әлі суымаған ықыласындай әсерлі еді. Бұл жұмысты түнде орындаңдар деп тапсырма берді, сосын. Сөйтіп, осы маңда түні бойы өзі де жүрді. Сонда бір қызметкерінің «Мына ескерткіштің діңі мықты екен, құламақ түгілі қисаймайды, осылай қалдыра берсек қайтеді» дегені бар.

Кешегі кішігірім осындай оқиғалар бүгінгі тәлімді тарихқа айналып келе жатыр.

Бұрынғылардың «табалдырықтан биік тау жоқ» дейтін сөзі бар. Егер суын ішіп, топырағын кешкен туған жерінің қасиетін сезіне алмасаң, онда кең дүние саған ешқашан есігін ашпайды екен.

Ал, Бақберген Досманбетов

сенаттың бір келелі жиынындағы депутат Бақберген Досманбетовтің сөзінен бір үзік мысал келтірсек те, біз оның батыл да, әділ сенатор болғанын анық аңғарамыз: «... Еліміздің әл-ауқатын жақсарту үшін зиялы заңдар керек екенін, шала туған заңдарға терапевтік емдеу қажеттігін Үкімет ұмытып кеткен сияқты. Соның

салдарынан Парламенттік талқылауға нақты жобалар ұсынылмай отыр. Үкімет Құл-төбенің басында күнде кеңес құрып, Цицеронның шеңберінен шеберліктерін шыңдаудан ары аса алар емес».

2004 жылы Қызылорда облысының Аралға 50, басқа аудандарға 30 процент берілетін экологиялық жеңілдіктерін алып тастау жөнінде сөз болды. Осы ұсынысты айтқан лауазымды басшыны Сенатор Бақберген Досманбетов тікелей телеархиварда дебатқа шақырды. Халық алдында оның қателіктерін бетіне басты. «Экологиялық жеңілдік алып тастағаннан келіп-кетер ештеңе жоқ деп есептейсіз бе?» «Иә, көп болса ол бір қап ұн шығар». «Сіз сонда бір қап ұнға қарап



Әсіресе, орталықтың Шанхай бөлігімен екі арадағы айналма жолдың жайы ойланарлық екен. Теміржол астынан салынған тесік көпірмен тіке Абай ауылына қарай өтіп кетуге болады, бірақ бұл бағытты бірнеше тұрғын үй бөгеп тұр. Олармен келісім жүргізудің өзі күшке түсті. Бір көшені түзетемін деп жүрген мамандарға қорамды бұздырмаймын деген бір тұрғын маймыл ала ұмтылыпты. Солардың бәрін алдына қала әкімі өзі барды, қоқан-лоқы жасаған жоқ, кішірейіп сөйлесті. Үйін бұзғандарға жай берді, қорасын сырып тастағандардың әр жеміс ағашы үшін ақша төледі.

Сондай жұмыстардың нәтижесімен қаланың кептелісіне соқпай теміржол асты көпірінен кедергісіз өтетін Яссауи көшесі пайда болды, «Батыс» мөлтек ауданына тіке апаратын Шымбаймен қабат тағы бір жол ашылды.

Қала көріктене бастады, арбат салынды, алты субұрқақ атқылады. Қуғын-сүргін және аштық құрбандарына арналған мемориал ескерткіш орнатылды. Көмірдің астында көміліп он жыл жатқан Амангелді батырдың тас мүсінін қайта тұрғызды.

Ескерткіш демекші, сол кезде қаланың орталық алаңында

қанша жердің дәмін татты, сонның бәрінен мият тапты. Оның Қазақстан Ұлттық Ғылым академиясының, Ресей жаратылыстану ғылымдары академиясының, Халықаралық экология және табиғатты пайдалану академиясының, Халықаралық жоғары мектеп ғалымдары академиясының, әлеуметтік ғалымдар академиясының академигі болуы, Еуразия университетінің, Сеул университетінің құрметті профессоры атануы – алдымен туған жеріне қызмет етіп, рухын асқақтатқан халық алғысының ашқан жолы.

СЕНАТОРДЫҢ СЫРЫ

Бақберген Досманбетов 1999 жылы ҚР Парламенті Сенатының депутаты болып сайланды.

2000 жылдардың басында жаңа экономикалық реформалар жүзеге аса бастады. Сенатор сол жылдары Қызылорда облысының әлеуметтік мәселелерін Сенат жиындарының мінберінен көтеріп, оның әділ шешім табуына бар жігерін жұмсады. Ресей ұзақ жылға жалға алған Байқоңыр тұрғындарының әлеуметтік тұрмысы мен мектеп оқушыларының құқықтық мәселелерін көтерді.

отырған отбасылар бар екенін білмейсіз бе?» Осындай сұрақ-жауаптың соңы «алып тастаушыны» тығырыққа тіреді.

Осы мәселе бойынша біршама уақыттан соң облыс орталығында Вице-Премьердің қатысуымен жиын өтіп, ақыры көптің сөзі мен көпті жақтаған Досманбетовтің мерейі үстем болды.

Сенатордың екінші бір қарсы болған мәселесі оңтүстіктен «Көксарай» су қоймасын салу жобасы болатын. Осы жоба қабылданып кетті.

Бүгінде ұстаз Бақберген дарияның сол жағалауынан «Болашақ» университетінің көз жауын алған кампусын көтеріп жатыр. Шет елге барған сайын «біздің ауылдың балалары неге осындай сәні мен салтанаты жарасқан, барлық жағдайы жан-жақты жасалған тамаша жерде оқымауы керек» деп ойға бататын, армандайтын. Сол арманы енді ақиқатқа айналды, дәлірек айтсақ, терін төкті, қаржысын салды, ақыры арманына жетті.



Дүйсенбек АЯШҰЛЫ. «Сыр бойы»

«Волонтерлік тек жастарға қатысты емес»



Елдің жарқын болашағы мақсаты айқын, санасы сергек, білімді бөрінен жоғары қоятын жастардың қолында. Талаптың тұлпарына мініп, білім биігіне ұмтылған жастарға қолдау жыл сайын артуда. Айталық, былтыр Жастар жылы болып жарияланса, биылғы Волонтерлер жылында ауқымды бастамалар жүзеге асуда. Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Кемелұлы Тоқаев «Волонтер болу – жүректің ісі, яғни шынайы ниеттің көрінісі. Сендер қолға алған жұмыстардың барлығы дәл осындай мейірімділіктің жарқын үлгісі боларына күмәнім жоқ. Мен волонтер жылында, ең алдымен, еліміздің жастарына зор сенім артамын» деген еді.

Бүгінде Сыр жастары елге жарқын бастамаларымен белгілі. Төтенше жағдай кезінде де волонтерлер да елмен бірге болып, қауіпсіздік талаптарын сақтауға шақырып, мұқтаж отбасыларға қуаныш сыйлады. Осы орайда жастарды толғандыратын мәселелер, оларды қолдау шаралары туралы облыстық жастар саясаты және мәселелері басқармасының басшысы Қуаныш Жанұзақовпен сұхбаттастық.

– Күтпеген карантин жастар басқармасының жұмысын қалай өзгертті? Сұхбатымызды осыдан бастасак...

– Әлемді алаңдатқан карантин режимі біздің қай жағдайға дайын, қай жұмысқа дайын еместігімізді анықтап берді. Шындығына келсек, мемлекеттік құрылым көптеген жаңа өзгеріске дайын екенін байқатты. Әлеумет болғаннан кейін алып-қашпа сөз, сын болуы мүмкін. Бірақ «қоғам мүлде дайын емес» деген стереотипті бұзу керек. Бұл уақыт аралығында басқарма мен жастар ресурстық орталықтары карантин талабын сақтау шарттарына сәйкес халық арасында насихаттау жұмыстарына бейімделді. Бірінші кезекте ақпараттық байланыс, түсіндіру шараларына белсене араластық. Бұрын жастарға арналған мәдени-көпшілік шаралар жиі өтетін, карантин режиміне орай мұның бәрін онлайн ұйымдастырдық. Жасы ұлғайған жандарға мұндай форматта байланыс орнату қиын болса, жастар – кез келген талапты әртүрлі форматта енгізе беруге болатын орта. Сондықтан да олармен әлеуметтік желі, интернет сайттар арқылы байланысу қиындық тудырмай жатты. Ақпараттық-түсіндіру жұмыстарын вайн, ролик, онлайн сұхбат, концерт түрінде жүргіздік. Айталық, орталықтағы жаттығу залы жабылды, бірақ спорт секторлары жаттығуды үй жағдайында қалай жасауға болатынын онлайн түсіндірді.

– Еріктілер де осы кезде белсенді жұмыс атқарды емес пе?

– Бұл уақытта мыңнан астам волонтерлер халыққа қолдау танытып, көмек көрсетті. Отыз мыңға жуық беттерде тегін таратылып, 10 мыңнан астам коронавирустан сақтану талаптары туралы брошюра үлестірілді. Беттерден өздері дайындаған волонтерлер де бар. Бірақ, негізінен «Далатекс» тігін фабрикасы алғашқы қадам жасап, мыңдаған беттердені тегін тігіп, халыққа дер кезінде қолдау көрсетті. Кәсіпкер өнімді

төтенше жағдайға дейін белсенді жұмыстар жүргізіліп, карантин уақытында саябырсығанымен, бастама қалайда жүзеге асатын болады. Сырбойлық жастардың Президентпен сұхбаттасуына мүмкіндік берген телекөпірге екі өңірдің ғана таңдалуы біздің бастамашылдығымыздың дәлелі болды. Егер 17 аймақтың бәрі өз жұмыстарымен таныстырса, бастамалардың артық-кем тұсы байқалмай қалуы да мүмкін. Ал, тек екі өңірдің ғана таңдалуы үлкен дайындықты қажет етті. Бұл орайда Президент Әкімшілігі тарапынан жақсы баға алдық.

– Телекөпірде «Эко-сақшылар» жасағын құру туралы бастаманы жеткіздіңіздер. Солай емес пе?

– Жалпы біздің қоғамда волонтерлік деген ұғым – кең таралмаған бағыт. Асарлату әдісімен өзгеге көмек көрсету, қолындағы барыңмен бөлісу дәстүрімізде, қанымызда бар болғанымен, жүйелі түрде ұйымдастырылмаған. Иә, жаңа бастама ретінде «Эко-сақшылар» жасағын құрамыз деп жоспарлағанбыз. Бірақ, қазір төтенше жағдай талабы бойынша адамдарды топтастыра алмай жатырмыз. Тек бастама жасап қоймай, әлеуметтік тапсырыс аясындағы жобалардың да ішіне енгізіп қойдық. Дегенмен, мемлекеттік әлеуметтік тапсырысты сатып алу рәсімдері ұзақ уақыт алатыны белгілі жағдай. Сондықтан, тапсырыстың жеңімпазы әлі анықталмағандықтан тоқтап тұр. Біз қоғамдық бастама ретінде қаладағы көгалдандыру, тазалықпен айналысып жүрген әлеуметтік желідегі бастамашыл топ өкілдерінің «Жастар, қаланы таза ұстауға, көгалдандыру жұмыстарына, табиғатқа жанашырлықпен қарауға бастама көтеріңіздер. Біз мұны аға ұрпақтың санасына жастар арқылы жеткізуіміз керек» деген ойларын құп алғанбыз. Бұл бастама алдағы уақытта да жалғасын табады. Ел Президентіне де осы бағыттағы жоспарларымызды таныстырдық. Ең басты жаңалығымыз – республикада



ішінде 15 тонна зат дайын болды. Біздің қоғамның волонтерлік көмек көрсету бойынша белсенділігін осы үш-ақ күндегі ұйымдасудың өзі-ақ дәлелдеп берді. Жалпы 6 мамырдан бастап Мақтааралға 95 тоннаға жуық материалдық көмек көрсеттік.

– Елдің төзімі мен сабыры сыналған кезеңді өзіңіз қалай қарсы алдыңыз?

– Карантин салалық құрылымдардың неге дайын, неге дайын еместігін айқындап берді. Менің де жеке адам ретінде қатаң талаптарға бағына алатынымды дәлелдеді. Өзіме жүктелген міндеттер аясында тұрғындарға дұрыс ақпарат жеткізуге үлесімді қостым. Ал өз ортама осы елдің азаматы ретінде қоғамда талқыланып жатқан кереағар пікірлерге келіспеуге, талаптарға құлақ асуға шақырдым. Қашықтан жұмысқа көпшегендіктен, арнайы жаңа дағдыларды қалыптастыратындай бос уақыт болған жоқ. Күнделікті жұмыс күшейтілген режимге көшіп, жауапкершілік екі есе артты.

– Есепте тұрғандар да волонтерге айналыпты. Бұл рас па?

– Пробыция қызметінде есепте тұратын азаматтармен жұмыс істеудің тәртібі басқаша. Жалағашта мұқтаж жанның үйін жөндеу жұмыстарына есепте тұратын жастар да қатысты. Қазір облыстың әр ауданында ерікті түрде қоғамға қызмет

асып, білім алып жүрген жастарымызбен кездесуіміздің бір себебі – осы. Екіншіден, шетелде оқитын жастардың жағдайын да біліп тұру керек. Ата-ана қарауынсыз жүрген кезде жат дүниелерге әуес болып жүрген жок па, қандай көмек керек? Мысалы, көп жағдайда студенттер отбасылық шектеуден шығып, сабаққа немқұрайлы қарап емтиханнан өтпей қалса, ректоратты, ұстаздарды кінәлайды. Ата-ана да баласының айтқанын дұрыс көріп, екінші тараптың сөзіне мән бермейді. Осындай жағдайдың бірінде Ресейде оқып жатқан студенттерді зерттеу барысында кінә балалардың өздерінен болғанын анықтадым.

Кейде шетелде оқыған студенттердің, сонда қалып қоятыны бар. Көп адам осыны түсінбей, неге елге келіп қызмет етпейді деп жатады. Негізі әр адам қайда оқиды, қайда еңбек етеді, оны өзі шешеді, оған шектеу жоқ. Ол Қазақстан азаматы ретінде құқылы. Қазір шетелдегі студенттердің басын қосатын ортақ алаң жасау мақсатын бар. Соңғы кездесуімізде Ресейден бөлек, Қытай, Чехия, Венгрияда оқитын жастар ортақ алаңға қосылды, ояларымен бөлісті. Мен оларға қарапайым ғана енгізілетін жаңалықтарды қолдарынан келсе, жасауға шақырдым. Қолдауға дайын екенімізді жеткіздім. Шын мәнінде, көрші елдерге қызыға бермей, білімді пайдаға жаратып, қоғамға үлес қосса деймін. Бізге сырттан келіп, жақсы, жаңа дүниені ешкім жасап бермейді ғой?!

– «Qyzylorda International» ассоциациясы немен айналысады?

– Негізі Ресей және басқа да шетелде оқитын жастарды біріктіретін бұл ұйым 2018 жылы «Орда» жастар қоғамдық бірлестігі ретінде Әділет органында тіркелді. Кейіннен жастар «Ресей деп ерекшелігін талапты алып тастасақ» деген ұсыныстарын айтты. Ұйымның мақсаты да тек Ресейде ғана емес, шеттегі барлық жастармен байланыс орнатуға бағытталған. Сондықтан «Орда» жастар қауымдастығы «Qyzylorda International» ассоциациясы болып өзгертіліп, ережесі толықтырылып, қайта тіркеуден өткізілме. Жетекшісі – Қытайдың Ухань қаласында «Халықаралық байланыстар» мамандығы бойынша білім алған Ғазиз Жұмабаев.

– Мемлекет басшысының тапсырмасымен жүргізілген Президенттік жастар кадрлық резервіне 300 қазақстандық қабылданды. Олардың арасында қанша қызылордалық жас бар?

– Президенттік жастар кадрлық резервіне үміткерлерден өтінім қабылдау жұмыстарын облыс әкімі аппараты үйлестірді. Өткен жылдың қыркүйегінде 1 кезеңі өтіп, облыс бойынша 228 үміткерден өтінім түскен. Ал іріктеудің екінші кезеңінде 12 үміткер шекті мәннен төмен емес нәтиже көрсетіп, тестілеуге қатысқан. Үшінші тестілеуді верификациялау кезеңінен ешкім өтпеді. Ұлттық комиссия отырысының шешіміне сәйкес өңір бойынша Президенттік кадр есебіне алынған үміткерлер болмаған. Жастардың қатысу белсенділігі жоғары, талап та жоғары. Айта кету керек, республика бойынша үш кезеңнен де өткен резервшілердің 11-і – Сыр өңірінің тумалары. Бірақ, қазір тұрғылықты мекен-жайлары Нұр-Сұлтан, Алматы қалаларында.

– Жастардың инновациялық идеялар тізімінде Қазақстан 129 елдің ішінде 79-орынға тұрақтады. Елімізде докторантураға түскендердің 7 проценті ғана ғылыммен

айналысады екен. Осы ретте басқарманың «Жас ғалымдар» альянсы жұмысын белсендіруді қолға алған бастамаларыңызды байқап жүрміз. Ұйымның құрамында қандай жас ғалымдар бар?

– «Жас ғалымдар» альянсы жақында құрылған ұйым емес, 2009 жылдан бері бар. Дегенмен, уақыт өте жұмыстары бәсеңсіп қалғаны рас. Қоғамдық ұйым болғаннан кейін мемлекеттік орган олардың жұмыстарына тікелей араласа алмайды. Менің мақсатым бұл ұйымның жұмысын одан әрі белсендіру болды. Төрағасы да жаңадан сайланған екен. Жақында ұйым мүшелерімен арнайы кездестік. Мақсатымыз – аймақтағы ғылыми бағытта жұмыс істеп жүрген жас ғалымдардың ортасын қалыптастыру. Сондай-ақ, Қызылордаға пайдасы тиетін қандай жобалар жасамақ, біздің және басқа салалардан қандай қолдау қажеттігін анықтағымыз келді.

– Жастарды алаңдататын 3 түйткіл – білім, баспана, жұмыс. Сіздер жұмыссыздық мәселесінің шешілуіне қалай ықпал етесіздер?

– Жастар басқармасы болғандықтан, жастардың жұмыссыздығы туралы бізден сұралады. Ол да дұрыс. Бірақ, біз бұл мәселені жүйелі шешіп беретін құрылым емеспіз, онымен жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар орталығы айналысады. Бос жұмыс орындары, жұмыс іздеуші азаматтар да сол жерде тіркеледі. Біз – тек үйлестірушіміз. Мемлекеттік бағдарламалар арқылы құрылатын тұрақты, уақытша жұмыстарды жұмыссыз азаматтар арасында кеңінен насихаттауды басты міндет еттік. Осы жылдың I тоқсанында жұмыспен қамту орталықтарында 3698 жас тіркелген. Олардың барлығы да назардан тыс қалдырылмайды, тиісті жұмыстар жасалады. Біз енді сол органға тіркелмеген жастарды көрейік, «олар не істеп жүр, маргинал жастардың қатарында емес пе?» деген сұрақтар бойынша сауалнама жүргізбекпіз. Онлайн үлгіде іске қосып жібердік. Бір айлық мерзімде қорытындысын талдайтын боламыз. Бұл жерде жастар жұмыссыз жүргенін, мамандығы бар-жоғын білдірсе, қандай көрсеткіш шығаруға болады. Немек, қоғамдағы әрбір жас жұмыссыздық мәселесін жасырмай, талпынуы керек. Себебі, үй-үйді аралап, мұны анықтау қиын, қызметкерлердің саны жетпейді әрі аз уақытта ақпарат ескіріп кетеді. Көрсеткіш құбылмалы. Үй аралап, ертен нақты цифр бере алмаймыз. Бұған көз жетті. Былтыр Жалағаш ауданында мұны пилоттық жоба ретінде алып, бүкіл ауылдарында сауалнама жүргіздік. Бірақ ол ақпарат быныға жарамайды, алайда жастар арасында қандай мәселелер бар екенін білдік. Көбіне жастар өзгелерге кінә артқанды жақсы көреді. Жалпы, мемлекеттік жастар саясатында Елбасының, Мемлекет басшысының қолдауы жоғары, бірақ жеке мәселелер айналысып, әр адамға жеке қызығушылық танытатын болсақ, жұмыс жүрмей қалады. Мүмкіндігінше сауалнамаға қатысқан адамдардың өтініші бойынша нәтижеге қол жеткізуге тырысамыз.

Жұмыссыздық мәселесі бойынша жаңа бастамалар да бар. Сырдария ауданы әкімшілігі тарапынан өткен жылы оң бастама көтеріліп, шаруа қожалықтары ішкі тәртібіне сәйкес жұмыссыздықты жоюға байланысты ұсынысқа қолдау танытты. Қазір Сырдария ауданындағы 8 ауылдық округте 61 жұмыссыз жас 6 шаруа қожалығында қызмет етеді. Шаруа қожалықтарындағы жұмыстар негізінен маусымдық. Бірақ оларды тұрақты жұмысқа қабылдау үшін келесі ұсынымдарды енгізіп жатырмыз. Қазір Қармақшы ауданында да осы бағытта жұмыс басталды.

– Басқарма қазір қай бағытқа басымдық беріп отыр?

– Басқарма негізінен бір реттік шаралардан гөрі жастарға нақты қолдау көрсету бағытында жұмыс істейді. Жастардың жұмыспен қамтылуы, оларды толғандыратын өзекті мәселелерді дер кезінде анықтау және шешу жолдарын жүйелі түрде қарастыру, алдағы мәселелерді зерделеуге басымдық береміз.

– Тұла бойып қалыптасуды мақсат еткен жастар сіздерге қарап бой түзейді. 20 жастағы өзіңізге қазір қандай ақыл қосқан болар едіңіз?

– Батыл қадамдар жасауға қорықпау керек дер едім. Мен ойға алған дүниені көбірек синтездеп, анализ жасаймын. Жүз ойлануы, бір рет шешім қабылдайтын кездерім көп. Ол негізінен оң нәтижесін береді, бірақ кей жағдайларда уақыт алады. Сондықтан жас кезде шұғыл шешім қабылдап, тез ойлануға дағдылану керек.

– Әңгімеңізге рахмет!

Әңгімелескен
Айдана ЖҰМАДИНОВА,
«Сыр бойы».



дайындаушы болса, жас волонтерлер соны елге, мұқтаж отбасыларға жеткізуші қызметін атқарды. Ал, кәсіпкер, облыс әкімінің штаттан тыс кеңесшісі Мағжан Ералиевтің қолдауымен 100 отбасыға азық-түлік себеттері таратылды. Жалпы, осындай сындарлы сәтте Сыр бойындағы еріктілер жұмыла көтерген жүктің жеңіл болатынын дәлелдеп, елмен бірге болды.

Өңірдегі волонтерлердің белсенділігі жоғары. Жыл басында Президент Қасым-Жомарт Тоқаев телекөпір арқылы Алматы және біздің өңірдегі волонтерлердің бастамаларымен танысты. Телекөпірде екі аймақтың бірі ретінде Сыр елінің таңдалуы – үлкен жетістік. Себебі, Мемлекет басшысы жариялаған Волонтерлер жылына орай біз республикада алғашқылардың бірі болып жастар орталығының жанынан азаматтық қоғам институттары бастамасымен волонтерлер штабын аштық. Жеті жалпыұлттық бағытқа сәйкес жетекшілер сайлап бердік. Бұл бағытта

өңірлердің ішінде алғашқылардың бірі болып республикалық штабты ашуымыз. Онда тек қана жастар контингенті қамтылған жоқ. Жалпы волонтерлік тек жастарға ғана қатысты термин емес. Қоғамға көмек көрсету үшін жасқа шектеу болмайды. Иә, аймақта белсенді жастар волонтерлік жұмыстармен айналысуда, бірақ біз барлық қоғам өкілдерін белсенді жұмыс істеуге бағыттауымыз керек. Айталық, өткен айда жастардың бастамасымен Түркістан облысындағы жағдайға байланысты Мақтааралға көмек көрсету үшін алғашқылардың бірі болып гуманитарлық көмек көрсету штабын құрдық. Өткен жылы Арысқа осылай көмек көрсеткенбіз, сондықтан бізде тәжірибе бар. Ол кезде де қаржы жинаған жоқпыз, бұл жолы да солай, азық-түлік, көрпе-төсек, киім-кешек түрінде материалдық қолдау көрсеттік. Штабты 4 мамырда құрдық, ал ертесіне 5 тонна зат жылжыды. Жолға шығамын дегенше, яғни үш күннің


етіп жүргендер көбейді. Волонтерлік әркімнің жүрегімен баратын, өз бастамасымен қолға алатын іс. Бір жұмысты жасауға біздің ықпал етуіміз де міндетті емес. «Былай жаса, мынаны істе» десең, волонтер деген ұғымның да мәні кетіп қалады.

– Жуырда шетелде оқитын жастармен кездестіңіз. Олармен Skype арқылы хабарласып отырғаныңызды да білеміз. Жалпы, шекарадан тыс білім алып жүрген жастардың ой-танымы қалай өзгерген?

– Кейде қоғамда «неге шетелде оқып келген жастарға басымдық бересіздер, біздің оқу орындарының әлеуеті соншалықты төмен бе, елде білім алатын жастарды неге ерекшеліксіздер?» деген сұрақтар болады. Бірақ олай қабылдамау керек. Бөліп-жармаймыз. Шетелде оқып келген жастардан кішкене жаңалық күтетініміз рас. Олар дамыған, дамушы елдерде білім алды ғой. Егер ол елдерден үйренетін жақсы дүниелер болса, неге үйренбеске? Шекара



МӘНГІЛІК КЕМЕНГЕР МӘРТЕБЕСІ



Әлемдік ақыл-ой алыптарына жүгінген сайын солар өмір сүрген ерте дәуірлерге жаяулатып тартып-ақ кеткің келеді. Не деген тереңдік! Белгісіздікпен беттесу, таңдануды талдауға жеңдіру, құбылыс атаулының қатпарларына үңілу, ақиқатқа бастар анық болжамдар түйіндеу, бұрынғы байламдарды одан әрі дамыту тоқмейілсуге жол бермейді. Сондай қайталанбас санаулылардың бірегейі Әбунасыр әл Фараби бабамыз – мәңгілік мәртебеміздің тот жалатпас алтын тұғыры екенін мәлімдеудің өзі мерейінді үстем етеді.

Оның сан саланы қамтитын мол ғылыми мұрасы он бір ғасырдан бері дүниежүзі озық оқымыстыларын жана тұрпаттағы ізденістерге жетелеуде. Алғашқылардың бірі болып ибн әл Надим 995 жылы қалам тартты. Фарабидің 870 жылы туып, 950 жылы өмірден өткенін ескерсек, ұлы ғұламаның өшпес рухы бас-аяғы 45 жылда қайта асқақтағанын аңғарамыз. Тың пайымға толы еңбектері араб-парсы, латын, неміс, француз, ағылшын, түрік, орыс, өзбек тілінде әлдеқашан сөйлеп үлгірді. Мәскеудегі Шығыс зерттеушілері бұл бетбұрысқа айтарлықтай үлес қосты.

Ғылыми органы елендеткен соқталы дүниелері туралы ана тілімізде академиктер Шахмардан Есенов, Әлкей Марғұлан, Ақжан Машанов іргелі зерттеулер жүргізді. Фарабитану соқпағында жаңа буын өкілдері А.Көбесов, М.Искаков, Р.Әбсаттаров, Е.Жәнібеков, Қ.Нұрсұлтанов ынты-зарлықпен із қалдырды. Бұл тізбені толықтырған отандық ғылым қолғанаттарының ізетті үлесі әсте толас-тамайды.

Фарабидің физика-математика, жаратылыстану ғылымдары жайлы еңбектері топтастырылып, баспаға дайындалды. Әрі қарай философия, логика, қоғамдық ғылымдар бойынша трактаттары болашақ игілігіне ұсынылды. Баба мұрасынан сусындағалы, өреміз биіктеп, алыста қалған алтын көмбенің ұнтағы жүзімізге нұр себелегендей сезілмеді. Халықаралық ғылыми мінберлерге жүрексінебей шығатын рухани дүмпу жергімізді жани түсуде. Тіпті Аристотель аралын аңсататындай құлшыныс та қыландайды.

Адамзаттық игіліктің ескісі болмайды. Бұл уәжіді тікелей ғылымға бұрсақ, бұрынғы ғалымдар шетінен шыңға біткен шынарға ұқсайды. Тіпті, Фарабиге тағзым ақыл байлығының қазына қақпасына елендетіп қойды. Біріне көзін түссе, екіншісі ымдайды, үшіншісі саусағын кезейді, төртіншісі тілін безейді. Солай жалғаса береді. Адамсауға, артық-кем пікірге берілмеуге тырысамыз. Бірінсіз бірі маңына жұтыпас данышпандарға бас иіп қана құнды еңбектерді құныға зерделейміз.

Әбунасыр әл Фараби өзіне дейінгі ойшылдар мұрасын түгел қаузап, кейінгілерге жаңылдырмай ұқтырған, жалғасына жол ашқан, құптарлық қорытындылар жасаған. Жалпы, ғылым патшалығын құрғандардың бәрі де – қайталанбас қаһармандар. Олай болатыны ғылымдағы жүректілік пен жеңіс ми майданындағы жекпе-жекте мәлімделеді.

Қарамайсыз ба, ұлы ойшылдар ұлағаты олар қалдырған қасиетті кітапты бірден паракаттпайды. Алдымен тәжім етесің, содан кейін толғанис қаламын ұшпайсың. Көрінбес тұсау қағаздағы қадамды сақтандыра іркілтіп, сөз құйылысын ой өткізгішпен тосылуын сезінудің өзі рахат!


Фараби әлеміне бойлауда неміс ғалымдары Фридрих Диетрихидің текстологиялық, Карл Брокельманның көптомдық библиографиялық еңбектері жетекке алады. Бұл тұрғыда америкалық профессор Николас Решердің «Фарабидің аннотацияланған библиографиясы» атты кітабының маңызы айрықша.

Қашанда ұлыларға жанау сүрделі һәм кастерлі. Фараби еңбектерінде төтелей еніп кету ықтимал білім дағдыларын менгергендерге ғана үйлеспек. Біздікі сырттайғы табыну, шолу түріндегі деректер топтастыру, білмейтіңге базына, қабадарға бұйымтай тәрізденген жорғалату жазбасына ұқсайды.

Әбунасыр әл Фараби – Отырар тумасы. Таратыңқырасақ былай – Әбунасыр Мұхаммед ибн Мұхаммед ибн Ұзақ ибн Тархан әл Фараби. Ілгеріде арабтар Отырарды Бараба – Фараб атаған. Білім сапары Отырарда басталып, Хорасанда жалғасып, Бағдатта түйінделеді. Медицина мен логиканы Юханна ибн Хайланнан, жаратылыстану ғылымы мен грек тілін танымал аудармашы Әбу Башар Маттадан үйренеді. Атақты оқымысты Әбуәбкір Сиражбен достық қатынаста болады. Араб-парсы, түрік, грек тіліне аса жетіктігіне қоса басқа ондаған тілді жақсы менгерген. Нағыз полиглот дерсіз!

Оның өздігінен білім жетілдіруі, барлық ғылымға ынта қоюы ғажап! Болмысы барынша қарапайым да қанағатшыл, сауық-сайраннан аулақ, өзін түгелдей ғылымға арнаған. Аристотельдің «Жан туралы» еңбегін 100 рет, «Табиғи гармониясын» 40 рет, «Риторикасын» 200 рет қайталап оқуы – асқан табандылық. Біліммен нәрленудің бұдан асқан ең шынайы үлгісін іздеудің де қажеті шамалы.

Басы ашық нәрсе – Фарабидің




адамзаттық ауқымдағы төрден табылуына Шығыс ғылымы мен мәдениеті және грек ғылымы кепілдік бергенін ұмытпауымыз керек. Ғылымда алғаш қолтаңбаны иероглиф тәсілімен папируста қалдырған Мысыр оқымыстыларының тапқырлығына тәнті боласың. Вавилондық білгірлердің жазулар мен есептерді балшық төсеніштерге түсіріп, өртеу арқылы ұзақ сақтауына да таңдай қағасың. Биіктігі 146 метр Хеопс пирамидасы қандай шеберлікпен тұрғызылған!

Кірпіштің құрылыс материалы ретінде қолданылу тәжірибесі де Вавилон үлесіне жатады. Ғылымның балаң кезінде-ақ бір жылда 365 күн барлығын анықтаған Египет календарын, Күн мен Су сағатын жасаған жанашылдықтары алақаныңды қыздырады. Арифметика, геометрия, алгебра жалғастығын түбірлеген, Жерорта, Қызыл теңізді шарлап, географияға жол ашудағы, шежіре мен патшалар тарихын жүйелеген тапқырлығына қайран қаласың.

Тісінше ертедегі грек ғалымдары өздерін Шығыс ғұламаларының шәкірті санағаны тәрізді Фараби де осы қос қайнардан меір қандырған, мәртебе тапқан. Ғылым мен мәдениеттің барша саласына зердесі жеткен бабамыз Греция оқымыстыларын асқар тау мен түпсіз мұхитқа балағаны бекер емес.

Самос аралында туған Пифагор



Суретте: Фарабидің 1907 жылы Каирде басылған шығармалар жинағының титулдық беті.

– математиканы тұңғыш дамытушы. Мысыр мен Вавилонды, Италияны армансыз аралаған, ойшылдарына еліктеген. Бір мезгілде екі жерде байқалатын әулиелігі де, сиқырға беймі де қауым назарынан таус қалмаған. 530 жылы Кастро тауын тесіп, су құбырын орнатқан. Ұста дүкені жанынан әлдеқалай өтіп бара жатып соғылған балға дыбысына сүйеніп, музыкалық интервалдар – октаваны, квинтаны, квартаны айқындаған. Музыка ғылымына осылай тосыннан тарту жасаған. Гераклит оның ерекше қабілеттілігін мойындап, шамадан тыс білгіш деп доріптеген.

Фараби де көп қырлы. Аспандағы жұлдыздар қозғалысын музыкадағы дыбыстар жүйесімен шебер байланыстырған. «Музыканың ұлы кітабын» жазумен бірге асқан орындаушылығына патша ордасындағылар аузын ашып, көзін жұмған.

Бірде орладағы салтанатқа кешігің-кіреп келген Әбунасырды ешкім елемейді. Бәрі думандату жетегінде. Ол шетке отыра қалып, домбырасымен күй шертеді. Шанақтан мұнды күй

төгілгенде, баршасы кикуды қойып, мұң оранады. Әрі қарай көңілді күй шалқығанда, жаппай жадырап билей жөнеледі. Келесіде жаймашуақ күй ырғағы бәрін мауыжыратып, ұйқыға батырады.

Осынау үзік мысалдың өзінен көрегендік пен тапқырлық ұшқыны менмұңдалап тұр емес пе?! Философия мен логика, музыка мен космология синтезінің ықпалы ғылымның мойындату күшін қалай әдемі әсептейді!

Фараби Аристотельді түбегейлі зерттеп, күрделі еңбектерін түсіндіруші әрі жеткізуші болып қоймай, қажет жерінде түзетуші тізгінін де қолға алады. 384 жылы Стагирде туған Аристотель Платон академиясында 20 жыл оқыған. Философия, логика, психология, жаратылыстану, тарих, саясат, этика, эстетика, математика, музыка салаларында жаңашыл қорытындылар жасалды.

Құдіретті қаламынан мыңға жуық дүние туындатқан. Әлемге әйгілі Александр Македонскийге ұстаздық еткен, Афинада лицей ашқан, ғылымға экономика терминін енгізген. Ал әкесі Никомас Македонский патшаның тәуібі болған.

Ғылымның қай саласы болмасын, әлбетте, өзін-өзі байытумен нығаяды. Аристотельдің «Платон – маған дос, бірақ шындық одан да қымбат!» дейтін уәжі тектен-тек қанатты сөзге айналмаған. Ол жекелеген тұстарда ұстаздың талас тудыратын кейбір қорытындыларына келіспеген. Дүниетану жөнінде бір-бірінен алшақ көзқараста қалған.

Фараби Птолемейдің «Алматесін» астрономиялық бүкіл ғылымдардың жиынтығы ретінде қарастырады. Бұл құнды кітап араб тіліне 828 жылы аударылған. «Алматеске түсініктеме», «Алматеске қосымша кітап» атты екі бірдей еңбек арнаған. Птолемейдің музыкалық практикасына қонылтакси қарайтынын бүркемелемейді. Сондай-ақ астрологиялық көріпкелдік көзқарасына да келіспейді.

Птолемейдің биік мансабына байланысты әзілді сауалына Евклид «Геометрияда патшалар үшін айрықша жол жоқ!» деп жауап қайырған көрінеді. Оның 13 кітаптан тұратын «Негіздерінде» өзіне дейінгі 300 жылда жинақталған математика білгірлерінің бүкіл жетістіктері проблематикалық тұтастықта баяндалған. Фараби Евклидтің анықтамалары мен аксиомаларына, физика, астрономия, музыкаға байланысты толғамдарына ден қойған.

Ол замандағы ғылыми ойлар тайқазаны іспетті Александриядағы Музейонда 700 мың томдық қолжазбалар сақталған. Бағдат халифтері әл Мамун, Харон Рашид, әл Мансур ұйымдастырған қолжазба қоры, кітапхана, аудармашылар орталығын біріктірген «Даналық үйі» тарихи маңызға ие. Бұл арада әл Мансұрдың Фарабиге арнайы тапсырыс беріп, «Екінші тәлім» атты еңбек жаздырғанын аңғарта кеткен жөн. Әйгілі Отырар кітапханасы да осы үлгілердің заңды жалғасы екені хак.

Фараби әлеміне енгенде, алдымен араб ғылымы жалаулатып шыға келеді. Ескі грек, үнді ғылымы негізгі қайнары саналса да, қарқыны қатты Египет, Сирия, Персия және Орта Азияның үздік зерттеу дәстүрлері де ғылым қазанын қайнатты. Осы үрдістегі Бағдат мектебі Әбунасырды білім мұхитында алаңсыз желкен кергізді. Жоғарыда аталған кеменгерлер мұрасы араб тілінде сөйлеп үлгірдей Фарабиді ғылым бәйгесінде түлпардай көсілтті.

Араб ғылымының қарлығашы Мұхаммед ибн Муса Хорезми – ұлы математик. Ол алгебраны теңдеулер шешу өнері дәрежесіне көтерген. «Альджебр» атауы да соған

тиесілі. Кейін латынша бұрмаланып кеткен. Бағдат обсерваториясында астрономиялық таблица құрастырған.

Басра тумасы әл Кинди әлемдегі 12 кеменгердің бірі делінеді. Оның жаратылыстану, математика, логиканы алға оздырғанын Фараби де мақұлдайды. Энциклопедиялық білім жинақтауда үлгі тұтқан. Артына 238 еңбек қалдырғаны танырқарлық нәтиже. Әл Фарабидің Аристотель дәстүріне аса ынтызарлығына тікелей ықпал еткені ақиқат.

Әлемдік ғылыми айналымда Орта Азия оқымыстыларының үні мен қолтаңбасы орнымен мойын бұрғызады. Бір ғажабы, бәрі де математиканың майын ішкендей есептеу ерекшелігіне ықылас танытады. Таланттар шоғырын Хорезми, Ферғани, Мервази, Фараби, Бируни, Омар Хайям, Насираддин Туси, Ұлықбек, Кәши сынды жүйріктер бастайды. Олардың беталысы бекем ізбасарлары қаншама?! Мұны дүниежүзілік кітапханалар қорындағы араб қолжазбалары тізімінен де байқап қаламыз. Карл Брокельманның «Араб әдебиетінің тарихы» атты 5 томдығында Сығанақи, ағайынды Келеси, Түркістан, Қыпшақи, ибн Түрк сияқты тың толқын құрметпен аталады.

Бұл лекте отырарлық Ғаббас әл Жауһаридің орны бөлек. Бағдатта, Дамаскіде арнайы аспандық бақылауларға қатысып, «Мамунның астрономиялық таблицаларын» құрастыруға елеулі үлес қосады. Керек десеңіз Ғаббас Евклидтің параллель түзулер теоремасын сынаған. Жауһаридің идеясын азербайжан математигі Насираддин Туси тірілтеді. Тағы бір отырарлық Ысмайыл Жауһари 40 мың араб сөзін қамтыған «Тілді түзету» кітабын дайындаған.

Таспада қалған талапкер Ысқак Фарабидің «Диван әл Әдеб» деген ауқымды зерттеуі кейін Махмуд Кашкардің «Диван әл Луғати ат Түрк» атты әйгілі мұрасына үлгі болуы да ғажап емес. Ал Ахмет Фарабидің «Хауызды дөңгелек хауызға айналдыру жайлы» қарапайым тұрмыстық қолданысқа негізделген жұмысы дөңгелекті квадратуралар мәселесін қозғайды.

Шығыс философтары Әбунасырды «Ал муаллим ас Сани» деп, яғни Аристотельден кейінгі екінші ұстаз ретінде дәрежелейді. Расымен Шығыс пен Батыстың көптеген ғалымдары Фарабиді ұмытылмас ұстаз санайды.

Әбу Әли ибн Сина (толық аты-жөні Әбу Әли Құсайн ибн Абдолла ибн Сина) ғалымдар ағалығына қоса («Шайхар-Райс») «үшінші ұстаз» деп құрметтелген. Еңбекқорлығы адам айтса нанғысыз. 274 зерттеу жұмысының басым бөлігі философия мен теологияға арналған. «Медицина негіздері», «Сауығу кітабы»–асақұнды мұра. Парсы тіліндегі рубаяттары бір төбе. Өлеңмен медициналық дастан да туындатқан. Әбу Райхан әл Бирунимен Мамун орталығында бірге қызмет жасаған. Фараби көзқарасын, ғылыми жүйелерін үнемі үлгі тұтқан. Оны өркеніет әлемі Авиценна есімімен атайды.

Атақты шайыр Омар Хайямның терең философ, мықты математик екенін бәрі бірдей біле бермейді. Хорасанның басты қаласы Нишапурда дүниеге келген оның 300-ден астам рубаяты бар. Аристотель, Фараби, ибн Сина көзқарастарын дамытушы ірі философ. Астрономиялық таблицалар жасаумен де шұғылданған. Алгебраның атасы Хорезми бағыттарын жалғастырған. Алтын мен күмістен тұратын заттар сипатын дәл анықтаған. Кезінде сұлтан Санжарды балалық шағында шешек ауруынан құлантаса айықтырған шипагерлігі де әлі күнге ел аузында. Фарабидің музыкалық еңбегіне негіздеп ұтымды пікір білдірген. Атақты ақынның

соңғы рубаяты жан сырын паш етеді.

Дүниенің бар түкпірін

оймен шолдым

Сатурнның сырын да

танып болдым.

Сан тосқауыл,

шиелер шешілгенмен

О, ажал, жалғыз жұмбақ

қалып қойдың!

Ұлықбек – өзін Азияның арыстаны санаған Әмір Темірдің үшінші баласы Шахрухтың перзенті. Азан шақырып қойылған есімі Мұхаммед Тарағай. 1394 жылы 22 наурызда дүниеге келген. Атасы Темірге еріп Армения, Азербайжан, Грузия, Иран, Түркия, Ауғанстанды саяхаттап аралаған. Самарқандтың бай кітапханасынан білім биігіне қанат қаққан. Ғылымның көп саласынан хабардар болған.

Ата билігі ізмен талай жорықты басқарған. Мавереннахр әкімі атанады. Самарқанда теңдесі жоқ обсерватория салдырған. Аспан әлемін барлайтын бұл орталықты әуелі Жәмшид Ғиясаддин Кәши, кейін Қазы Заде Руми, соңында Әли Құшсы басқарады. Осы обсерваторияда 1019 жұлдыздың орны анықталған. Ұлықбек Самарқандта медресе ашады. Атақты грек оқымыстылары және Орта Азия көрнекті ғалымдары мұрасын зердесіне ұялатқан.

Өкінішке қарай, дін фанатиктерінің арандатуымен Ұлықбекті өз баласы Әбдел Латиф жендеттері қылышпен шауып өлтіреді. Оның астрономиялық мектебі жетістіктерін түбірлейтін ғылыми жазбаларын сырласы Әли Құшсы сақтап қалып, Стамбулда жарық көріне ұйтқы болады.

Әбунасыр әл Фарабидің әбден ескешелген 150-ден астам зерттеу еңбегі дербес ғылыми айналымға енгілі қашқан. Есімі Еуропа ойшылдарына «Альфарабийус» деген атпен тараған. «Кеменгерлік меруерті», «Ізгі қала тұрғындарының көзқарасы», «Мәселелердің түп мазмұны», «Бақытқа жету жолдары», «Ақылдың мәні туралы» жалпының жүрегін оятар талдаулары бар заманға аманат құндылық ретінде қабылданады. Аспан қозғалысы, планета жолдары тәрізді алысты барлайтын болжамдары қисындылығымен әлі де ғарышқа көз талдырады.

Әлбетте, ғылымдағы таланттылық керемет құбылыс қой. Әлемге әйгілі суретші Леонардо да Винчи қылқалам шебері болумен бірге архитектор, мүсінші, инженер және анатом, физик, музыкант, математик екеніне Фараби әлемі арқылы қаныққанымыз ғажап емес пе?! Әбунасырдың есту сезімін, Леонардоның көру сезімін асқан дәлдіктің көрсеткішіне балауы қалай ұқсас?!

Сексен жасқа келгенше түннің өзін күндізгідей ғылым қажетіне жаратқан Фараби үрдісі сенім артқан ізбасары ибн Сина естелігіне еркелей ұн катады. «Байқамай ұйықтап кетсем, түсімде ғылыми мәселені жалғастырып әкетемін. Кейде қиын сауалдарға нақты жауапты түсімде тапқаным таным бар» дейтін өте ұқсас елжіреуі қандай шынайы?!

Толасында Фараби де арагідік Омар Хайям тәрізді рубаят арқылы сыр ақтарған. Бұл рундіке пенде атаулының уақытша жолаушы екенін торығуға тіремей, қанағат пен шүкіршілікке табан тіретеді.

Біз бір мейман бұл жайда

аз-ақ күндік

Болымсызға таласып күн өткіздік.

Анталасып аптықпа тар қапасақ

Адамға әлем мекен ол мәңгілік!

Бабамыз өмір сағатының қылдай тілі ақырет сапарының тап қалғанын дәл сезінген. Аманат мұрасын безбендеп, кимастық құшағына сыйдырады. Туған топырағы Түркістанға тәу етеді. Мысырға да табаны тиеді. Ұлы ғұламаның дархан жүрегі 950 жылғы желтоқсанның соңы, 951 жылдың қаңтары басында соғуын тоқтатты. Дамаскінің «Баб ас-Сағир» (кіші дарбаза) зиратында жерленген.

Жиғаны ғылым, иманы қаміл, атағы мәлім Әбунасыр әл Фараби бір халықтың маңдайына сыймас, әлем жұртшылығы пір тұтар кеменгер держесінде сана айнасында нұр шыра бермек. Сірә да данышпандар жұмыры шетсіз-шексіз параллель түзулер сияқты ұшытығына көз жеткізбейді. Үнемі аңсата береді, табылмасқа інкәр етеді.

Ақыл-ой кеменгерінің «Ғылымдар энциклопедиясы» атты баға жетпес еңбегі Аристотельге дейінгі 1300 жылғы ұлан-ғайыр ізденістің алтын көмбесіндегі ардақталады. Өзінен кейінгі 500 жылда Шығыс пен Батыс оқымыстыларының тұмар тұтыңған төрелік туындысына айналғаны неге ұмытылсын?!

Фарабидің себебі беймәлім кездейсоқ құбылыстармен бетпе-бетте қорқыныш пен үміттің таразы басын теңселтіп жіберетіндігін ескертуі бүгінгі бейқұт әбігер жағдайында бәрімізді ел ертенінін, қала берді болашақтың қазіргенде қауіпкері болуға үндегендей рухандыратыны – риясыз шындық.

**Жанабай КЕМАЛ,
Қазақстан Журналистер
одағының мүшесі.**

● ҒАСЫРЛЫҚ ҒИБРАТ

Балалық күндерін жылусыз жетімдер үйінде өткізіп, он екі жасында ашаршылықтың аранына, жиырма бір жасында соғыстың от-жалынына түскен Бөрібай атаның көрген қиындықтарын ой безбеніне салудың өзі ауыр. Сом салмақты көтеріп, тоң азапты жібітіп аман-сау бүгінге жеткен осы бір тұлғаның болмысы болаттан құйылған ба дерсіз. Неткен рухы мықты жан деп таңғаласыз.

Расында, ол кісіні іздегенде көзінен нұры, сөзінен сүді қашқан көненің бір белгісін ғана көреміз деп барғанбыз. Қалай дегенде қиялымызға ғана сыятын жүз жастың оңай емесі анық-ты. Бірақ, алдымыздан аласармаған, өр кеуделі жан шықты, көңіл шуағы өң-жүзіндегі ескі әжімнің өзін әрлеп көрсетеді екен.

Ал біз алтын сандықты ашуға құмарланғандай қариядан сыр тартуға асықтық.

ЖҮЗ ЖАСТАҒЫ ЖАРҚЫН БЕЙНЕ

– Ата, ғасыр жасау – мыңның біріне бұйырмаған жазмыш. Осы жүз жастан түйген басты қағидаңыз қандай?

– Тірі болу аз, ірі болу керек, балам. Ірі болу жұртқа биіктен қарап тұру емес, керісінше кішік көңіл, кең жүрек бола біл. Жаман ойламау керек, жақсы ойда жүргенің абзал. Ой шындыққа айналады. Отанды сүй, елге керек екенінді сезінсең, көрер жарығың еселенеді, өйткені сен елге керексің. Ол үшін ешқашан еңбектен қашпа, қиыннан жалтарма!

Тағдыр маған бір адам көтере алмайтындай ауырлық артты. Қайтсем осыларды аман сақтаймын деген әкем мен шешем бірінен соң бірі қайтыс болды. Өзіммен бірге туған інім аштықтан әл-дәрмені таусылып, көз алдымда үзілді.

Анырап мен қалдым, көз жасымды сұрттетін ешкім жоқ. Интернеттың ботқасы қарнымызға көбірек барсын деп оған қолмен көсеп тұз араластырып жейтінбіз. Соның бәрі артта қалды. Бұл да өтеді, жақсылыққа жетемін деген ізгі ойдан ешқашан ажырамау керек.

– Ата, жүз жасқа жігерлі жүректен жетудің сыры неде?

– Су ақпай тұрып қалса, иістенеді, жерге сіңіп жоғалады. Ағын су – өмір қуаты. Үнемі қозғалыста болу керек.

Мен соғыста қатты жарақат алдым. Екі қабырғам мен өкпемнің жартысын снаряд жұлып кеткен. Осыған байланысты дәрігерлер маған ешқашан дене қимылын үзбейсіз деген. Өмір бойы дене жаттығуын тоқтатқан емеспін. Бұрын азынмен тұрып, аяқ-жолдармен қаланы аралап жүруші едім. Осы жүзге келген жасымда да сол дағдымды сағынамын, бірақ оған қуат керек. Бүгінде 1 мен 3-ші қабат арасындағы баспалдақпен қайта-қайта жоғары-төмен түсіп-шығып жүремін.

Бұл – бір, екінші, жаман әдетке, жаман ойға жолаған емеспін.

– Жиырма жасыңызда Мәскеудің әскери училищесіне түсіпсіз. Ауыл баласына бұл да қиын соққан шығар?

– Мен әуелі Қызылордадағы ауылшаруашылық техникумда оқыдым. Оны бітіріп, Сырдария аудандық ауыл шаруашылығы бөлімінде бір-екі ай жұмыс істедім. Сол кезде әскерге жасы толған орта білімі барлардың әскери училищеге жіберіп жатты. Себебі ол кезде кеңес үкіметін жан-жақтан жау анталап тұрды, сондықтан әскерді күшейту басты мақсат болған. Жаспын, Мәскеуді көргім келді ме, тез есейім келгені ме, әйтеуір сол шақыруды қабылдағанның бірі болыппын. Сөйтіп, 1940 жылдың тамыз айында РСФСР Жоғарғы Советі атындағы Мәскеу жаяу әскер училищесіне түстім.

Сол училищеде жүргенімде соғыс басталды. Соғыстың ең отты жерлеріне түстім, он жеті айға созылған Ржев үшін болған ұрыстың бел ортасында жүрдім. Ауыр жарақат алып, алты ай емделіп, айыққан соң тағы да майданға кірдім. Германия жеңілген соң Шығыс Түркістан республикасын құру үшін жүргізілген соғыстың сарбазы болып, Қытайдың Шыңжаң өлкесінде тұратын мұсылмандардың азаттық күресіне де қатыстым.

Жеңіспен оралып, бейбіт күндегі еңбек майданының алғы шебіне түстік. Облыстық партия комитетінде қызмет еттім. Қармақшы, Қазалы аудандық партия комитеттерінде 2-ші, 1-ші хатшы болдым. Партия қайда жұмсаса, сонда бардық. Оны Отан-Ананың тапсырмасы деп білдік.

1986 жылы зейнетке шықтым. Ұш қызым, олардан тараған ұрпақ бар, ағайыным алқапқа ортаға алып отырады, шүкір.

Жеңіс мерекесі күні облыс әкімі Гүлшара Әбдіқалықова үйіме арнайы ат басын бұрды.

Ел Президенті Қасым-Жомарт Кемелұлы Тоқаевтың құттықтауын жеткізіп, Ұлы Жеңіске үлес қосқаным үшін, елге жасаған еңбегім үшін алғыс білдірді.

Мұнан кейін «Nur Otan» партиясы облыстық филиалы төрағасының бірінші орынбасары Ақмарал Әлиязарова, елге белгілі емші Кенжебай Тоғызбаев секілді бірқатар азаматтар келіп, сәлем берді, батамды алды. Облыстық ардагерлер кеңесінің төрағасы Серік Дүйсенбаев жиі соғып, жағдайымды сұрап тұрады. «Арма деген – әлге қуат» жастамыз ғой, сондай кезде мерейім өсіп, көңілім татыс қаламын.

– Жас ұрпаққа не айтасыз?

– Адам ептілікпен де, есеппен де биікке шыға алады, бірақ оның ғұмыры баянды болған емес. Жүзге келсен де жүзің жарқын болу керек.

Адамның көркі – адал еңбек. Абырой мен бақытқа кенелтетін де сол. Азабының артында рехаты тұратын бір-ақ нәрсе бар, ол – еңбек. Өйткені, еңбек тынымсыз қозғалысты қажет етеді, ал, қозғалыста болу – ұзақ өмір сүрудің негізгі сүрлеуі.

Абайдың «талап, еңбек, терең ой» дегені осы заманға келеді. Талапқа қолдау, еңбекке құрмет, ойланғанға оң жол көрсететін тәуелсіздігіміз – бүгіннің де, ертеңнің де ең зор байлығы.

Баршана менің жасымды берсін. Қазақ елі көркейіп, ұрпағымыз көбейсін!

Жазып алған:
Дүйсенбек АЯШҰЛЫ,
«Сыр бойы».

● СЫР МАҚТАНЫШЫ

АЛТЫ АСУҒА АЯҒЫН ТҰР НЫҚ ТІРЕП



Әр адамның өмірінде қастерлеп, қадір тұтатын ұғым түсініктері болады. Солардың бірі – «сыныптас», «курстас» деген ұғымдар. Көпшілік секілді мен де оларға ерекше құрметпен қараймын. Себебі, олар – енді қайтып оралмайтын жастық, алғаусыз, кіршіксіз таза армандардың, бүгінгі күн өлшемімен қарағанда сәл күлкілеу болып көрінетін қызық-шыжықтарымыздың алтын дәуірі. Сол дәуірді бірге өткізген, кейін өмір, қызмет жолдарымыздың сипаты мен мазмұны ұқсас болған курстасым Өлмесхан Болатбеков бүгінде 60-тың асуын еңсерді.

Сб Жолдасбек АҚСАҚАЛОВ,
«Сыр бойы».

сәл-пәл табиғатынан арыла бастағанымыз болмаса о кезде қоғам кеңестік-большевиктік, басқаша айтқанда, жылдар бойы қалыптасқан лениндік-сталиндік бюрократизм құрсауынан арыла қоймаған еді. Себебі біздің бұрынғы мектебіміз сол дәуірмен байланысты болды. Кімнен үйренесің, кімнен үлгі аласың, бұл жағы дүдәмалдау еді.

Кейде қызмет бабында кездесіп қаламыз, курстас болған соң жай ғана адами сыйластық тұрғыда араласамыз. Қызылорда қаласы әкімінің орынбасары болып тегеурінді басшы, ел алдында, өз қызметінен үлкендердің алдында тайсалмайтын Қожахмет Баймахановпен түсінісіп, қызмет атқарды.

Саясаттың үлкен-кішісі болмайды, оның мазмұны ұқсас, қай жерде кімге не айту керек – бәрін білген, ұқыпты болған абзал, аябаймай жеңіл сөйлесен, көп ұзатпай сөз иесін табады, интрига, яғни шығғаланы молдау тірліктен қашық жүрсен де, ол сені іздеп табады. Өлмесхан Қазақстан Республикасының Тұңғыш Президенті – Елбасы негізін қалаған партияның Қызылорда облыстық филиалы төрағасының бірінші орынбасары қызметін 10 жыл атқарды. Партия жетекшісінің бірінші орынбасары болғандар – Бақытжан Жұмағұлов, Дархан Қалетаев, Нұрлан Нығматуллин, Әділбек Жақсыбеков, Бауыржан Байбек, Бақытжан Сағынтаев сияқты белгілі саяси тұлғалармен түсінісіп қызмет істеді. Интрига да болды, сыбайлас жемқорлықпен күресті, жоғарыға соңынан әңгіме де әр қырынан жеткізіліп жатты, бірақ осының барлығы оны жасыта, сағын сындыра алмады. Қайта жігерлене түсті, тіпті сол жылдары Елбасы Жарлығымен «Құрмет» орденімен марапатталды.

Осы орайда курстас досы Мақсат Тәжімұратовтың жазғаны есіме түсе кеткені. «...Алматыдан шығарда тілі ашы біреулер: «Әй, қыр астынан тезек теріп кетесің-ау» – деп қалып еді, жоқ, Өлмесхан Болатбеков мұратына беріктігін танытып, көпті мойындады. Пенде атаулыға сауаптан басқа ештеңе істемейтін, ісіне тиянақты, ағайынға қайырымды ол азаматтық, жігіттік сапа қиырды. Ең бастысы, достыққа адалдығы біз көре қалған бәз баяғы қалпында...» деп жазды ол. Өз басым бұған қоспасам, аларым жоқ. Өйткені мен соңғы 20 жыл бойы оның қасында тым жақын жүрдім. Бір-бірімізге тілеуор, тілектес болдық.

Өлмесханға кейде балалық дәурені өткен Бөріойнақтың адыр-адыр белдері, Жетітөбенің қызғалдақ теретін көкмайса баурайы, разьездігі қым-қуыт тіршілік, тарсыл-дүрсілі байыз таппайтын поездар қозғалысы еске түседі. Алақандай ауылдың ешкіммен шағағы жоқ, тәулік бойы темір жолдың жұмысымен біте қайнасқан жұмысшылардың әрбір сағаты санаулы. Жүйтігінен поезбен жанасып өркениет лебі соғатын секілді.

– Балкім сағынышым ба, әлде заманның тегеурінді тауқыметіне төтеп беріп, әрі аналық мейіріммен айналасын нұрландырған қасиеттілігі ме, мен темір жол бойына жиі баратынды шығардым. Басқан ізін көргім келеді, еңселі балғасы тиген рельсті сипағым келеді. Әйтеуір артында іздеуші ұрпақ

қалдырған аналық адал үмітін ақтағым келеді, – дейді Өлмесхан сезімге беріліп.

Жаңақорғанға жол түскенде Құмсаба бейітіндегі ата-анасының қабіріне аялдап, бейіттің айналасын тазартып, шырақшы бар, өзі бар, әйтеуір аруақтарға дұға оқиды.

Бір заманда Әмила анамызды Жетітөбе мен Қостөбе ортасындағы темір жол көпіріне күзетші етіп қойыпты. Көпір үйден екі-үш шақырым алшақ жатыр. Күндіз қарасы бар, әйт десе, естиді. Қиыны түн ғой, жападан-жалғыз тұрасың. Ең құрығанда, қолына қару ұстатса қайтеді, сес болады. Ол да жоқ. Бір қолында Мәтеннің жиде талынан шауып берген шокпары, екіншісінде ондық шам. Күзетші анасының бес қаруы – осы. Қас қылғанда сол жылдары ашқұрсак жыртқыш аң да көбейіп кеткен. Малды былай қойып, адамға бас салудан жасқанбайтын. «Сонда деймін-ау, қорқыныштан тайсалмаған шешемнің де жүрегінде түгі бар екен ғой, айналайын анам-ай, қиналған сәттерін тіс жарып айтпағаны ғой. Әкем Мәтен көзін ашқаннан темір-жолда қызмет етті. Маңдай тер, адал бейнетімен омырауына орден таққан бірегей бригадир болды, қазір разьезде оның ескерткіш тақтасы ілулі тұр». Бұл – Өлмесханның бізге айтқан тағы бір сыры.

Ертеректе сұхбат алған жас журналист Өлмесханға: «Сізге күш беретін не құдірет?» депті. «Маған күш сыйлайтын отбасым, аяулы жарым Мәншүгім, балаларым» деп жауап беріпті курстасым. Сол балалар бүгінде есейді. Олармен лайықты мақтануға болады. Ұлдары Дархан, Нұрасыл, қызы Райхан абыройлы қызметте. Айтпақшы, Райхан медицина ғылымының докторы, шетеледе білім алды. Гинекология саласының білікті хирургі, қазір оған білімі мен біліктілігі үшін ота жасауға кезекке тұратындар көп. Әке қуанышы, мерейі, міне, осыны ай!

Өлмесхан туралы айтқанда біз, әлбетте, Би апа, Бибігүл Мәтенованы айналып өте алмаймыз. Ол – кейіпкеріміздің туған бауыры. Журналистиканың темір деканы Темірбек Қожекеевтің өзі сыйлап, сөзін жерге тастамайтын Би апа КазГУ-дың түлегі. Өмірден ерте кетті. Соңында жақсы із қалдырды. Курстасы жазушы Мылтықбай Ерімбетовтің естелігінен оқыдым. Қазақтың бүлбүлі Б.Төлегенованың Би апаны еске ала отырып, қатты толқып, көзіне жас алғанын айтып еді. «Аппақ сазандай болып, жарқылдап, аңкылдап жүрген адам, аяқ-астынан кетті де қалды. Ұшып жүріп, ұшты да кетті. Тыным таппай жүгіріп жүргенде: «Бір уақыт жаныңды күтсейші» десем, «отырсам ойлап ұайымдай бастаймын, қимылдай берсем тірлікке айналып, ауруымды ұмытқандай боламын» дегеніне де аса мән бермеппін. Төсек тартып жатқаны есімде жоқ. Ең үлкен қасиеті – ешкім туралы бір ауыз жаман сөз айтпайтын. Жақсы адам арада қанша жыл өтсе де ұмытылмайды екен. Сондай жақсының бірі аяулы сіңілім, сырласым Бибігүл еді ғой» дейді КСРО халық артисі, Еңбек Ері Бибігүл Төлегенова.

Өлмесханның да болмысы ел есінде қалған Би апаның бейнесіне тым ұқсас. Өйткені, екеуі де ата қарын, ана сүтін бір арнадан алған текті әулеттен.

Ол – бақытты жан.



РУХАНИ ҮНДЕСТІК ҮЙЛЕСІМІ

Орыс халқының ұлы ақыны Александр Сергеевич Пушкиннің есімі сонау бала күнімізден жадымызда жатталып қалған. Әдеби көркем туындылары арқылы әлемге танылған орыс халқының ұлы ақыны 1799 жылдың 6 маусымында Мәскеу қаласында, дворян отбасында дүниеге келген.

Ғазиза ӘБІЛДА,
«Сыр бойы».

Өз дәуірінің ағымына қарай терең танымы қалыптасқан, озық ойлы ерекше талант иесі Пушкин шығармаларында шынайы өмір келбеті суреттеліп, әділдік пен азаттықтың рухы биік тұрады. Кеменгер ақын классикалық орыс әдебиетінің негізін салушы көрнекті тұлға ретінде тарихта қалды. Расында, ақын шығармашылығы әлемге кеңінен танымал. Ақын шығармаларындағы орыс халқының қарапайым тұрмыс-тіршілігінен бастап, адам баласына тән қадір-қасиет жайлы, сондай-ақ, ақынның өзі өмір сүрген дәуірдегі қоғамдық қайшылықтар тұрғысынан қозғаған терең ой-толғаныстары жалпы оқырманды бейжай қалдырмайды.

Әділетсіздікті ащы сынға алып, шынайы өмірлік құндылықтарды шебер суреттеп, оқырманды еріксіз баурайды. Сондықтан ақынның көркем туындылары көптеген тілдерге аударылып, көкірегі ояу оқырманның көңіл төрінен орын алған. Шындығында, ақынның ой-сезімінің қалыптасуына 1812 жылғы Отан соғысы мен 1825 жылғы декабристердің патша өкіметіне қарсы көтерілісі сынды тарихи оқиғалар әсер еткен деседі. Осы тақырыпта ол «Чадаевқа» (1818), «Деревня» (1819), тағы басқа азаттықты аңсайтын өлеңдер жазғаны үшін бірнеше жылға жер аударылып, Мәскеуге 1826 жылы оралады.

Пушкин өз шығармаларында орыс шаруаларының тағдырын баяндайды. Бұқара халық пен түрлі топтарды, қалыптасқан ортаны, адамдардың өмір сүру дағдысын, талабы мен талғамын көркем бейнелейді. Әлеуметтік, тарихи мәселелерді

терең талдаған қоғамдық-саяси көзқарасының өткірлігі, өзектілігі қарапайым оқырманның жан дүниесіне қапысыз жол табады. Мәселен, ол «Капитан қызы» және «Пугачев тарихы» романын жазар алдында архив актарып, тарихи деректерді талмай зерттеген. Сондай-ақ, оқиға болған орындарды аралап, көтерілісті көзімен көрген адамдармен кездесіп, олардың естеліктерін жинақтаған деседі. Осылайша ол шаруалардың патшаға қарсы көтерілісінің басшысы Пугачевтің бойындағы батылдық пен қайырымдылық қасиеттерін, елді соңына ерте білген ақылдылығын айқын суреттей келіп, қоғамдық қайшылықтардың себеп-салдарын тарқата жеткізеді.

Қазақ халқының заңғар жазушысы М.Әуезов Пушкин шығармашылығына былайша баға берген екен:

«Александр Сергеевич Пушкин – әрқашан заманмен бірге, әлемнің мың сан халықтарымен күнбе-күн тілдесіп отырған, жүздесіп отыратын мәңгілік суреткер». Бұл – өте дәл берілген баға.

Біз мектеп қабырғасында жүргенде ақынның «Балықшы мен алтын балық» шығармасын оқып, адами ізгі қасиеттің бірі – қанағатшылық пен сабырлықтың өмірлік маңызы зор екенін ойымызға түйген едік. Есейе келе, жоғарыда айтып өткен «Капитан қызы», «Дубровский» сияқты шығармаларын оқып, сол кезең тұрғысындағы саяси-тарихи оқиғалармен таныс болдық. Оқиғаның басты кейіпкерлерінің күрескерлік болмысы қызықтыратын.

Пушкин шығармаларына алғашқылардың бірі болып қызығушылық танытып, қазақ тіліне ау-



дарған қазақтың ұлы ақыны Абай Құнанбайұлы болатын. Айталық, Абай Пушкиннің «Евгений Онегин» романының үзінділерін қазақ тіліне аударды. Онда Абай «Онегиннің сипаты», «Ленскийдің сөзі», «Татьянаның хаты», «Онегиннің ойы», «Онегиннің сөзі», «Онегиннің хаты», «Татьянаның сөзі» деген бөлек-бөлек туындылары арқылы шығарма авторының ой-толғамын қазақ халқының жүрегіне жақын, таным-тәрбиесіне лайық өзіндік шеберлігімен ұштастыра жеткізген.

Әйгілі «Абай жолында» Абайдың былайша ой тұңғызына батып отыратын сәті бар: «Басында ақылы мен ашуы шарпысып, кезек жеңісіп барып, ақырында сыншы – кемел ой жеңсе де, шерлі көргіш боп алып, тына қалған жан аға бар. Сол ағаның дертін көріп «тыңғаннан не тауып ек?» деп ызасы мен қызуына бой ұрып, жулысып өлген іні бар. Сол аға – Пушкин. Сол іні – Лермонтов. Кейінгі ұрпаққа, барлық ел, барлық заман, бар қауымдағы ойлыларға атой салып, өмірлері шырақша жанып өткен аға, іні...» Осы ойдың әсеріне беріле отырып, Абай өзі аудар

бастаған Татьянаның хатын қолына алады. Терең сырға толы ғашықтық жырлары жүрек түкпіріне бойлай, тылсым бір үндестік тапқандай... Көз алдынан кешегі бозбала дәуреннің ащы да тәтті естеліктері елес берді. Жүрегіңде өшпестей орын алған кіршіксіз махаббаты – ару Тоғжанның аяулы бейнесі, одан бөлек, Салтанат бейнесі, ыстық сезім, ынтық көңіліне дауа таппай, «тағдырдың жазуына» амалсыз көндіккен талай ғашықтардың кешкен күйі Абайдың ойын алаңдата берді. Жалпы ұлты бөлек болса да, нәзік болмысты әйел затының кешкен тағдыры мен ұстанымында әлдебір үндестік барын байқады. Осылайша ол Татьянаны өз ойынша сөйлетті.

Амал жоқ – қайттым білдірмей, Япырым-ау, кәйтпін айтамын? Қоймады дерттің күйдірмей, Не салсаң да тартамын.

Талапсыз, баксыз мен сорлы, Еріксіз аттап ұяттан. Қорлыққа көңдім бұл құрлы, Байқалар хәлім бұл қаттан. Осы сәтте бұл шумақтар әуезді бір әнге айнала берді. Осылайша Ақшоқы ауылында дүниеге келген

жаңа ән Әйгерім, Ербол, Баймағанбет, Кәкітай, Мұхаметжан сияқты алғашқы тыңдаушыларының ыстық ықыласына бөленіп, көп ұзамай-ақ, ауыздан-ауызға көшіп, кең тарала берді. Әсіресе, бұл ән Әйгерімнің орындауында ерекше әсерлі естілетін. Семей қаласына барған бір сапарында Абайдың досы Михайлов бұл тамаша әнді Мағаштың (Мағауия) орындауында тыңдап, ерекше сүйсінеді. Аударманың түпнұсқадан айырмашылығын да аңғара білген ол, орыстың ұлы ақынын қалың қазаққа танытып, әдеби, рухани байланыс орнатқан Абайға ыстық ықыласпен алғысқа толы сәлемін айтып жіберген еді...

Абай отыз-қырық жасында орыс әдебиетінің көрнекті ақын-жазушылары А.Пушкин, М.Лермонтов, Л.Толстой, Н.Некрасов, И.Тургенев, И.Крылов шығармаларын және көрнекті сыншы-ғалымдар В.Белинский, В.Добролюбов, Н.Чернышевский еңбектерін оқып, озық ой-пікірлерімен танысады. Лермонтов аудармалары арқылы қазақ халқын Гете, Гейне, Байрон, Шиллер сынды әлем әдебиеті классиктерінің шығармаларымен қауыштырды. Осы еңбектері жайлы айтқан Абайдың: «Отыздың ішінен бастап Еуропа оқымыстыларының көп кітаптарын оқып, қырыққа таман келген уақытта дүниенің асты-үстіне шығып үлгеріп, күншығысым – күнбатыс, күнбатысым – күншығыс болып кетті» деген сөзінен ақынның ішкі толқынысын танимыз, яғни, жан дүниесінде жанаша ой-толғаулар түзіліп, нақты өмірлік көзқарасы қалыптасқанын байқаймыз.

Иә, Абайдың «Евгений Онегиннен» аудармалары, ондағы «Татьянаның хаты» әні қазақ жұртына кең тарады. 1984 жылы бұл әнді музыка зерттеушісі Қ.Жұзбасов Мәкен Мұхаметжановадан таспаға жазып алып, нотаға түсірген.

Осынау өміршен туындылар әлемдік әдебиет тарихында қалған бағалы қазына деп білеміз.

Айтулы ақын, әрі жырау Рахмет Мәзікөжаев 1881 жылы Сырдария ауданына қарасты Амангелді ауылында дүниеге келген. Жастайынан өлең айтып, жыр жырлап өнерге бейім болды. Соғыс жылдарында Нартай бастаған өнер тобының белсенді мүшесі болып, ел арасында өнер көрсетті. Кейіннен «Қызыл отауды» басқарды. Облыстық, республикалық айтыстарда өз өнерімен көрініп, соғыстан кейінгі жылдары ауыз әдебиеті нұсқаларын жинауға үлес қосты. Жырау Ғылым академиясы, Орталық ғылыми кітапханасының қолжазба қорына 60 мың жолдан аса қисса, өлең-жыр тапсырды. Бүкіл түркі халқына кең тараған «Көрұғлы» дастаны Р.Мәзікөжаевтың нұсқасы бойынша 1973 жылы жарыққа шықты.



жетілдірумен бірге, оны кеңінен насихаттаушы. Оның тынымсыз еңбекқорлығы арқасында ел аузынан жинаған «Шахзада», «Ораз молда», «Сұрмерген», «Ағайынды үш жігіттің әңгімесі», «Жолбарыс мінген ұры», «Жеті ашық», «Қыз Жібек», «Мұңлық-Зарлық», «Қобыланды батыр», «Алпамыс батыр» жырлары мен қисса -дастандары халқының рухани шөлін қандыратын сарқылмас кәусар бұлақ іспеттес. «Көрұғлы»

ДАРИЯ ЖЫРДЫҢ ДАРАБОЗЫ

Даңғайыр жырау туралы сөз бастар алдында мына бір әңгімені айта кеткенді орынды көрдік. Бірде Қызылорда астана болып тұрған кезде, жерлесіміз сатирик ақын Асқар Токмағамбетов алғашқы тырнақалды туындысын көрсетпекші болып, Лияс Жансүгіровке барған екен. Сол кезде ол кісі «Ойпырмай, бұл жерде қамыс көп пе, ақын көп пе?» деп таңғалған екен.

Лияс бекер таңданабаған. Жарық сәуле шашып, гауһартастай құбылған Рахмет секілді сан қырлы өнер иесінің жыраулық, ақындық, шығармашылық қазынасы бір-бір мектеп десек, артық айтқандық емес. Ол қазақтың ұлттық өнерінің таспада, уақыт шаңының астында көшпенді жұрт жаққан оттың қоламтасында сөнбей қалып қойған алмас жырларын, қорытпа-қорыш қиссаларын, шашылған асылының сыншытарын жинап, құрап, өзіндік табиғи заттық болмыс-бітімімен әрлеп, оны бедерлі де әсем саф алтындай қорытып, сомдалған сұлу өнер туындыларын дүниеге екелді.

Мұхтар Әуезов халық ауыз әдебиетіндегі қиссаларды жинап, ел ішінде жыраулық дәстүрді дамытқан Рахмет жыраудың талантына тәнті болып, оны 1957 жылы Алматыға шақырып алады. Оның өзгелерден оқ бойы озық тұратын бір ерекшелігі – ол ұзақ киссаларды танды-танға соғып, жаңылыспай жатқа айтудың жезтаңдай шебері еді. Дүлдүл жыраудың осы қасиетін жоғары бағалаған М.Әуезов оның түркітілдес ұлттарға танымал «Көрұғлы» эпосын бес салаға (дастанға) бөліп жырлаған толық түрін әдебиет институтындағы ұнтаспаға жаздыртып алады. Институттың аға ғылыми қызметкерлері Оразгүл Нұрмағамбетова мен Мәлике Ғұмарова жүргізген бұл игілікті жұмыс «Батырлар жыры» атты көп-томдықтың тобына кіреді.

Жырау 90 жастан асып, кәрілік келіп, шөгіп

қалса да, алыстан Алатаудай биіктей түскен Мұхтардай ұлылар жинап тұрғызған өнертауына сүйсіне қарап тұрып: «... Мұхтар Әуезовпен дидактасқаным, үлкен ғұламалардың алдында бірнеше апта бойы ұзақ жыр толғаған кездерім – менің басым бақ құсы қонып, қазақ еліне белгілі жырау есебінде танылған шағым еді. Осы мақсатқа жету – өмірлік арманым еді, орындалды» – деп тебіренген екен.

Рахмет Мәзікөжаұлының өзіндік орындау мақамдарының ерекшелігімен бөлектеніп, тыңдарман жұртты ынталандыра түседі. Жыраулық өнерге баулыған ұстазы атақты Барат Нақыұлының алған тағылымымен талант табиғатын байыта түседі.

Ертеден шапса кешке озған, ылдидан салса төске озған ол – жыр бәйгесінде шапса шалдырмас тұлпардай жүйріктігімен танылған дарабоз жыр саңлағы. Тек алысқа аттанған шабандоздардай, жыр сәйгүлігінің арындаған басын шыжымдап жіберіп-тартып, «Осыны айтайын ба, осы жырым ұнай ма?» деген тәсілмен кіріспе сөзін былай ағытпады:

– Ынтығып өрге шабайын,
Сөзімді шешіп талдайын.
Сөйлеп қалған шешен таңдайым,
Төл қозыдай манырайын.
Боталы нардай боздайын,
Ішкі шерім қозғайын.
Үлкен, аға мен кішіге,
Сөйлейтін келді, жағдайым.
Бірі жаңа, бірі ескі,
Ұстайсыздар қандайын? – дей келе, әрбір қисса-жырға ат басын бұрып, отты шумақтарды шашып тастап, жұртты кеу-кеулетіп қыздырып алатын болған.

Рахмет жырау – халықтың көмбе рухани қазынасын ұлттық ою-өрнектерімен нақыштап

жырынан кейінгі көлемді шығарманың бірі – «Қамбар батыр» жырының толық нұсқасы ақынның өз аузынан ұнтаспаға белгілі ғалым Б.Ерзакович пен әдебиетші-зерттеушілер М.Ғұмарованың, О.Нұрмағамбетованың қатысуымен жазылған. Бұл жырдың мазмұны мен көркемдік ерекшеліктері өзге нұсқалардан өресі биік және өте айқын түсіндіріледі.

Жыраудың өнер мұхитында айдынын ашып, кең құлашты, шалқар шабытпен жырланатын ауқымды шығармасы – «Көрұғлы» жыры. Мұхтар Әуезовтің арнайы шақыртуымен Алматыда 1958 жылы жазда өзі жырлаған, оған қоса қызылордалық белгілі жыршы-ақын Қуаныш Баймағамбетовке төте жазумен және араб әрпімен (кадімше) жаздырған нұсқасы «Әдебиет және Өнер» институтының қорын толықтыра түсті. «Жазушы» баспасынан 1989 жылы шыққан көптомдық «Батырлар жырының» 4-томы осы «Көрұғлының» үш редакциясымен қайта қаралып, кемшіні жолдары түзетіліп әрі толықтырылып, қайтадан редакцияланып баспаға енгізілді.

Бертін келе, 1975 жылы «Ғылым» баспасынан шыққан «Қазақ жазбаларының ғылыми сипаттамасы» атты кітапта әдебиет және өнер институтының ғылыми қызметкері Мардан Байтділдаев: «Көрұғлы» жырының қазақ тіліндегі нұсқасы деп Рахмет Мәзікөжаев жырлаған нұсқаны айтуға болады. Рахмет жыраудың жыр өлшемдерінде, тілінде, мазмұнында зерттеуді керек ететін жаңалықтар бар. Бұл нұсқада Қорұғлының ерліктері көбірек сипатталады. Басқа нұсқаларда (қисса «Көрұғлы» 1937 жылы Қошанов түсірген) Қорұғлының ерлік, қайрат көрсетуден гөрі аң аулап, серуен құрып, пері қыздарымен жүргені көбірек айтылған» – деп пікір білдірген екен. Ғұлама ғалымдар мен ғылыми қызметкерлер талдау жасап айтқан осы

зерттеу-пікірлер Рахмет Мәзікөжаұлының жыр әлеміндегі жыраулық ерекшеліктерін дәлме-дәл шегелеп көрсеткендей.

Ақын өлеңдері көбіне табан астында, тірлікте болып жататын қайшылықтар мен өзгерістерге сәйкес (экспромтпен) төтеннен тез шығарылып, оқиға болған жерде көбінесе ауызба-ауыз айтылған. Сондықтан кезінде қағазға түспеген әдеби мұрасын жинау қиындық келтірді. Сырдария ауданының тұрғындары Мұхамедияр Алтынбаев, Бодық Жылқыайдаров ақсақалдардан жыраудың бірнеше айтыс өлеңдері жазылып алынған. Өзі суырыпсалма, сөз тапқыш, арқалы ақын бола тұра, кенес дәуірінен қалыптасқан мақтау, әсірелеу әдетінен бойын аулақ салған ол небір торқалы тойларда да қоғамда болып жатқан жаңа өзгерістер мен құбылыстарды

ұранды-одағай сөздермен сомдап, сұлуламай-ақ, өзінің табиғи көрініс-келбетімен дәлме-дәл суреттеп жеткізе білген.

«Бесжылдық», «онжылдық» жоспарларды қабылдап, міндеттемелерін орындау барысында сөз бен істің арасындағы алшақтық болып жатса, «жауырды жаба тоқып» жырлаған ақындардың тірлігін Рахмет жырау қабылдамаған.

Талай рет алқалы топта халық ақындары айтысына қатысып, додаға түсті. 1958 жылы Қызылорда қаласында Әбділда Жүргеновпен, жамбылдық ақын Өкім Жайлауовпен айтысқаны белгілі. Айтыс жанрында да ақынның жыраулық ерекшелігіндегі тұстардай, халық алдында өнер мәдениетін ұстап қарсыласының мінін қазып, тарпа бас салмай ұтымды ой, терең тенеумен, саикалы сыпайы сөзбен арынасына түсіріп, арындап шабар жолын алдынан аршып алып барып кесілетін болған.

Шаруашылықтағы кемшіліктерді сынап, еңбек ерлерін мадақтайды. Олардан сол кездегі дәуір тынысын, алып құрылыстар мен завод-фабрикалар тынысын, балығы тайдай тулаған Арал теңізінің шуылын, жайлаудағы төрт түлікті, ен байтақ егісті даламыздың нан ісін сеземіз...

Жыраудың жыр жолдарын ұмытпай, болашақ ұрпаққа дәріптеу – бізге міндет. Сөз соңында Сырдария ауданына қарасты Амангелді ауылындағы мәдениет үйіне осы дүлдүл ақынның атағы берілсе, бүгінгі жастардың бойына кешегі өткен Рахмет жыраудың жыр маржаны мәңгілік есте қаларлықтай, көкте шарықтап тұрар еді демекпін...

**Аққошқар СЕРАЛИЕВ,
Қорқыт ата атындағы
Қызылорда мемлекеттік
университетінің доценті.**

ШЕЖІРЕШІ ШЕРТКЕН СЫР

Қасиетті топырағында жүз шайыр өмір сүрген Қармақшы жерінің тумасы, ақын, шежіреші Әлімбай Әлиасқаровтың есімі Сыр жұртшылығына жақсы таныс. Ақын шығармалары кезінде “Пернедегі термелер”, “Нақыл сөздер” топтама жинақтарына енген. Ал 1965 жылы “Еңбек күйі” атты өлеңдер жинағы, 1975 жылы “Қанатты қыз” жыр жинағы “Жазушы” баспасынан жарық көреді. Бұл кітаптарға ақынның өлеңдері, хикаялары, аңыздары енгізілген. Ал 2008 жылы “Қазақ шежіресі” атты деректі еңбегі ұрпақтарының қолдауымен жарық көреді. Онда қазақ халқының арғы-бергі тарихы, рулық-туыстық қатынастың ерекшеліктері қамтылған. Сондай-ақ, “Сырдария кітапханасы” 200 томдығының бір томы Әлімбай Әлиасқаров шығармаларына арналған.

Сб Ғазиза ӘБІЛДА,
«Сыр бойы».

Ол әйгілі Сыр сандағы, Шығыс әдебиетінің жауһары – “Шаһнаманы” қазақ тіліне аударып, ұлттық әдебиетке зор табыс алып келген Тұрмағамбет Ізтілеуов мектебінде білімін шындайды. Бертін келе кеңес мектебінде оқып, 7 сыныптық білім алып шығады. Бұрын ескіше оқып, төте жазуға машықтанған жігіт енді кирилл әліпбиін де игеріп алады. Осы тұста көне жазбаларын қайта өңдеп, жаңа әліпби бойынша көшіріп, жергілікті басылымдарға жолдайды. Мәселен, ақын туындылары 1927 жылдан бастап байырғы “Еңбекші қазақ”, қазіргі “Сыр бойы” және “Қармақшы таңы” мерзімдік басылымдарында тұрақты жарияланып отырған.

Ә.Әлиасқаров Шығыс әдебиетінің классикалық туындыларын, сонымен қатар, жергілікті сүйелдер шығармашылығын терең білетін. Бұдан бөлек, ел тарихындағы есімі әйгілі батырлар жайлы небір құнды деректерді жинақтап, халыққа жеткізеді. Осылайша талантты ақын,

білімді де білікті жігіт елдің сауатын ашып, рухани таным деңгейін көтеруге үлкен үлес қосады. Өйтсе де білімді азаматтарды қия бастырмай, “қарауылға” алған сол бір кезеңде бұл да “қызыл жағалылардың” қырына ілініп, 1937 жылы “халық жауы” деп жазықсыз жазаға тартылады. Бұл уақытта Ә.Әлиасқаров 29 жаста болатын. Содан Ұлы Отан соғысы басталғанша өмірін Солтүстікте, Колыма өлкесінде өткізеді. Айдауда жүріп, тауқымет тартқан жігіт 1942 жылы өз еркімен майданға сұранады. Ол өтініші арада бірнеше ай өткенде ғана мақұлданады.

Сталинград манайында соғысқа кіріскен ол Отан қорғау алдындағы жауынгерлік міндетін жанқиярлықпен атқарып, майданның алғы шебінде жүреді. Белорусь майданында, Польша мен Венгрия жерлерін азат ету кезінде ерлікпен шайқасады. Иә, 39-гвардиялық атқыштар полкінде взвод командирі болған Әлімбай Әлиасқаров Ұлы Жеңісті



Еуропа жерінде қарсы алған еді. Соғыстағы ерлігі үшін “Қызыл Жұлдыз”, “Ұлы Отан соғысы” ордендерімен және бірнеше жауынгерлік медальдармен марапатталған. Сондай-ақ, ол майданда жүріп жазған отты жырларымен жауынгерлерді жігерлендіріп, елге жолдаған хаттарында да қамкөңіл халықтың Жеңіске деген сенімін арттыра білген. Мысалы, “Майданнан хаттар”, атты топтамасының төртінші хатында:

...Біздің қыран қызыл ердің,
Батты жауға тырнағы.
Тұлғасындай күш-жігердің
Достар тірі жүр бәрі.
Майдан үсті апыр-топыр,
Жатыр жаулар қан болып.
Фашист қашып бара жатыр,
Сәтті біздің бар жорық,
— деген жыр жолдары соның айғағы.

Соғыстан оралған соң елдегі тұрмыс-тіршілікке бел шеше кірісіп, егіншілікпен айналысады. Өмірден көрген-түйгенін мол азамат адал еңбегімен абыройға бөленіп, ағайын-туыс, ауыл-аймаққа

сыйлы болды. Балаларын оқытып, ел қатарына қосып, немере-шөбере сүйеді. Сол құрметпен зейнеткерлікке шыққан қазыналы қария елдің бірлігі мен берекесін сақтауға барынша үлесін қосты. Жоғарыда ақынның 1937 жылы “халық жауы” деп айыпталып, Ұлы Отан соғысына өз еркімен аттанғанша айдауда болғанын айтқан едік. Бұл жазадан ол 1958 жылы ақталып шықты. Иә, қилы-қилы тағдыр жолынан өтсе де қайсар ақын қаламын қолынан тастамайды. Майдан күнделігінен, сондай-ақ, өмірдегі адами құндылықтар жайлы көрнекті ойларын жана туындыларына арқау етеді.

Әлімбай Әлиасқаровтың “Қорқыт”, “Төрт дәруіш” дастандары – Шығыс әдебиеті дәстүрімен аңыз желісінде жазылған көркем туындылар. Шығарманың түпкі мазмұны – адамгершілік қағидаларын терең насихаттауға саяды.

Қорқыт ата атындағы КМУ-дің профессоры, филология ғылымдарының кандидаты Ұлжан Жанбершьева өз еңбегінде “Төрт дәруіш” дастанын Сыр бойы ақындарынан Әбзәлі Егізбайұлы, Базар жырау, Әлімбай Әлиасқаров жырласа, оңтүстік ақындарында Шәді Жәңгірғали жырлағанын айтады. Оның ішінде Ә.Әлиасқаровтың шығармашылығы туралы Ұ.Жанбершьева былай деген екен:

“Ә.Әлиасқаровтың әрі көлемді әрі көркем жазылған “Төрт дәруіш” дастанының оқиғасы былай басталады:

Бір патша қанша бай болса да, бір перзентке зар болыпты. Бір күні уәзірлерін шақырып, кеңес құрады. Оларға нашар киініп, қабірлерді аралап, құдайға жалбарыну керектігін айтады. Осылайша қабірлерді аралап шыққан уәзірлер төрт



дәруішке кездеседі. Олар: бірі – науқас, бірі – есінен алжасқан, енді бірі – адами қасиеті аз, аң сияқты ел кезген жан болса, төртіншісі – диуана екен. Оқиға осы төрт дәруіштің басынан кешкен жайларын баяндаудан тұрады.

Дастанда көтерген басты идея – адамға тән асыл қасиеттерді мойындау, қастерлеу, сондай-ақ, адам баласының өз бақыты жолында күресе білуі керектігін дәріптеп жеткізеді. Шығарманың идеялық мазмұнындағы тағы бір құндылық – зұлымдықты әшкерелеп, дүниеқоңыздық пен жауыздықтан бойды аулақ ұстау. Жалпы, бұл дастанда әділдік, гуманистік ойлар негізгі мотивке айналған. Сол секілді, ақынның 750 жолдан тұратын “Қорқыт” дастанының негізгі тақырыбы да адамгершіліктің биік нысаны – бірлік пен ынтымақты насихат еткен. Бұл дастан да ежелгі аңызды баяндау әдісімен жазылған...”

Жасы ұлғая келе Әлімбай Әлиасқарұлы Меккеге сапарлап, қажылық парызын өтейді. Сондай-ақ, қайраткер ақын кеңес үкіметінің саясатына кереғар келсе де, дін мәселесін қозғап, 1983 жылы Қармақшы ауданының Жосалы ауылында алғашқы мұсылмандар мешітін ашуға ұйытқы болған дейді. Сонымен қатар, осы жылы Ташкент қаласында өткен Орта Азия дінбасыларының басқосуына Сыр елінің атынан арнайы қатысқан екен.

Бүгінге дейін ақынның жыр-термелері ел арасында кең таралып, халықтың құлағына сіңіп қалған. Соның бірі былайша өріледі:

– Құрметтеймін, халқым-ау, Тіршілікте бәрінді. Кек тұтар деп ойлама, Жайсаң да қанша зәріңді. Қызғы сол ғой өмірдің – Сыйлаймын жас пен көріңді, Бірлікте – барлық береке, Көрмейін әрі-сәріңді. Ұрлық, өтірік, өсексіз, Еңбектен ізде нәріңді. Болмашыға ренжіп, Кетірмендер әріңді. Қызық өмір сол болар, Отырсаң үйде аман-сау, Базар етіп барыңды...

“Ақын Әлімбай Әлиасқаров шығармаларының ең өзекті тақырыптары – Отан, туған жер, адами қасиеттер болса, идеясы – ұлттық рухты, патриоттық сезімдерді ұялату, Отанды сүюге, табиғат байлығын қорғауға, елжандылыққа, жауапкершілікке тәрбиелеу. Қазақ сөз өнерінің ортасынан ойып тұрып орын алуға тиісті ақынның әлі де зерттеуді қажет ететін туындылары жетерлік. Ол алдағы күндердің еншісінде. Әлімбай Әлиасқаровтың өз әлемі, өзіне ғана лайық тұғыр-тағы болатынына сенемін, – деп жазған екен немересі Сәуір Әлиасқаров. Расында, отты жырларымен, ойлы да шұрайлы шығармаларымен қазақ әдебиетінің өркендеуіне өзіндік мол үлесін қосқан ақын еңбектері әлі де зерттеуді қажет етеді.

ЖАУЫНГЕР

Ел басына күн туып, ер етігімен су кешкен шақта Отан үшін кеудесін оққа тосып, қан майданда қолын жауға, жүрегін жұртына арнаған Жомарт Ергешов сұрапыл соғыстан кейінгі ұзақ жылдар жаралы қолымен-ақ туған жерді түлетуге тер төккен нағыз еңбек майталманы болатын.

Жомарт Ергешов 1908 жылы Шиелі ауданы Ортақшыл ауылында дүниеге келген. Шын аты – Қасым-Жомарт. Әкесі Ергешбай ағайын, ел арасындағы дау-дамайларды бұра тартпай, әділ де дәл шешіп, билік еткен. Бір ауылды асырап отырған бай болған. Әйелі, яғни Жомарттың анасы 16 құрсақ көтеріп, көбі жастайынан шетінен, жеті қыз, бір ұл қалыпты. Ергешбай тұяғым жалғыз болмасын деп атын Қасым-Жомарт деп қойыпты. Жомарт өте қарапайым, қайырымды, қолындағы нанын өзгелермен бөлісетін атына заты сай мәрт болып ержетті.

Ұлы Отан соғысы басталғанда Қызыл Армия қатарына өз еркімен барады. Мұрағаттағы деректерге сәйкес, әскерге 1942 жылдың 10 маусымында Жамбыл облысы Шу аудандық әскери комиссариатынан шақырылып, тізімге 26-шы болып енеді. Хат танымағандықтан, аты-жөнінде қате кеткен. Тізімді жазып, жауынгер ретінде тіркеуші орыс жігіті екен. Атамыз тегін Ергешбай деп айтса, «ой осы қазақтар бай-сайларыңды қойыңдаршы» деп Оргешев, кей құжатта Ергешев деп толтырып, атамызға бес әріпті жазуды үйретіп, Ергешев деп қолын қойғызыпты. Атында да қате бар. Кеңес Одағы кезінде «Ж» әріпінен басталатын есімдердің алдына «Д» қойылып жазылатын. Атамыз атын Қасым-Жомарт деп айтса, «зачем длинные многословные названия» деп Джоматқа қысқартыпты. Осылайша, әскерге қатардағы жауынгер Оргешев Джомат болып аттанады. 26-шаңғышылар полкінің құрамында болады.

Кейіннен атқыштар бригадасына жіберіледі. Талай рет қиын сапарларға шығып, жауапты тапсырмаларды орындайды. Белоруссияның Минск, Борисов, Витебск қалаларын, Брянск орманы арқылы Ресейдің бірнеше қаласын жаудан азат етуге қатысқан. Әкеміздің айтуына пулеметші болған. Польшаға дейін пулеметін сүйретіп жаяу барған. Әкемізді Жеңіс күнінде мектеп оқушыларымен кездесуге шақыратын. Сол жиындарда соғыс жайлы естелігімен бөлісетін. Сондай бір естелігінде әңгіме былай өрбиді:

«Соғыс кезі. Қыс ағы, дала аппақ қар. Түн мезгілі. Екі жақта тыныштық. Жаумен бір-бірін андысып жатқан шак. Солай жау бетті аңдып жатқанда бір қоян оннан солға қарай зулап барады. Кескілескен шайқас екенін ұмытып, рұқсатсыз атып салдым. «Жабайы қазақ, қазір жау бізді оқың астына алса, қайтесің?» деп командир қатты ұрысты. Сонда ғана не істегімді түсіндім. Қасыма жатқан карт орыс жауынгері сөзімді сөйлеп, «қазақты жібер, атқан қоянын



әкелсін» деді. Жер бауырлап барып, әкеп, командирге бердім. Біздің көретін жарығымыз шығар, аңдып жатқан немістер де оқ атпады. Сонда карт жауынгер «қазақ, бұдан кейін мұндай көзсіз ерлік жасама, бәрі осылай сәтті бола бермейді. Осы шайқаста аман қаласың, бірақ жараланасың» деді. Бұл – Брянск ну орманында болған жағдай еді. Сол ұрыста минаның жарықшағы қолыма тиіп, шынтағымды жұлып әкетті. Өзім снарядтың салдарынан терең ойылған жерге ес-түссіз түсіп, үстімді құм-топырақ басып қалды. Содан үш тәулік жатсам керек. Баяғы Алладан амандығымды тілеп, күнде бір мал құдайы беретін, әжем оятып жіберді. Қозғауға шама жоқ, әбден жаурап, топыраққа тастай көміліп қалғанмын. Бір қолым жоқ, жан сезбейді. Көзімді топырақтан әрең арышдым. Жоғары жатқан кішкене ғана санылаудан жарық түсіп тұрғандай. Соған қарай ұмтылып-ұмтылып, бір қолыммен топырақты қыршып-қырышып, әбден әлім қаламады. Шайқаста шеп алға қарай жылжи береді. Жауынгерлердің артқа қарауына мұрша жоқ, ілеспей қалғандарын көбіне өлдіге санайды. Оқ тиіп, мерт болғандары қала береді. Мені де мина жарылып, снаряд жарықшақтары тигенде, өлдіге санаса керек, елге «қара қағаз» жіберіпті. Үш күннен кейін ұрыс алаңында көміліп қалған жауынгерлерді іздеп, түгендегенде мені тауып алды. Ол кезде жердің бетіне тырмысып шығып қалғанмын. Соғыстың соңғы күндерін Польшада өткіздім.

Польшаның бір қаласын алғанда, жарақатым асқынып, госпитальға түстім. Ұзақ емделіп, 1946 жылы елге оралдым. Балалар, осылай сұм соғыс мені «Шолақ ата» атандырды. Бірақ мен бұған ренжімеймін. Отан жолында жаным пидә. 1945 жылы ауылға «қара қағаз» келіпті. 1946 жылы елге оралып, Шу қаласы «Шоссейная», 45» деген мекен-жайда тұратын Әлиша әпкемнің үйіне барсам, қайтыс болған жылдық асымды

беріп жатыр екен, үстерінен түстім. Мені көріп, бәрі есеңгіреп қалды. Қара жамылып қалған келіншегім тұрмысқа шығып кетіпті. Соғыста жүргенде қатты қалғып кетіп, түс көрдім. Түсіме өзен жағасында шашы ұзын білектей, аппақ қыз кіріпті. Қан майданнан Жеңіспен қайтқанда, сол қыз алдымнан шықты, соған үйлендім».

Пулеметші Жомарт Ергешовтың қан майданда көрсеткен ерлігі әскерусіз қалмай, «Қызыл Жұлдыз», «Отан соғысы» орденімен, «Ерлігі үшін» және басқа да бірнеше медальдармен марапатталған. Кескілескен шайқаста ержүректігі үшін ефрейтор атағын иемденіп, «Алғыс хат» алған.

Жауынгер соғыстан кейінгі бейбіт еңбекте де үнемі алдыңғы қатардан көрінді. Ел игілігі, мемлекетіміздің өсіп-өркендеуі үшін орасан зор еңбек етті. Ата кәсібін алға сүйреу үшін мал бақты, егін екті, бау-бақша өсірді, жеміс-жидектерді жайқалтып, көкөністі көгертті. Абыз ақсақал екінің тынды игеруге атсалысты.

Ұлы Отан соғысы және еңбек ардагері Жомарт ақсақалдың атак-даңқының асқақтауына жаяу Айшаттың қосқан үлесі зор болды. Анамыз қара жұмыстан қайыспайтын, қаймықпайтын өте еңбеккор, іскер, турашыл, ешкімнің ала жібін аттамаған адал, жұлдырқтай жүрегінен жылулық ұялаған мейірімді, ағайын-туыс, отбасы арасындағы ырысты үйіріп, көрген көзге үнемі айдай шаттанып жүретін ажарқын кісі еді. Оның қалай салған әр талы тамырланып, мол жеміс беретін, алып ағашқа айналатын. Әкем мен анамыз 1946 жылы шаңырақ көтеріпті.

Анамыз бесжылдық білім алғаныммен, өте сауатты кісі еді. Есеп-қисапқа жүйрік болатын. Құран аяттарын, хадистерді, шариғатта жазылғандарды, пайғамбарларымыздың өмірі, қыздары, анасы туралы аңыз-әңгімелерді, қазақ халқының ертегілерін жақсы білетін.

Еңбекпен есейіп, өсіп-өнген жандар кіндігінен тараған ұрпағына, бүкіл ауылға гирбатты істерімен үлгі көрсетті. Ерен еңбектері еленип, талай жоғары марапатқа, төсбелгілерге ие болды. Совхоз бюджетінен жеке үй салып берді. Айшат анамыздың аты-жөні Қызылорда облысының «Құрмет кітапшасына» алтын әріппен жазылды.

Әкеміз 1980 жылы 9 маусымда 72 жасында, анамыз 2005 жылы 83 жасында дүниеден озды. Жеңіс күні қарсаңында теледидардан екінші дүниежүзілік соғыс туралы фильмдер көрсетіп жатса, әкеміз жерге зыңылдап түсіп келе жатқан бомбаның дауысын естігенде басын шайқап, «енді адамзат тарихында мұндай жан-түршілерлік шайқас болмасын, біздің басымыздан өткен қасіретті Аллам жастарға, ұрпаққа көрсетпесін» деп отыратын.

Жомарт әкеміз бен Айшат анамыздан тараған ұрпақтар бүгінде тамыры тереңге тартқан мәуелі бәйтерекке айналып отыр.

Айбала ЕРГЕШОВА.

Қолыма қағаз алып, сөз саптауыма себеп болған – анда-санда қағаз аударғанда көзге түсетін, соғыс жайлы кинолардан көріп жүретін қайыс сөмке (портуяей дөйтін бе еді). Ішіндегі сарытап болған қағаздағы жазулар көптеген деректен сыр шертеді. Ақтара отырып аңғарғаным, соғыс және еңбек ардагері, әкем Санияз Ибрашевтің өмірінен жиналған анықтама қағаздары.

САРҒАЙҒАН СУРЕТТЕР

Ол 1911 жылы Арал ауданы Касқақұлан ауылында дүниеге келген. Осы жерде жетіжылдық білім алған. Соғысқа дейінгі жылдары Гурьевтегі (қазіргі Атырау қаласы) оқу комбинатында шаруашылық жетекшісі ретінде оқу курсына оқып, оны 1936 жылы бітіреді. Еңбек жолын балық шаруашылығы саласында бастап, біршама уақыт жұмыс істейді. Еңбек екіпіндісі ретінде Куйбышев, Астрахань қалаларында (Ресей) жолдамалармен саяхаттарда болған.

Ел енесін енді тіктеп келе жатқанда тосыннан Ұлы Отан соғысы басталып кетті. Суық хабарды естіген касқақұландықтар түгел есеңгіреп қалды. Ол кездегі ортақ Отанның аты КСРО болатын, яғни кеңестік социалистік республикалар одағы. Отанды қорғауға елдегі ер азаматтар түгел аттана бастады. Алдарында қиян-кескі шайқас күтіп тұрғанын, әрине, олар білген жоқ. Ауылдан алысқа ұзап көрмеген ел балалары нені білсін, шетінен әскерге алынып жатты.

1942 жылы Санияз Ибрашевқа Арал аудандық әскери комиссариатынан шақырту келіп, бір топ аудан азаматымен бірге майданға аттанады. Қазақстаннан алынған жауынгерлер алдымен әскери дайындықтан өтеді. Жауды бірден жапырып тастайтындай деппен аттанған жігіттерді Курск түбіндегі қиян-кескі шайқасқа алып келеді. Осылайша С.Ибрашев 1943 жылы Курск доғасындағы Әгіл шайқасқа қатысады.

От пен оқты көрген қазақ жауынгері 1944 жылы №264 атқыштар дивизиясының құрамында КСРО жерін азат ету жорықтарына қатысып жүргенінде снаряд жарқыншағынан ауыр жараланады. Сол қолына тиген жарықшақ оны госпитальдан бір-ақ шығарады. Медициналық қорытынды бойынша елге оралуына тура келеді.

Жауынгер Санияз Ибрашев ұрыс даласындағы ерлігі үшін «Ұлы Жеңіс үшін», «Ұлы Жеңістің 20, 30, 40 жылдығы», «1941-1945 жылдардағы Ұлы Отан соғысында Германия-

ны жеңгені үшін» медальдарымен, «I дәрежелі Отан соғысы» орденімен марапатталған.

Соғыстан кейінгі бейбіт уақытта да ол Арал аудандық орман шаруашылығы мекемесінде ұзақ жыл орман қорғаушы инспектор болып жұмыс істеді. Абыройсыз болған жоқ, көптеген ма-рапатқа ие болды. Төсіне



«Еңбек ардагері» медалін тағып, құрметті еңбек демалысына шықты. Сондай-ақ, «КПСС қатарында 50 жыл» төсбелгісінің иегері. Соғыс және еңбек ардагері Санияз Ибрашев 1991 жылы 80 жасында дүниеден озды.

Енді бір баяндайын дегенім мынау. Әкем сол бір қиын күндерде табысқан достарын қатарластары арасында әңгімелеп отыратын. Оның бір дәлелі – 1981 жылғы «Социалистік Қазақстан» газетінің «Қайдасыңдар, бауырлар?» айдарында майдандас досы Туашев Бөлекбайды іздеп жазған мақаласы. Баспасөзде хат жарияланыммен досының ұлы Туашев Өрікбай Бөлекбайұлы іздеу хатына рахмет айтып, әкесінің 1977 жылы соғыс зардабынан қайтыс болғанын, анасы барын, алты ағайынды (2 ұл, 4 қыз) екенін баяндап, Түркістан қаласында тұрып жатқанын, толық мекен-жайын хабарлап хат жолдаған. Сол жылы шақыру хаты бойынша жаз айында Түркістандағы майдандас



досының отбасында болып, сұхбат құрып, естелік суретке түсіп, бір жасап қалған (хаты, суреттері сақтаулы).

Екінші бір ой тастарлық дүние, сол бір соғыс жылдары түскен майдандас достарының суреті, онда көрсетілген аты-жөндері, мекен-жай атауларының сәл көмескіленуіне байланысты жаңадан таза қағазға жазылып қоны да болашақта бір хабарын алармын деген ниеттен туындаса керек. Сондықтан майдангер әкеміз ұқыптан қалдырған сарытап суреттерді білетіуіді жөн көрдім.

1-суретте: Қасымов Сәйдім – ортада (аға лейтенант. Жаңақорған ауданы).

Ибрашев Санияз – оң жақта (кіші сержант. Арал ауданы).

Кеулүмкосов Жайлау-бай – сол жақта (қатардағы жауынгер. Түркістан селосы).

Тағы бір суретте 1943 жылғы желтоқсан айында Красноярскі край госпиталінде ем алып жатқан 6 адам болып түскен. Сурет сыртында «майдандас достар» деп, олар туралы мәлімет келтірген:

1. Ибрашев Санияз – Қызылорда обл. Арал ауданы.

2. Қадірбаев Қасен – Қарағанды обл. Шет ауданы, к/з Қайрақты.

3. Тоғызбаев Ашым – Ыстықкөл. Пржевальск с/з Октябрь.

4. Бахиев Төлеген – Жамбыл обл. р/н Кировский. Табак совхоз.

5. Туашев Бөлекбай – Түркістан қаласы Колхозная көшесі 2...

6. Түркімен жігіті - ? (есімі көрсетілмеген).

Бұл есімдермен таныс ұрпақтары болып жатса, бір сәт еске алып, әңгімеге арқау етсін деген ниетпен аты-жөндерін жолдап отырмын (суреттері сақтаулы). Сұрапыл соғысты бастан өткізген әкеміз осы майдандастарын да ізде-тіргісі келді ме деген ой туады. Көзі тірісінде ойға аулап, хабарласа алмай кеткен майдандастары туралы Ұлы Жеңістің 75 жылдығына еске алып, есімдерін көрсетуі парыз санадым.

Қазыбай ИБРАШЕВ.
Қазалы қаласы.



Қазақстанның Тұңғыш Президенті-Елбасы Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаевтың «Ұлы даланың жеті қыры» атты мақаласында «Асқақ Алатаудың баурайы алма мен қызғалдақтың «тарихи отаны» екені ғылыми тұрғыдан дәлелденген. Қарапайым, бірақ бүкіл әлем үшін өзіндік мәнімаңызы зор бұл өсімдіктер осы жерде бұр жарып, жер жүзіне таралған. Қазақстан қазір де әлемдегі алма атаулының арғы атасы – Сиверс алмасының отаны саналады. Дәл осы тұқым ең көп таралған жемісті әлемге тарту етті. Бәріміз білетін алма – біздегі алманың генетикалық бір түрі. Ол Қазақстан аумағындағы Іле Алатауы баурайынан Ұлы Жібек жолының көне бағыты арқылы алғашқыда Жерорта теңізіне, кейіннен бүкіл әлемге таралған. Осы танымал жемістің терең тарихының символы ретінде еліміздің оңтүстігіндегі ең әсем қалалардың бірі Алматы деп аталды» делінген.

Әділжан ҰМБЕТ,
«Сыр бойы».

АЛМА – ТОЛАЙЫМ ТАБЫС КӨЗІ

немесе бұл кәсіпті дамытуға не кедергі?

БҰРЫНҒЫ ШАРУАШЫЛЫҚТАР ҚАЙДА КЕТТІ?

Рас, елімізде алма өсіруге ыңғайлы аймақ ретінде Алматы, Жамбыл, Түркістан облыстары секілді жер ыңғайы қолайлы өңірлер алдымен айтылады. Дегенмен, жері шөлейтті өңірге жататын Қызылорда облысында да оны өсіруге болады. Әсіресе, алма шаруашылығын облыстың оңтүстігінде орын тепкен Жанақорған, Шиелі аудандарында көбейтуге негіз бар.

Бұрын екі ауданда алма мен жүзім өсірген арнайы шаруашылықтар болғанын көпшілік әлі күнге дейін есінен шығара қойған жоқ. Жанақорғанның «Юбилейный», Шиелінің «Алмалы» ауылдарында жайқала өскен жеміс алқабына көңіл сүйсініп жататын. Оған қоса күріш шаруашылығымен айналысқан барлық елді мекенде шағын көлемде болса да осындай жасыл

желекті аумақты көзіміз шалып жататын еді. Өкініштісі, беріде соның бәрі көзімізден ғайып болды. Осылайша қолда барды ұқсатудың орнына оны құртып алған жайымыз бар.

– Алма өсіру жөнінен Аргентина, Нидерланды, Қытай және өзге де мемлекеттер үлгі көрсетіп келеді. Бізде жартылай өзімізде өндіргенмен, қалғанын сырттан алуға мәжбүр. Бұл жөнінде қазақстандық ғалымдар ілкімді ізденіс жасап жүр. Соған қарамастан әлі де көңіл көншітерлік деңгейге жете қойған жоқпыз. Мұндай жобаларды біздің облыста да жүзеге асыруға болады. Оны тың жоба деп айтудан аулақпыз. Бұрыннан келе жатқан ізі бар емес пе? Кезінде сол жеміс-жидек алқабын жайқалта өсіруге ұйытқы болған ғалымдар мен мамандар әлі де ортамызда жүр. Осындай мамандардың біліктігі мен білімін кәдемізге жаратуға тиіспіз, – деді Ы. Жақаев атындағы қазақ күріш шаруашылығы ғылыми-зерттеу инс-

титутының басшысы Бакытжан Дүйсембеков.

Жалпы, алма шаруашылығы бірден пайда алып келмейді. Оны мамандар да жиі қозғап жүр. Еккеннен кейін жемісін жеу үшін бірнеше жыл күтуге тура келеді. Алма ағашын күтіп-баптау да көп уақытты қажет етеді. Елдегі ағайындар осындай себептерді алға тартып жатады. Сондықтан бұл істі ірі шаруашылықтар жанынан қолға алуға болады.

БАҚША КӨЛЕМІ АРТЫП КЕЛЕДІ

Сыр өңірінде соңғы жылдарда су тапшылығы жиі орын алуда. Басты дақыл – күріш суды көп қажет ететінін жақсы білеміз. Су жетпеген кезде дикандар қыруар шығынға батып жататыны тағы бар. Сол себепті ауыл шаруашылығы дақылдарын әртараптандыру мәселесі әрдайым күн тәртібінен түскен емес. Осыған орай алдағы уақытта жергілікті еңбекші қауым басқа дақылдарға да көңіл бөлуі тиіс.

Бұл бағытта мемлекет тарапынан барлық қолдау жасалып отыр. Әрине, оған

қойылатын тиісті талаптар баршылық. Алма бағын отырғызу бойынша сол талаптардың сақталуына баса назар аударылады. Мәселен, аласа бойлы және жартылай аласа бойлы көшеттерін, оның ішінде кнп-баум көшеттерін пайдалана отырып егілген ағаш аурулар мен зиянкестерден таза болуы тиіс. Сондай-ақ, бір гектарға орналастырылған көшеттер саны 2000 данадан 5714 данаға дейін жеткені абзал. Осы жоба негізінде жүзеге асқан істерге арнайы субсидия қарастырылған.

– Қуанарлығы, соңғы жылдары облыста алма өсіруге ниет білдірген азаматтар қатары артып келеді. Мәселен, қазір Жалағаш ауданындағы «Құрманбай ата» шаруа қожалығы 6, Сырдария ауданындағы «Бесарық» шаруа қожалығы мен Жанақорған ауданындағы «7 KZ «Сыр табиғаты» ЖШС-не қарасты алқаптарда бес-бес гектардан алма бағы бар. Бұл шаруашылықтарда жергілікті аймаққа бейімделген «Голден Делишес» «Джонатан», «Ренет», «Семиренько» сорттары өсіріледі. Айта кетерлігі, «7 KZ «Сыр

табиғаты» ЖШС иелігіндегі 3 гектар питомникте қазір алма, өрік, шабдалы, алмұрт ағаштарының 60 мыңға жуық элиталық көшеттері өсірілуде. Серіктестік – облыста көшет өндіріп және өсірумен айналысатын бірден-бір шаруашылық, – деді облыстық ауыл шаруашылығы басқармасының бөлім басшысы Серік Сейдуалиев.

Сондай-ақ, соңғы уақытта «Жан-Арай» ЖШС Жанақорған ауданында 10 гектар алқапқа алма ағашын екті. Онда 20 мыңнан астам көшет бүгінде жайқалған жасыл

желекке айналып келеді. Осындай игілікті істі Шиелі ауданындағы «Дәулет» жеке кәсіпкерлігі де қолға алып отыр. Мұнда 10 гектардан астам алма бағы бар. Былтырға дейін облыс бойынша 325 мың гектардан астам алқапқа жеміс-жидек ағаштары мен көпжылдық екпелер отырғызылған.

ЭКСПОРТ – ҚЫРУАР ПАЙДА КӨЗІ

Бүгінде әлемде алмаға сұраныс артып келеді. Бұл – қазақстандық шаруаларға өте қолайлы. Шетелдік сарапшылар еліміздің мүмкіндігі зор екенін айтады. Республикалық мерзімдік басылым беттерінде жарияланған мына мәселеге көз жүгірте кеткеніміздің артығы болмас. Қазақстанның қасында алма тұтынатын Қытай, Ресей, Үндістан мемлекеттері және Оңтүстік-Шығыс Азия секілді үлкен нарық бар. Сондықтан елімізде алма шаруашылығын дамыта отырып, аталған жемісті экспортқа шығаруға әбден болады.

– Бұл іс сырт көзге оңай көрінуі мүмкін. Дегенмен, онда көптеген проблема бар екенін жасыра алмаймыз. Алдымен сала бойынша дайындалатын мамандар мәселесіне көңіл бөлгеніміз жөн. Елімізде бақша дақылдарымен айналысатын инфрақұрылым мен кадрлардың жетіспеушілігі аңғарылады. Сол себепті білім мен тәжірибені арттыру жолын қарастырған артық емес, – деді Бакытжан Дүйсембеков.

Бізде кейбір кәсіпкерлер алма бағынан 3-4 жылда өнім жинауға асығып жатады. Бұл – қате түсінік. Жалпы, өнімнің мол шығуы үшін тәжірибелі маманның қажет екені белгілі. Онсыз ойлаған ісінді ілгері жүргізу мүмкін емес. Қысқа уақытта бір гектардан 40-60 тонна өнім жинау ақылға сыймайды. Одан қалды, өткізетін рынок мәселесін де ескеру керек. Сондай-ақ, маркетинг, логистика бойынша да үлкен міндеттер бар. Бұл бизнесті дамытуға ниет білдірген адам осындай ұсақ-түйектің барлығын ескергені жөн.

Мамандар алма бағын отбасылық бизнес ретінде дамыту жолын да қарастырады. Өйткені, кейбір мемлекеттерде дәл осындай жолмен игілікті істі жолға қойғандар бар. Еуропада бұл жоба кеңінен таралған. Кәрікұрлықтың көптеген елдерінде жер аумағы шектеулі. Соған байланысты мұнда жеміс-жидектер шағын аумақтарда өсіріледі. Олардың жалпы аумағы 1-10 гектарға дейін созылады. Бұл әдісті бізде де жүзеге асыруға негіз бар. Нәтижесінде сырттан келетін алма өнімдерінен тәуелсіз болуға жол ашылар еді.

Аграрлық салада жеміс-жидек шаруашылығының өз орны бар. Көзін тапқанға одан көп-көрім кіріс кіргізуге болады. Бұл мәселе ұзақ жылдан бері қозғалып келеді. Алма және басқа жеміс-жидек өндірісін дамыту су тапшылығы мәселесі алға шыққан уақытта агробизнес саласындағы азаматтарға ой салса дейміз.

Елімізде балық шаруашылығымен, нақты айтсақ, балық өсірумен айналысатын арнайы орындар аз. Тіпті жоққа саналады. Кеңес заманында питомник көп болғанымен, тоқырау жылдарындағы өзгерістерге төтеп беру оңай соқпады. Ал Арал ауданында Кіші теңізді балықтандыру мақсатында екі питомник жұмыс істеп тұр. Бүгін біз 1947 жылы негізі қаланған «Қамыстыбас балық питомнигінің» Тастақ балық өсіру бөлімшесі туралы айтпақпыз. Жылына Кіші теңізге 4 млн балық жіберетін бөлімше дөңмаңдай, ақамур және тұқының санын көбейтуде.

Айдана ЖҰМАДИНОВА,
«Сыр бойы».

БӘРІ БЕКІРЕ ӨСІРУДЕН БАСТАЛҒАН...

Алғашында «Тастақ балық өсіру» станциясы аталған питомник 1947 жылдан 1987 жылға дейін Мәскеуге қараған. Сол жақтан келген ғалымдардың әуелгі мақсаты Каспий севрюгасын Арал теңізіне жерсіндіру болыпты. Севрюга дегеніміз – бекіренің бір түрі. Атыраудан ұшақпен әкелінген уылдырықты арнайы аппаратта шайқап, 1 айлық дәрежеге дейін өсіріп, дарияға жіберіп отырған.

Бірақ теңіз қайта бастағанда бекіре өсіру ісінен береке кете бастайды. Сырдария мен Өмүдарияның теңізге құюы нашарлап, судың тұщылығы кеміген соң күйі кетпей қайтпеді? Ал бекіре – ағыспен өрлеп уылдырық шашатын балық. Сондықтан станцияның алдында енді шөпкөректі балықтарды өсіру мәселесі тұрады.

Алғаш рет 1960 жылы дөңмаңдай мен ақамур балықтарының тұқымы Қытайдан ұшақпен әкелінген. Ол кезде бұл екі балық та КСРО көлемінде жоқ болған деседі. Бір қызығы, Қыыр Шығыстағы Амур өзені алабында таралған дөңмаңдай, ақамур негізінен тек бес жылдан кейін уылдырық береді. Осылайша станцияда 1965 жылы ғана одан тұқым алынған. Сол жылдан бастап бекіре өсіру толықтай тоқтатылып, тек шөпкөректі балықтарды көбейтуге бейімделе бастайды.

КСРО кезінде питомникке түрлі мекемелер тапсырыс

беріп, балық алып өсірген. Тіпті, бөлімшенің бір жылдары 30 млн-ға дейін балық өсіру жоспары болыпты. Айталық, 1973-1985 жылдары ақамур, сазан, тұқы, ақбалықтан Калинин облысына 55 млн, «Қамыстыбас» питомнигіне 53 млн, «Қызылорда прудхозына» 15 млн, «Азов рыбводь» РПАС-қа 10 млн балық жіберілген. Бұл шаруашылықтардың ішінен санамалап айтқанымыз, негізінде балық жіберілген мекемелердің саны бұдан едәуір көп.

Ал 1972 жылдан 1988 жылға дейін Арал балық өсіру заводы болған мекеме кейін «Қамыстыбас» балық өсіру питомнигінің бөлімшесі аталады.

Бүгінде бөлімшенің аумағы – 57 гектар. Тоғандардың саны 23 болғанымен, аумақтары үлкен емес. Алғашында бекіреге ыңғайлап жасалғандықтан олардың бірі жарты, енді бірі 1 гектарды ғана құрайды.

БАЛЫҚҚА БАП КЕРЕК

Аквариумда ғана болмаса, кәдімгі балық өсіріп жүрген адамды кездестірмеген сияқтымыз. Себебі, балық өсіру ісінің тігісін жатқызып, тегігін табу үшін білімнен бөлек

тәжірибе керек. Біз балық шаруашылығына 50 жыл өмірін арнаған, питомник тарихы туралы тереңнен сөз қозғаған Иманғали Дүйсенғалиевпен әңгімелесу барысында осындай ой түйілік. «Тастақ» бөлімшесінде 1969 жылдан 1986 жылға дейін гидротехник, директор, одан кейін бөлімше басшысы болған ардагер осы жерде 2018 жылға дейін қызмет атқарды. Бүгінде «балықтың жайын бір білсе, Иманғали аға біледі» деген түсінік жайдан-

тардың көбейетін мезетінде қауырт қимылдамаса, уылдырық шаша алмаған балық тіршілігін жалғастыра алмайды. Сондықтан мамыр айының 10-нан бастап бөлімшеде балықтарды қолдан ұрықтандырып, уылдырық алу үшін жұмыс басталады. Алдымен қыстан шыққан балықтардың арасынан өнім алынатын аталық, аналықтары іріктеледі. Ал қолдан ұрықтандыру үшін балықтың мишығын кептіріп, өңдеп, содан арнайы жасалған

1-2 күнде балық дернәсілі жарып шығады. Барлық дернәсілдер толық шықты деген уақытта олар 5 күнге жаңа құрылғыға тоғытылады. Бұл – балықтардың мүлде қорек қажет етпейтін уақыты. Сондықтан егер бөтен шаруашылыққа тасымалдау қажет болса, осы 5 күн ішінде межелі жерге жеткізуге болады. Осы уақыт аралығында бойындағы азықты тауысқан балықтар бекітілген норма бойынша тоғандарға орналастырылады. Бірақ мұ-

мамандар жаз айларында ғана мемлекеттік тапсырыс аясында балықтың саны, салмағы деген көрсеткіштерді орындауға мүмкіндігі бар. Тапсырыс бойынша су маржандары Кіші теңізге жіберілгеннен кейін келесі жылы уылдырық алынатын аталық, аналық балықтар су температурасы 8-9 градуста қыстық тоғанға ауыстырылады. Айта кету керек, күзде тоғанда 2,5 мыңдай балық келесі жылғы өсімді қамтамасыз ету үшін қалдырылады.

Қыстық тоғанның тереңдігі мұз астынан 1,20-1,30 метрдей болуы керек. Себебі, судың төменгі қабаты жоғарыға қарағанда +1-2 градустың шамасында болады. Ал жұмысшылар қалың мұз қатқан кезде мұзын ойып отырады. Бұл күн көзі түсіп, оттегінің суға араласып, балықтың тыныс алуы үшін қажет.

Иманғали ағамен әңгімелесу барысында балықтардың біз білмейтін өмір сүру дағдысымен таныса бастадым. Карантиндік жағдай адамдар арасында ғана емес, балықтарда да болады екен. Мамандар ауру белгісін байқаған бойда оларды «карантин тоған» деп аталатын су айдынына ауыстырады. Айтуынша, балық – өте сезімтал жаратылыс. Егер көктемде су температурасы салқындап, қалыпты күйден ауытқыса, уылдырық шашпай қояды. Сондай-ақ, тоғандағылардың дария суымен ағып келетіндермен араласып кетпеуі қардағаланады. Сондықтан құбырдың тоғанға су құяр бөлігі балық өткізбейтіндей етіп жасалған әрі бірнеше күнде тазартылып тұрады.

Көпшілік үшін бейтаныс кәсіптің басқалар түсіне қоймайтын шаруасының жайы осындай. Бүгінде, Аралдың бойына қан жүгірткен, брендіне айналған балықты сактау, санын кемітпеу аса маңызды. Цехты аралау кезінде байқағанымыз, Кіші Аралды балықтандыру сынды ауқымды жұмыс атқарып отырған бөлімше аумағын ұлғайтып, мүмкіндігін молайту әрі пайдаланылғанына 40 жылдан асқан құрылғыларды жаңалау керек екенді.



жай қалыптаспаған. Балықтың бабын білетін білікті маман зейнеткерлікке шыққан соң да тоғыз жыл бойы еңбек еткен. Ал осыдан екі жыл бұрын Иманғали аға басшылықтан шығып, мөнінде зейнеткерлікке шығуды сұрапты. Бүгінде бөлімше басшысы қызметін осы салада он жылдан аса қызмет атқарған ұлы Асылхан Дүйсенғалиев атқарауда.

Дәл қазіргі уақытта цехтағы жұмыс қызу. Балық-

дәрі егіледі. Әр балыққа егілетін дәрінің дозасы оның салмағына байланысты.

Осылайша бірнеше кезеңнен тұратын уылдырық алу процесінен кейін ол арнайы аппаратқа салынады. Сау сумен жаңарып, көне су өздігінен ағып кетуге ыңғайлы етіп жасалған құрылғыда уылдырық үздіксіз айналып тұрады. Ақамур мен дөңмаңдайдың уылдырығынан әрі кетсе 1 күнде, тұқынікінен

нымен балық суға кетті, жұмыс бітті дей алмайсыз. Он бес күн сайын оларға бақылау жасалып, өсуі, салмақ қосуы қалыпты деңгейден қалыс болмауы тексеріліп отырады. Жемді беру де осыған байланысты. Жаз бойы бақылауда болған балықтар қыркүйектің ортасында су салқындап, температурасы 14 градусқа келгенде жеммен бас тартады. Жем жемендіктен, енді олар өспейді де. Сондықтан

ZHANGIR KHAN
UNIVERSITY

Университет – дамыған инфрақұрылымы бар аймақтағы жалғыз типтік кампус: оның құрамында 8 оқу-зертханалық корпус, 4 студенттер үйі, кафе-асхана, 2 ғылыми-зерттеу институты, 1 типтік және 4 мамандандырылған спорт залдары, «Сұңқар» спорттық кешені, әскери кафедра, типография, «Парасат» мультимедиялық зертханасы, студенттік медициналық орталық, «Нива» спорттық-сауықтыру кешені, Жәңгір хан атындағы тарихи-этнографиялық мұражай, асылтұқымды қой шаруашылығы, ветеринарлық клиника, парк-гараждық аймақ, оқу-өндірістік орталық, индустриалды-технологиялық институты полигоны және т.б. бар.

Университеттің IT инфрақұрылымында интернетке шығатын корпоративтік желіге біріктірілген 950-ден астам дербес компьютерлер, ноутбуктер мен моноблоктар, сондай-ақ бейнебақылау жүйелері бар.

800 мың бірліктен асатын кітап қоры, коворкинг орталығы, электронды оқу залдары және ашық қолжетімділіктегі оқу залдары бар «Парасат» ақпараттық білім беру орталығы жұмыс жасайды.

2010 жылы Университет Ұлы Хартияға қол қойып, Болон (Магна-Charta) процесінің толыққанды мүшесі атанды.

Университет бакалавриат және магистратураның 59 білім беру бағдарламасы бойынша тәуелсіз институционалдық және мамандандырылған аккредиттеуден өтті.

Университет жоғары оқу орындарының әлемдік рейтингісінің мүшесі болып табылады (Quacquarelli Symonds Limited Агенттігі, Ұлыбритания).

Тәуелсіз Қазақстандық агенттіктің (БСҚА) мәліметтері бойынша университет Қазақстанның ең үздік техникалық жоғары оқу орындары қатарына кіреді. Рейтинг-2019 мәліметтері бойынша Қазақстанның ең үздік 20 университетінің қатарына енді.

2013 жылдың сәуір айында университет білім беру қызметін жүргізуге құқық беретін мемлекеттік аттестаттаудан өтті.

Жәңгір хан атындағы БҚАТУ жоғары кәсіби білім берудің 37 білім беру бағдарламасын (бакалавриат), 22 магистратура және 6 PhD докторантураның білім беру бағдарламаларын жүзеге асыратын аймақтағы бірден-бір және Қазақстанның аграрлық-техникалық бағыттағы көпсалалы және жетекші оқу орындарының бірі болып саналады.

Жәңгір хан атындағы БҚАТУ-дың білім беру бағдарламалары

БББ шифры және атауы	Бейіндік пән 1	Бейіндік пән 2
6B01401	Бастапқы әскери дайындық және дене шынықтыру	2 шығармашылық емтихан
6B01402	Жалпы техникалық және арнайы пәндер	2 шығармашылық емтихан
6B01403	Көркем еңбек және сызу	2 шығармашылық емтихан
6B04100	Экономика	Математика География
6B04101	Менеджмент	Математика География
6B04102	Аудит және салық салу	Математика География
6B04103	Каржы	Математика География
6B05200	Өнеркәсіптік экология	Биология География
6B06100	Ақпараттық жүйелер мен технологиялар	Математика Физика
6B07100	Химиялық инженерия және процестер	Физика Химия
6B07101	Электрмен жабдықтау	Математика Физика
6B07106	Жылу энергетика	Математика Физика
6B07102	Өндіріш салалардың машиналары мен жабдықтары	Математика Физика
6B07103	Машина жасау	Математика Физика
6B07104	Мехатроника	Математика Физика
6B07105	Автомобильдер және автомобиль шаруашылығы	Математика Физика
6B07200	Тағам өнімдерін өндіру	Биология Химия
6B07201	Қайта өңдеу өндірістерінің технологиясы	Биология Химия
6B07203	Тағам қауіпсіздігі	Биология Химия
6B07202	Мұнай- газ ісі	Математика Физика
6B07300	Құрылыс инженериясы	Математика Физика
6B07301	Құрылыс материалдарын өндіру	Математика Физика
6B07302	Жерге орналастыру	Математика География
6B07303	Кадастр	Математика География
6B07500	Стандарттау, сертифициқтау және метрология	Математика Физика
6B08100	Агрономия	Биология Химия
6B08101	Топырақтану және агрохимия	Биология Химия
6B08102	Өсімдіктерді қорғау және карантин	Биология Химия
6B08200	Мал шаруашылығы өнімдерін өндіру технологиясы	Биология Химия
6B08300	Орман ресурстары және орман шаруашылығы	Биология География
6B08301	Ландшафтық дизайн	Биология География
6B08302	Аңшылықтану және аң шаруашылығы	Биология География
6B08400	Аквакультура және су биоресурстар	Биология Химия
6B08700	Аграрлық техника және технология	Математика Физика
6B09100	Ветеринария	Биология Химия
6B11200	Өндірістігі тіршілік қауіпсіздігі	Математика Физика
6B11300	Автомобиль көлігіндегі тасымалдауды ұйымдастыру және қоғамалығы басқару	Математика География

Табиғат пайдаланушылар назарына!

(Мемлекеттік экологиялық сараптама қорытындысын беру жөнінде)

Қызылорда облысының табиғи ресурстар және табиғат пайдалануды реттеу басқармасы Қазақстан Республикасының Экологиялық кодексінің 20-бабының 3-тармағына сәйкес жобалардың экологиялық сараптамасын ұйымдастыруды және жүргізуді қоспағанда, өз қызиреті шегінде шаруашылық қызмет объектілерінің мемлекеттік экологиялық сараптамасын ұйымдастырады және жүргізеді.

Мемлекеттік экологиялық сараптама – көзделіп отырған шаруашылық және өзге де қызметтің қоршаған орта сапасының нормативтері мен экологиялық талаптарға сәйкестігін белгілеу, сондай-ақ осы қызметтің қоршаған ортаға тигізуі мүмкін қолайсыз әсерлерінің және солармен байланысты әлеуметтік зардаптардың алдын-алу мақсатында сараптама объектісін іске қосуға жол берілуін айқындау.

Экологиялық кодексінің 50-бабына сәйкес мемлекеттік экологиялық сараптама жүргізу құжаттар топтамасын ұсынған кезден бастап II санаттағы объектілер үшін отыз жұмыс күні III және IV санаттардағы объектілер үшін он бес жұмыс күні ішінде жүргізіледі.

Тіркелген күнінен бастап II, III және IV санаттардағы мемлекеттік экологиялық сараптама объектілері үшін үш жұмыс күнінен аспайтын мерзімде мемлекеттік экологиялық сараптаманы қорытындысын беретін орган құжаттарды олардың толықтығы тұрғысынан қарайды. Құжаттар топтамасы толық ұсынылмаған жағдайда, құжаттар ұсынылған тұлғаға қайтаруға жатады.

2020 жылдың 4 айында 131 шаруашылық субъектілері болып табылатын кәсіпорындар, ұйымдар, мекемелер, шағын кәсіпкерлік серік-

тестіктері және жеке кәсіпкерлер арқылы тапсырылған құжаттамаларға мемлекеттік экологиялық сараптама қорытындыларын беру мемлекеттік қызметі 100% электронды портал арқылы көрсетілді.

Қазақстан Республикасы Энергетика министрінің 2015 жылғы 16 ақпандағы №100 бұйрығымен бекітілген Мемлекеттік экологиялық сараптама жүргізу қағидаларының 9-тармағына сәйкес мемлекеттік экологиялық сараптамаға келесі материалдар ұсынылады:

1) мемлекеттік экологиялық сараптама жүргізуге өтінім;

2) қоршаған ортаға әсер ететін межеленіп отырған қызметтің жобалығы және жобалау құжаттамасы болған жағдайда мынадай құрамда:

әзірлеу деңгейі жобалау сатыларына сәйкес келетін құжат түрінде ресімделген ҚОӘБ материалдары мен бірге межеленіп отырған қызметтің жобалығы немесе жобалау құжаттамасы;

3) эміссиялар нормативтерінің жобалары болған жағдайда: эміссиялар нормативтерінің жобалары;

Қазіргі таңда, табиғат пайдаланушылар үшін «мемлекеттік экологиялық сараптаманы жүргізгеннен кейін мемлекеттік экологиялық сараптаманың қорытындысын қоршаған ортаға эміссияға рұқсатпен бірге беруге» қосымша қызмет енгізілді.

Сонымен қоса, мемлекеттік экологиялық сараптама қорытындысын беру мемлекеттік қызметі бойынша кенесеті 8(7242) 60-53-69 нөмірі арқылы алуға болады.

Жәңгір хан атындағы Батыс Қазақстан аграрлық-техникалық университеті оқуға шақырады!



Мемлекеттік инспекция №КЗ15ЛА00007594, 20 қауырық 2016 ж.

Жәңгір хан университеті – қалыптасуы, дамуы мен мүмкіндіктері! Біздің артықшылықтарымыз:

Осы заманғы еңбек нарығына бейімделген аккредиттелген білім беру бағдарламалары;

Жоғары білікті профессор-оқытушылар құрамы, сонымен қатар шетелдік ЖОО-дан оқытушылар мен ғалымдарды шақыру;

Жетім балаларға және ата-ананың қамқорлығынсыз қалған балаларға, толық емес көпбалалы отбасылардан шыққан балаларға оқуға түсу кезінде әлеуметтік жеңілдіктер (гранттар);

«Алтын белгі» төсбелгісімен марапатталғандарға, халықаралық, республикалық, аймақаралық, облыстық спорттық және творчестволық конкурстардың (фестиваль) жеңімпаздары мен жүлдегерлеріне –Жәңгір хан атындағы БҚАТУ білім беру гранттары;

Сыртқы және ішкі академиялық ұтқырлық (студенттер халықаралық академиялық ұтқырлық бойынша шетелдерде білім алады);

Қосымша білім берудің дамыған жүйесі; Ғылым мен білім беруде сандық технологияларды қолдану, сандық кампусы дамыту;

Студенттік үйлерде тұруға 100% қамтамасыз ету; Үштілді білім беру (ағылшын тілін IELTS 5.0 деңгейіне дейін оқыту);

Түрлі бағыттар бойынша 18 спорттық секциялар – спорттық және би залдарында, фитнес-залдарда шұғылдану еркіндігі;

Медиа-кітапханамен қамтамасыз етілген және шетелдік ақпараттық электронды ресурстар мен мәліметтер базасына кіру мүмкіндігі бар ақпараттық-білім беру орталығы;

Аймақтағы бірден-бір әскери кафедра; Түлектерді табысты жұмысқа орналастыру; Жарқын және қызыққа толы студенттік өмір.

Біздің мекен-жайымыз:

БҚО, Орал қаласы, Жәңгір хан көшесі 51, Бас ғимарат
Тел: 8(7112) 50-21-42, 50-24-01, 50-10-09, 87472797924
Сайт: www.wkau.kz E-mail: qabyldau.bqatu@gmail.com
https://www.facebook.com/wkau.kz
Instagram@wkau.kz



Шағын көлемді кемелер иелерінің назарына!

2020 жылғы 1 маусым-31 тамыз аралығында Қызылорда облысында орналасқан су айдындарында «Скутер» республикалық акциясы жүргізіледі. Акцияның мақсаты – шағын көлемді кемелердің қауіпсіз пайдаланылуына бақылау жүргізу және заң бұзушылықтардың алдын алу болып табылады. Сұрақтармен Қызылорда облысы бойынша көліктік бақылау инспекциясына хабарласуға болады. Мекен-жайымыз: Қызылорда қаласы, М.Әуезов көшесі 24А, телефон: 29-00-15, e-mail: ktk.kzl@mail.ru

Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің 2020 жылғы 25 қаңтардағы №8-өкімін (бұдан әрі – Заң) орындау үшін Қазақстан Республикасы Инвестициялар және даму министрінің м.а. 2015 жылғы 27 наурыздағы №353 бұйрығымен бекітілген Қазақстан Республикасында халықаралық катынаста автомобиль тасымалдарының рұқсат беру жүйесін қолдану қағидаларына (бұдан әрі – Қағидалар) Қазақстан Республикасы Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрінің 2020 жылғы 15 мамырдағы №295 бұйрығымен өзгерістер мен толықтырулар енгізілді.

Заннның талаптарына сәйкес мемлекеттік қызметтердің стандарттары мен регламенттері алынып тасталды және бірыңғай ережелерге біріктірілді. Сондай-ақ, Ережеге шетелдік рұқсаттарды беруді қатаңдату, сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін жою және коллизияны жою бойынша түзетулер енгізілді.

Ережеге енгізілген өзгерістер 2020 жылдың 11 маусымынан бастап заңды күшіне енеді. Шетел рұқсат бланкілерін алу тәртібі туралы толық ақпаратты 8(7242) 29-00-24 телефон арқылы немесе Қызылорда қ., М.Әуезов көшесі №24А, Қызылорда облысы бойынша көліктік бақылау инспекциясынан алуға болады.

«Қызылорда облысы бойынша көліктік бақылау инспекциясы» РММ.

Мұралық істің ашылғанын хабарлайды

Қызылорда қаласының жеке нотариусы Тұлеуова Айгерім Өмірәліқызы 2020 жылдың 14 қаңтарында Қызылорда аймағат Жаксылыков Қаныш Қуанышовичтің атынан мұралық істің ашылғанын хабарлайды. Мұрагерлер болса, мына мекен-жайға хабарласуын сұраймыз: Қызылорда қаласы, Амангелді көшесі 109/41 А, тел.: 8 778 001 08 88.

«Сыр бойы», «Қызылординские вести», «Ақмешіт апталығы», «Ақмешіт жастары» және ауданның барлық басылымдарына хабарландыру орналастырғыңыз келсе: 70-00-52 телефоны арқылы байланысуға болады. E-mail: smjarnama@mail.ru

Банктер дәріханаларға, медициналық орталықтарға және білім беру ұйымдарына қолма-қол ақшасыз төлемдер бойынша комиссияларды төмендетеді

Төлем карточкасы – ол Қазақстандағы ең қолжетімді қызметтердің бірі. 2020 жылдың 1-мамырына Қызылорда облысында 1232 кәсіпкер қолма-қол ақшасыз төлем қабылдайды, ал айналымдағы карта саны 1,3 миллионға жетті және 2019 жылдың сәйкес кезеңімен салыстырғанда 2,2 есеге артты.

Облыстағы төлем карточкасымен қызмет көрсету жүйесінің көрінісі мынадай: POS-терминалдар саны 2575,0 (+30,6%) бірлік, банкоматтар – 392,0 (+15,6) бірлік, банктік дүңгіршектер/төлем терминалдары – 1232,0 (өсім 2,2 есе) бірлік. Төлем жасау үшін карточкамен қабылдаған сауда нүктелері 1892,0 (2,0 есеге артты) өсті.

2020 жылдың 1-тоқсанына төлем карточкаларын пайдалана отырып жасалған қолма-қол ақшасыз төлемдер саны 10082,3 мың транзакция болды, ол 119,0 млрд тенге сомасын құрады. Қызылорда облысында жалпы карт-шоттардан қолма-қол ақшаны беру операциялары бойынша 2973,2 мың транзакция жасалды, ол 123,7 млрд тенге сомасын құрады.

Тұтынушының тауар немесе қызмет үшін карточкамен ақы төлеу құқығы заңмен кепіл берілетінін атап өтеміз. Карточканы қабылдаудан бас тарту кәсіпкерге әкімшілік жазаға әкеп соғады. Елімізде бизнестің дамуы үшін эквайрингтік комиссияны төмендету бойынша жақсы жағдайлар жасаудың шаралары қабылдануда.

Бұған дейін Қазақстан Президенті Қасым-Жомарт Тоқаев қолма-қол ақшасыз төлемдер бойынша банктік комиссияларды төмендетуді тапсырды. Бұл үшін Ұлттық Банк халықаралық Visa және Mastercard төлем жүйелері, сондай-ақ қазақстандық екінші деңгейдегі банктермен жұмыс жүргізді. Нәтижесінде, 2020 жылдың 1-мамырынан бастап медициналық орталықтардағы, дәріханалардағы және білім беру ұйымдарындағы кәсіпкерлер үшін банктік комиссиялар төмендеді. Өзгерістер көлік тұрағы орындарын, ақылы жолдарды, ауыл шаруашылығы сервистерін және жылжымайтын мүлікпен жасалатын мәмілелерді төлеу сияқты транзакциялардың түрлеріне де қатысты болды.

Мұндай өзгерістер кәсіпкерлердің банктік қызметке кететін шығыстарын төмендетуге мүмкіндік береді. Мысалы, бір карточкалық транзакциядан алынатын комиссия операция сомасының 2,3-3%-ын, ал орта есеппен – 1,5 пайызды құрайды. Банктік қызмет көрсетуге арналған шығыстардың төмендеуі коронавирус пандемиясы салдарынан төтенше жағдай кезінде әсіресе маңызды болды.

Екінші деңгейдегі 8 банк қолма-қол ақшасыз төлемдер бойынша комиссияларды төмендетті – бұл нарықтың негізгі қатысушылары, оларға жиынтығында қолма-қол ақшасыз төлемдер бойынша айналымдардың 96%-ы келеді.

	Болды:	Болады:
«ForteBank» АҚ	1,9% – 2,2%	1,1% – 1,7%
«JysanBank» АҚ	2% – 3%	1,3% – 2%
«KaspiBank» АҚ	2% – басқа банктердің карталары үшін 1,69% – жеке карталары үшін	1,6% – дәріханаларда
«АТФБанк» АҚ	3%	1,8% 2,1% – дәріханаларда
«ЦентрКредитБанк» АҚ	3%	2%
«Еуразиялық банк» АҚ	2,2%	1,3%
«Қазақстан Халық Банкі» АҚ	2,7% – басқа банктердің карталары үшін 1,9% – жеке карталары үшін	1,55% 0,7% 1,85% – дәріханаларда
«Жинакбанк» АҚ ЕБ	2,5%	1,4% – 1,5% 1,7% – 1,8% – дәріханаларда

Қолма-қол ақшасыз төлемдер бойынша банктер алған комиссиялар әдетте карточкалардың иеленушілерін көтермелеу үшін бонустар немесе кәсіпкерді төлеуге кетеді. Сондықтан барлық қатысушылардың мүдделерін ескеретін оңтайлы нұсқаны табу қажет болды.

Жүргізілген жұмыстың әлеуметтік бағыты да маңызды: енді банк комиссиялары дәріханалардың, медициналық орталықтардың және білім беру ұйымдарының иелері үшін төмен болды. Супермаркеттерде, жанар-жағар май құюда, әуе және т/ж тасымалы, қоғамдық тамақтану, почта және байланыс қызметтері саласында 1% немесе одан төмен тіркелген комиссия қолданылған.

Банк комиссиялары терминалдарды карточкамен төлеу үшін пайдаланатын кәсіпкерлерге ғана қатысты, ал сатып алушылар ешқандай комиссия төлемейді. Керісінше, тұтынушылар үшін артықшылықтар мен қосымша пайда – бонустар мен кәсіпкер, интернет-банкінге тегін қызмет көрсету, колл-орталық қызметтері және шотты жедел оқшаулау немесе төлем тарихына қол жеткізу мүмкіндігі қарастырылған.

Қолма-қол ақшасыз төлемдер нарығын дамыту «көлеңкелі экономика» көлемінің қысқаруына, ақша ағындарының ашықтығын арттыруға, қаржы нарығын дамытуға, банктер арасында бәсекелестікті күшейтуге және қаржы қызметтері сапасының өсуіне алып келеді.

Ұлттық Банк жүргізген жұмыс нәтижесінде банкаралық комиссияның сараланған ставкалары қолданылатын сауда мен қызметтердің жеңілдікті сегменттерінің жалпы үлесі төлем карточкаларын пайдалана отырып қолма-қол ақшасыз операциялардың жалпы айналымының 40%-нан астамын құрайтын болады.

«Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі» РММ Қызылорда филиалы.

Қазақстан Республикасы Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрлігі Индустриялық даму және өнеркәсіптік қауіпсіздік комитетінің Қызылорда облысы бойынша департаментінің 2020 жылдың II тоқсанына арналған жеке және заңды тұлғалар өкілдерін жеке қабылдау кестесі

Т.А.Ә	Атқаратын лауазымы	Қабылдау күні, уақыты	Мекенжайы	Байланыс телефоны
Қыстаубаев Кабылбек	Департамент басшысы	Сәрсенбі Сағ:16.00-ден 18.00-ге дейін	Қызылорда қаласы, Ы.Жақаев №5 каб. №1	8 (7242) 27-52-77
Манақбаев Ербол Байділдаұлы	Департамент басшысының орынбасары	Бейсенбі Сағ:16.00-ден 18.00-ге дейін	Қызылорда қаласы, Ы.Жақаев №5 каб. №2	8 (7242) 27-45-25

«Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы» және «Қазақстан Республикасының мемлекеттік қызметі туралы» Заңдары талаптарының бұзылуына жол бермеуі және оның алдын алу мақсатында департаментте арыз-шағым жәшігі орнатылған, сонымен қатар 8 /7242/ 26 47 17 «сенім телефоны» жұмыс жасайды.

Мекен-жайы: Қазақстан Республикасы, Қызылорда облысы, 120000, Қызылорда қаласы, Ы.Жақаев №5.

Электрондық пошта: d.kirpib.kyzyl@mail.gov.kz

Қорқыт Ата атындағы Қызылорда мемлекеттік университеті ұжымы Ғылым және технологияларды коммерцияландыру басқармасының басшысы Шынбергенов Ерлан Әлімжанұлы мен Жоғары оқу орнынан кейінгі білім бөлімінің басшысы Сиханова Нұрғұл Сағындыққызына әкелері

Әлімжан Шынбергеновтың

қайтыс болуына байланысты қайғысына ортақтасып, көңіл айтады.

Қызылорда облыстық футбол федерациясының ұжымы облыстық дене шынықтыру және спорт басқармасының басшысы, федерация исполкомының мүшесі Оспанов Жаксылық Әбдімәлікұлына жесі

Әбдімәлік Оспанұлының

қайтыс болуына байланысты қайғысына ортақтасып, көңіл айтады.



● МЕРЕЙ

Халықтың алғысына бөленіп, еңбектің шынайы бағасын алған жандардың бірі – Ажаркүл Алдажарова. Қазақ КСР Мемлекеттік сыйлығының лауреаты, III дәрежелі «Еңбек даңқы» орденінің иегері, Қазалы ауданының құрметті азаматы Ажаркүл Сейділдақызы биыл 70 жасқа толды.

Мейрамгүл ДАУЫЛБАЙҚЫЗЫ, «Сыр бойы».

Қажырлы еңбектің қайтарымы



Саналы ғұмырын еңбекке арнап, еліміздің дамуына үлес қосқан ол 1950 жылы 25 қаңтарда Қазалы ауданы, Майлыбас ауылдық Советіне қарасты Ленин колхозында дүниеге келген. 8 сыныпты бітірісімен анасына көмекші болып, шаруашылықтың сан түрлі жұмыстарына араласады. 18 жасында алғаш рет «Қаратүбек» деген жерге күріш егіп, 40 центнерден өнім алды. Мұнан соң 1976 жылы Қызылту совхозында бірінші рет инженерлік жүйеге келтірілген жерге күріш егіп, онан 70-99,6 центнерден өнім жинайды. Бұлай мол өнім алу оңай шаруа емес. Сол уақыттағы қиыншылық Ажаркүл апаның әлі есінде.

– Еңбекке ерте араластым. Ол кезде қазіргідей техника жоқ, барлық жұмысты қолмен атқарасын. Бізге қойылатын талап та бөлек болатын. Әуелгіде алдыңғы буын ағаларымыз Пернегүл Фархатова, Үрсия Егізбаева секілді күрішшілерге еріп, 20 гектардай жерге егін салдым.

Кейін жыл сайын егін көлемін көбейтіп отырдым. Таңның атысынан күннің батысына дейін атыз жағалап, су кешіп жүрдік. Қас қарайғанда үйге келіп бала-шағаммен қауышамын. Таң атпай тұрып солардың тамағын дайындап, нанымды жауып қайта кетемін. Күнделікті жұмысым осылай өрбитін, – дейді дикан.

Осындай еселі еңбегінің арқасында ол III дәрежелі «Еңбек даңқы» орденімен, Бүкілодақтық ауыл шаруашылығы көрмесінің алтын медалімен марапатталды. Облыстық Советтің депутаты болды. Қазақ ССР Мемлекеттік сыйлығының лауреаты, бірнеше жыл бойы социалистік жарыс жеңімпазы атанды.

Ол 45 жасында республикалық дәрежедегі зейнет демалысына шығады. Зейнетке шықса да, күріш егіп, қоғамдық жұмыстарға белсене араласты. «Қазалы ауданының құрметті азаматы» атағына ие болды. Бұл туған жерінің, халқының Ажаркүл апаға деген құрметі мен шынайы алғысы болатын.

Ажаркүл Алдажарова жұбайы Ержігіт Қараманов екеуі алты бала тәрбиелеп өсірді. Көпбалалы ана олардан 22 немере, 14 шөбере сүйіп отыр.

Еңбекпен шындалып, қиындыққа төзіп, бақтың тапқан Ажаркүл апаның өмірі өскелең ұрпаққа үлгі-өнеге. Ер мінезді қайсарлығы, қажырлы еңбегі мен тынымсыз ізденісі бүгінде оны парасат биігінен көрсетуде.


● Н.БЕКЕЖАНОВ – 130



Биыл есімі Сыр еліне ғана емес, дүйім елге тараған айтулы өнер иесі, әнші, ақын, композитор Нартай Бекежановтың туғанына – 130 жыл.

Қазақтың әншілік, ақындық өнерінің даңқын шығарған тума талант Шиелі ауданында дүниеге келген. Шығыс поэзиясының небір үлгілерін танды-танға ұрып жырлайтын Нартай ақын әнді он екі тілді татар сырнайына салып айтқан. Ауылда колхозшы, бірде мұрап, бірде бригадир

Жыр алыбы сыйлаған домбыра



болып жұмыс істеген ақын өлеңдерінде ізгілік пен мейірімге шақырған. 1934 жылы Алматыда өткен қазақтың үш жүзге жуық таңдаулы ақын, әнші-күйші, жыршы-жыраулары жиылған халық өнерпаздарының бірінші слетіне қатысқаннан кейін есімі шартарапқа жайылады. 1936 жылы Мәскеуде өткен қазақ әдебиеті мен өнерінің алғашқы онкүндігіне де қатысады. Осы жолы онкүндікті жыр алыбы Жамбыл ашыпты. Ал 1949 жылы Мәскеуде өткен екінші онкүндіктің шымылдығын ашу үшін Ілияс Омаровтың ұсынысымен Нартайға тоқтапты.

Жыр алыбы – Жамбыл ақынның нар тұлғалы Нартайға деген ықыласы ерекше болды. «О, Нартай, Шешен таңдай, Қасқа мандай, Аузыңнан шыққан сөзің шекер балдай» деп өзіне де, өнеріне де үлкен

құрмет білдірген. 1939 жылы Жамбыл Нартайға домбыраның жақтауына «Бекежанов» деп жаздырып, естелікке сыйға тартқан. Қос алыптың есімдерімен байланысты ұлттық аспап қазір облыстық тарихи-өлкетану музейінде сақтаулы. Қазақтың екі алыбының саусағының ізі қалған домбыраны музей қорына 1974 жылы Шиелі ауданы Бәйгекұм ауылының тұрғыны Әлайдар Ембергенов табыстапты.

Сырдың санлақ ұлына деген құрметі де ерекше. Бүгінде облыстық қазақ академиялық музыкалық драма театры Нартай Бекежановтың есімімен аталса, туған жері Нартай ауылы делінеді.

Гүлжанар ОРАЗАЛИЕВА, облыстық тарихи-өлкетану музейінің ғылыми қызметкері.

Microsoft қазақша үн қатты

Microsoft компаниясы қазақ тілінің Microsoft Translator тілдер тобына қосылғанын жариялады. Компанияның аударма тілдер тобында қазір 60-тан астам тіл қамтылған. Бұл туралы Kaz-science.kz-ке сілтеме жасап, Қазақпарат хабарлады.



Қазақ тілі енді Microsoft аударма қолданбалары, қондырмалар, Office бағдарламасы, Bing аудармашысы және бизнесер мен бағдарлама әзірлеушілерге арналған Azure Cognitive Services аударма қызметінің тілі болып жұмыс жасайды.

«Бүгін біз тілдік кедергілерді жою жөніндегі миссиямызды жалғастыра отырып Microsoft Translator тілдер тобына қазақ тілін қостық деп қуана хабарлаймыз. Qazaqsha немесе Qazaq Tili

деп танылған бұл тілдің Қазақстан, Қытайдың батысында, Моңғолияның батысында, Ресейдің оңтүстігінде және әлемнің басқа елдерінде 22 миллионға жуық сөйлеушісі бар» делінген әлемдік компанияның блогындағы жазбада.

Еске салсақ, 2014 жылдың 12 желтоқсанында WikiBilim қоғамдық қоры қазақ тілінің Google компаниясы аударма қызметіне ресми түрде қосылғанын жариялаған болатын. Бүгінде қазақ тілі – аталған аударма құралындағы 109 тілдің бірі.

Айта кетерлігі, Microsoft – Google-дан кейінгі қазақ тілін қосқан екінші әлемдік компания.

«СБ» ақпарат.



ҚАЗАНҒАП АТЫНДАҒЫ ҚЫЗЫЛОРДА МУЗЫКАЛЫҚ ЖОҒАРЫ КОЛЛЕДЖІ

ТӨМЕНДЕГІ МАМАНДЫҚТАР БОЙЫНША 2020-2021 ОҚУ ЖЫЛЫНА

9-11 СЫНЫП БІТІРГЕН ТАЛАПКЕРЛЕРДІ ҚАБЫЛДАЙДЫ

- 040401 3 Фортепиано
- 040402 3-2 Ішекті аспаптар (скрипка, виолончель, контрабас)
- 040402 3-1 Үрлемелі-ұрмалы аспаптар (флейта, гобой, кларнет, труба, фагот, тромбон, саксофон, ксилофон, барабан)
- 040403 3 Халық аспаптары (домбыра, қобыз, қыл-қобыз, бас-қобыз, баян, шертер, бас-домбыра, контрабас-қобыз, домпра-прима)
- 0405000 Хорда дирижерлік ету
- 0407000 Ән салу (классикалық, домбырамен халық әндерін орындау, эстрадалық)
- 0408000 Хореография өнері

Құжаттар 20 маусымнан 20 шілдеге дейін электронды түрде SmartNation.kz сайт арқылы қабылданады (анықтама тел.: 87473397222, 87273397222). Шығармашылық емтихандар 21-28 шілде аралығында өтеді.

Қажетті құжаттар:

1. Өтініш

2. 3x4 сурет (4 дана)

3. Медициналық анықтама 086-У (088-У бар болса)

4. Аттестат

Байланыс телефоны: 27-21-45, 8 701 327 3779.

Мекен-жайы: Қызылорда қаласы, Желтоқсан көшесі, ғимарат 10 А.

(ҚР Білім және ғылым министрінің Білім және ғылым саласындағы бақылау комитеті Қызылорда облысының Білім саласындағы бақылау департаментінен 2015 жылдың 13 мамырында №КЗ301.АА00004802 лицензиясы берілген)

«ЖЕНЫШЕНЬ – ӨМІР ҚУАТЫ» – ҒЫЛЫММЕН ДӘЛЕЛДЕНГЕН ТАБИҒАТ КЕРЕМЕТІ



«Женьшень - өмір қуаты» балзамы – (Сейкестік декларациясы ЕАЭС №181 Д-РУ АД81.В.14213, 24.07.2018 жылдан 23.07.2021 жылға дейін жарамды)

БІЗДІҢ КЛИЕНТТЕРІМІЗ БІЗ ТУРАЛЫ:

Көкқозов Сақташ 71 жаста, Түркістан обл., г Сарыағаш ауданы.



Осыдан 3 жыл бұрын Шымкент қаласында көрмеден Женьшень балзамын сатып алдым. Зайыбымыз екеуіміз ішуді бастадық. Біздің созылмалы ауруларымыз көп. Зайыбым 2005 жылдан бері жүрек қан-тамыр ауруымен ауруханада есепте тұрады. Өзімнің асқазаным көптен бері мазалайды, оған қоса созылмалы бронхитым бар. Осы балзамды ішкелі бар ауруымыздан айықтық. Бронхым тазаланып, жөтелден біржола арылдым. Зайыбымның да жағдайы жақсы. Біз осы балзамды үнемі профилактика ретінде қолданамыз. Тұмау тигенде дәрі-дәрмектің орнына ішеміз. Имунитетімізде жақсы көтеріліп, күш-қуатымыз көбейді. Өзімізді серік сезінудеміз.

Құзғамбаева Талжібек 58 жаста, Қызылорда қаласы.



Мен «Сыр бойы» газетінен Женьшень балзамы барлық ауруға ем екенін оқып, көрмеге барып сатып алдым. 6-7 айдың шамасында ішіп жатырмын. Кіші дәретім тоқтамайтын. Тізем ауырып қақсайтын. Бронхым мазалап енгігіп, жөтеліп жүре алмай қалатынмын. Түнімен ұйқы көрмейтінмін. Женьшень балзамын ішкелі бар ауруымды дұрысталды. Тіземнің қақсағаны қойды. Бронхым тазарып, жөтелден құтылдым. Ұйқым тынышталды, жағдайым жақсы. Женьшень балзамын өндірушілерге рахмет!

Шпет Валерий Владимирович 71 жаста, Орал қаласы.



Орал қаласындағы көрмеден Женьшень балзамын сатып алдым. Менің бауырым, асқазаным ауыратын. Тәбетім болмай дұрыс тамақ іше алмайтынмын. Жылдар бойы диета ұстап келдім. Түнгі ұйқым қашып, мазам кететін. Балзамның бір курсын ішкеннен кейін жағдайым жақсарып, асқазаным ауырғаны басылды. Тәбетім ашылып, қазір тамақ талғамай іше беремін. Түнгі ұйқым тынышталып, бойымда күш-қуат пайда болды. Қазіргі уақытта менімен қосылып зайыбым да Женьшень балзамын ішуді бастады.

«Женьшень» балзамы, «Саған Дали» капсуласының қасиеті туралы СІЗ МЫНА КҮНІ ӨТКІЗІЛЕТІН САТЫЛЫМ КЕЗІНДЕ БІЛЕ АЛАСЫЗ: Қызылорда қаласында 16 маусым күні сағат 10.00-11.00 аралығында Ә.Тәжібаев атындағы кітапханада. Абай даңғылы, 53 Д, 1-қабат, конференц зал.

Мына телефондар арқылы маманнан кеңес алып, тапсырыс беруге болады: 8 702 911 55 55, 8 777 114 13 20, 8 727 327 88 02

Бір курсқа балзамның 8 қорабын қабылдау ұсынылады.

Бір қораптың бағасы – 4000 теңге.

3 қорапша алсаңыз, 4-ші қорапша ТЕГІН.

БАЛЬЗАМДЫ ПАЙДАЛАНУҒА ҰСЫНЫЛЫМ:

Қолдану әдісі: күніне 3 рет тамақтанудан 30 минут бұрын 1 шай қасық бальзамды аузыңызда 30-40 секунд ұстап тұрып, содан кейін жұтасыз.

- Жүрек-қан тамыры жүйесі жұмысының бұзылуы (жүрек әлсіздігі, жүректің ревматикалық ауруы, атеросклероз, вегетотамырлы дистония, тахикардия және т.б.).
- Жүйке жүйесі ауруларында;
- Гипертония мен гипотония кезінде қан қысымын реттеу;
- Ревматизм, артрит, артроз, буын аурулары, остеохондроз, подагра кезінде;
- Имунитетті көтеру және ағзаның жалпы жағдайын жақсарту;
- Түрлі инфекциялық, бактериялық және вирустық ауруларда;
- Тыныс алу жолдарының инфекциялық және қабынуында;
- Ас қорыту жүйесі ауруларында (ас қорытудың бұзылуы, гастрит, он екі елі ішек және асқазан жарасы);
- Бауыр ауруларында;
- Бүйрек және несеп шығару жолдарының ауруларында;
- Өт жолдарының дискинезиясы, өтте тас жиналу кезінде;
- Простатит, простата аденомасы кезінде;
- Терінің инфекциялық-аллергиялық ауруларында;
- Қант диабетінде;
- Қан тамырының ауытқуларына болған көз ауруларында;
- Ісік кезіндегі өзгерістерде;